**«Т.Г.Шевченко атындағы №13 орта мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға анықтама**

**Қыркүйек айы**

**01.09.2024 ж**

1 Қыркүйек- білім күні құтты болсын! Ата-аналардың мерекелік құттықтауларын қабыл алыңыздар! 1 Қыркүйек- білім күні құтты болсын! Бүгін ата-ана үшін, ұстаз үшін, балалар үшін, жалпы халық үшін қуанышты күн. Әсіресе, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндеріміздің жарқын мерекесі. 1қыркүйек — Білім күні мерекесіне орай 2024-2025 оқу жылына арналған .«Мектебім-мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтілді.Мерекелік шараға Арал ауданы әкімінің орынбасары Б.Жұмағұлов, Арал ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы Д.Досов, мектеп жанындағы «Қамқоршылық кеңес» төрағасы Ж.Жұқабаев, мектептің ардагер-ұстазы А.Әбжәлиев қатысты. Салтанатты жиынды мектеп директоры А.Сауяев ашып, бүгінгі білім күнінің маңыздылығына тоқтала келе, қатысушыларды мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Жиынға қатысқан қонақтар білім алушыларға, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге алдағы уақытта жақсы білім мен өнеге алып, еліміздің үлгілі азаматтары болып қалыптасуына тілектестігін білдіріп, ұстаздар қауымына шығармашылық табыс тіледі. Білім — игілік пен бірлік, байлық пен дәулеттің негізгі көзі. Әділетті Қазақстанның адал азаматы терең біліммен қаруланып, туған жерінің айбыны, мектептің мақтаны болуға міндетті.Жаңа оқу жылының салтанатты шарасындағы құттықтаулардан кейін жарқын болашақтың кішкентай бүлдіршіндері жалықпай білім іздейтіндіктерін білдіріп, ән салып, жыр жолдары арналды. Білім мен тәрбие – ұстаздардың ең негізгі өзегі десек, осы құндылықтар жолында аянбай тер төгіп, жұмыла жүк көтеру басты міндетіміз. Педагог мойнында ел ертеңі, бала болашағы деген зор жауапкершілік бар. Осы жауапкершілікті терең сезіне отырып, жаңа оқу жылы жаңашыл бағыт, жарқын қадамдармен басталып, жоғары жетістіктермен жалғассын!
:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1868082683700122&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=MtHWNyK3zu






Полиция және балалар. Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасын арттыру үшін қауіпсіздік қағидаларының негіздері бойынша балалар бояулары әзірленді. Осыған сәйкес, бірінші сынып оқушыларына қауіпсіздіктің негізгі ережелерін үйрету мақсатында «Полиция және балалар» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балалар түрлі-түсті бояулармен жолда жүру ережелерінің суреттерін салды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1868324613675929&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=tRGyD5zKd0sdXETJ

**Видео**

**02.09.2024 ж**

Саптық жиын.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Білім алушыларға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылды.
Аптаның дәйексөзі: «Білім қымбат қазына, қанағат тұтпа азқына» (М.Әлімбаев)
https://www.facebook.com/share/p/L7U8GoKrNxwqNTQo/





Менің отаным-Қазақстан.Бүгін білім алушылардың Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында барлық сыныптарда «Менің отаным-Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1869149720260085&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=XFz97wCecoqdPbBu






**05.09.2024 ж**

5 қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесі мен А. Байтұрсыновтың туған күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі "Сөз өнері" үйірмесінің жетекшісі А. Кемалова мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен танымдық сабақ өткізілді. Шара барысында білім алушыларға тілдер күнінің маңызы мен А.Байтұрсыновтың өмірі, шығармашылығы, тіл біліміндегі орны, оның қазақ тілін зерттеудегі еңбегі және ұлттық жазу мен орфографияның дамуына қосқан үлесі талқыланды. Білім алушылар тіл жанашырының еңбектерінен алған әсерлерімен бөлісті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1872024469972610&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=1KPe3nLolD1aD3DV




**06.09.2024 ж**

Мектебімізде «Жігер» дебат клубының жетекшісі Л.Нұрбаеваның ұйымдастыруымен 10-сынып білім алушылары арасында «Жасанды интелект және сандық этика» атты дебат өткізілді.Қатысушылар ойын барысында уақытты ұтымды пайдалана отырып, өз позицияларын қорғай алды. Ойын өте тартысты да, қызықты өтті. Ойын барысында қатысушылар өздерінің ұшқыр ойларымен және тапқырлық, шешендік қасиеттерімен ойынды өте жоғары деңгейде көрсете алды."Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді", - деп Ғабит Мүсірепов айтпақшы, тілдің ұлт болашағы алдындағы киесі жоғары. Туған тілін қастерлеу, құрмет тұту - әрбір пенде баласының басты борышы.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1872048033303587&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=80eK2usj9H4PztvP




5 - қыркүйек Тілдер күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі "Сөз додасы" үйірмесінің жетекшісі А.Сердалиева ұжым мүшелері мен білімалушылар арасында сұрақ-жауап жүргізіп, тіліміздегі қолданыста көп кездесе бермейтін сөздердің мағынасын анықтады.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1872107419964315&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=McsJHwHAwz6Ovjx5

**Видео**

«Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында ата-аналар комитеті мүшелерімен жалпы жиналыс өтілді.Күн тәртібінде: А.Сауяев - мектеп директоры: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша түсіндірме жұмысы. Б.Қалыбеков - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Мектепішілік есепке алу негіздемелері» Ж. Қосымбаева - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Мектептің ішкі тәртіп ережелері» Ә.Жұбанова - мектеп психологы «Ата-ананы педагогикалық қолдау». Отбасылық дәстүрлер. Ата-ана комитетінің жаңа құрамын сайлау. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыс соңында ата-аналар өз пікірлерін ортаға салып, ойларымен бөлісті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1872578683250522&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=NV9K7uXGuahoQ6Cs






**«09.09.2024 ж**

Саптық жиын**.**Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Қыркүйек айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс!». Білім алушылар аптада жүргізілетін жұмыстармен таныстырылды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1874336109741446&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=o5kKgKxzdIrytD7z







**10.09.2024 ж**

Құқық бұзушылықтың алдын алу**.** Т.Г.Шевченко атындағы №13 орта мектебінде 10 қыркүйекте құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 8 -11 сынып білім алушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау» тақырыбында құқық қорғау органдары қызметкерлері, ата-аналар комитеті өкілдері қатысқан мазмұнды кездесу жиыны өтілді. Кездесуде Арал ауданы прокурорының орынбасары Р.Нұрлыбаев күн тәртібіндегі кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен топтық жүрістің алдын алу бойынша кеңінен түсіндірме жасалды.Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аймақтық полиция инспекторы Б.Ерекеев білім алушыларға буллинг, кибербуллинг, нашақорлықтың алдын алуға байланысты сақтық шаралары туралы өңірде болып жатқан келеңсіздіктерді мысалға келтіре отырып, баяндалды. Ата-аналар кеңесінің төрағасы Л.Исаева білім алушыларды жат әдеттерден аулақ болып, бар ынтаны оқуға, жақсыны үйренуге жұмсау керектігіне тоқталды. Мектеп директоры А.Сауяев мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасы, оқушылардың білім деңгейі мен тәртібіне байланысты алдағы уақытта атқарылатын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүйелі жұмыстар туралы айтып, кездесуді қорытындылады.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1875299792978411&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=scFWur0Iqqa4TWnz




**11.09.2024 ж**

Сынып жетекшілер бірлестігі отырысы Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы болып өтті.Әдістемелік отырыстың күн тәртібінде: Сынып жетекшілердің ата-аналармен қарым-қатынас әдістемесі;Сынып жетекшілердің жұмыстарын үйлестіру.Тәрбие орынбасарлары жүргізілетін жұмыстарға тоқталып, сынып жетекші мен ата-ана арасындағы байланысты жандандыру керектігіне тоқталды. Әдістемелік отырысқа қатысқан мектеп ата-аналар кеңесінің төрайымы Л.Исаева бірлескен жұмыста жауапкершілік танытып, абыройлы болуға шақырып, сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1875677492940641&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=uwoQO00MqGtSlOiV





Өнегелі 15 минут. Қыркүйек айының 2-аптасының дәйек сөзі: «Жанұям - қорғаным, ата-анам тірегім» «Өнегелі 15 минут» айдары. Сынып жетекшісі: Э.Альмаханова
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1876036736238050&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=IUlu4CFQK8UaAaDY





**12.09.2024 ж**

Мектебімізде 12 қыркүйек күні мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист Сұлтанбек Қожанұлы Қожановтың 130 жылдығына орай "Ұлтын сүйген ұлы тұлға" атты танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты: Сұлтанбек Қожановтың өмірі мен шығармашылығы, еңбек жолын оқырмандарға таныстыру. Туған өлкеміздің өркендеуіне үлес қосқан тұлғалардың өнегелі істері насихатталды. Шарада аудандық орталық Абай кітапханасының кітапханашысы Ж.Төлегенова "Ғибратты ғұмыр" тақырыбында дайындаған көрмемен таныстырылды. Білім алушылар көптеген мәліметтермен танысып, алғыстарын жеткізді.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1877148499460207&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=dAR2Rwz3TN14I07y





**13.09.2024 ж**

«Отбасы-бақыт мекені» апталығы аясында «Әкем,анам және мен» отбасылық эстафеталық спорт сайысы өтілді. Сайысқа Есмұрзаевтардың «Жалын», Әлімбаевтардың «Қыран», Суханберлиевтардың «Болашақ», Нұрғалиевтардың «Барыс», Есеновтардың «Барыс» командалары қатысып, жоғары деңгейде ойын өрнегін көрсетті. Командаларға мектеп директорының Дипломы мен сыйлықтар табысталды.

https://www.facebook.com/100014952254603/posts/1877697399405317/?mibextid=oFDknk&rdid=W7KEYxq8WEmfTj8e

 

"Отбасылық құндылықтар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар" 2024 жыл 13 қыркүйек күні "Отбасы күні" аясында "Біз өнерлі отбасымыз" тақырыбында 6-сыныптар ата-аналары арасында отбасылық сайыс өткізілді.Сайыс барысында ата-аналар отбасы құндылықтарына, салт-дәстүрдің ерекшелігіне тоқтала отырып, маңыздылығы атап өтілдіі.Сайыс қорытындысымен:
6"А" сыныбы- Өміршеевтер отбасы - "Өнегелі отбасы" номинациясымен;
6"Ә" сыныбы - Мыңжасаровтар отбасы - "Шебер отбасы" номинациясымен;
6"Б" сыныбы - Ильясовтар отбасы- "Өнерлі отбасы" номинациясымен;
6 "В" сыныбы - Әлиевтер отбасы - "Білімді отбасы" номинациясымен марапатталды.
Ұлттық құндылықтарымызды халық өнегесімен ұштастыра отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында отбасының маңызы зор. Әрбір шаңыраққа шаттық ұялай берсін!
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1877947612713629&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=ooshOyB5gbCUcxVK

 

Отбасы күні .Отбасы күніне орай "Отбасым - бақыт мекенім" тақырыбында 10"А" сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Отбасы тәрбиесінің мән - маңызын ашып көрсете отырып, бірін-бірі құрметтеуге, сыйластыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1878020076039716&id=100014952254603&mibextid=oFDknk%D0%A1&rdid=m5m6i92xfRDJZNKd

**Видео**

6 - сынып оқушылары арасында "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында, жоспарға сәйкес "Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі!" атты челлендж ұйымдастырылды.Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым – қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен бірлікке тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1877945792713811&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=GUEWz17P6q4W9ycn

**Видео**

Қыз балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру мақсатында «Қыз бала – отбасының шырайы» тақырыбында 8-9 сынып қыз балаларымен өзара кеңес өткізілді.Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасына қойылатын талаптар, мектепішілік есепке алу негіздемелері бойынша түсіндірме жұмысын жүргізілді. Мектеп психологы А.Жұбанова жасөспірім кезіндегі қыз балалардың мінез-құлығындағы өзгерістерге тоқталып, ақыл – кеңестерімен бөлісті.Қыздар кеңесіне қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1877987976042926&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=j75U2nXUGC37vkPz

  

"Жас ұлан" ұйымының мүшесі 6 сынып білім алушысы Кенесары Томирис«Азамат» ер балалар клубының жетекшісі А.Әбдісадықовтың ұйымдастыруымен жиналыс өтілді. Жиналысқа тәрбие мамандары, сынып жетекшілер мен 8-9 сыныптың ер балалары қатысты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Қосымбаева білімалушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелері, мектеп формасы, мектепішілік есепке алу негіздемелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, беймезгіл уақытта көшеде жүру, скутер айдау, вейп, лудомания сияқты жат қылықтардан бойды аулақ ұстау керектігі баса айтылды. Білім алушылар түсіндірме жұмыстарының қауіпсіздіктің алдын алу екендігін түсінгендіктерін айтып, ойларымен бөлісті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1877752089399848&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=yMtZOWFuL1qmyv6u

  

**16.09.2024 ж**
Саптық жиын. Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қыркүйек айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс!». Білім алушылар аптада жүргізілетін жұмыстармен таныстырылды.
https://www.facebook.com/share/p/zHpHizv9MjR722uQ/?mibextid=oFDknk

  

**17.09.2024 ж**
Мектеп асханасына тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу . Мектеп асханасына тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу, қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптардың орындалуы, мектеп асханасында азық-түліктерді уақытылы пайдалану, олардың сақталу мерзімі, перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің, дайындалған астардың сәйкестігін тексеру, балалардың қол жуатын орындары, астарды тоңазытқыштарда, қоймаларда сақтау, ас әзірлейтін блоктың санитарлық жай-күйі, келіп түскен тамақ өнімдерінің сапасын, дайын тағамның сапасын бақылау мақсатында кезекті тексеру жүргізілді.
https://www.facebook.com/share/p/9ghNC71dJbdo9CwD/?mibextid=oFDknk

  

Дұрыс тамақтану.Барлық сыныптарда білім алушыларға «Қалай дұрыс тамақтану керек?», «Тамақтан уланудың алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп аяжаны М. Ермағамбетова дұрыс тамақтану, тазалықты сақтау жолдары туралы кеңінен түсіндіріп берді.
https://www.facebook.com/share/p/B5Hc7FqnJaQBTVS2/?mibextid=oFDknk





Аналар күні .1-4 сыныптарда «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» тақырыбында сынып сағаттары болып өтті. Балалар аналарына деген сүйіспеншіліктерін жыр жолдарымен жеткізілді.
3«Б» сынып жетекшісі: К. Алжанова.4«Ә» сынып жетекшісі: Н. Алдоңғарова.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1881374742370916&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=2dF6F6Y3dgZcIMqk

**Видео**

Темір жол қауіпсіздігі. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты және темір жол бойында орын алатын келеңсіз төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында Арал теңізі ст.ЖПБ-ның полиция аға сержанты Н.Иманбаев түсіндірме жұмыст
арын жүргізілді.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1881376055704118&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=hG1bzXv5Vt0qEHvi




**18.09.2024 ж**
18 қыркүйекте «Бала қауіпсіздігі - басты назарда» атты жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты мектеп директоры А. Сауяев ашып, бала тәрбиесі отбасынан басталатынын, мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың орны ерекше екеніне тоқталды. Күн тәртібінде: «Балалар буллинг, кибербуллингтің құрбаны болғанда не істеу керек?» тақырыбында мектеп психологы Г.Әлжанова ата-аналарды буллинг, кибербуллингтің алдын алу шараларына тоқталып, балаларға қауіп төндіретін жат нәрселерден аулақ болуға, сақ жүруге үйретуге шақырды.Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен мектеп формасын қатаң сақтау туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Қосымбаева түсіндірме жасады.Мектепішілік есепке алу негіздемелері туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова сөз алып, мәселенің маңызына тоқталды. Ата-аналар кеңесінің төрайымы Л.Исаева ата-аналарды бала тәрбиесіне бей-жай қарауға болмайтынын, әр балаға ерекше көңіл бөлу керектігіне шақырды. Өздерін толғандырып жүрген ойларын ортаға салған ата-аналар қауымы мектеппен үнемі байланыста болатындарын жеткізді.
https://www.facebook.com/share/p/SxBYfU4frQWbyJqh/?mibextid=oFDknk




Анам үйреткен.Ананың алақаны - балаға айдынды қоныс.Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ананың бала тәрбиесіндегі ықпалын арттыру мақсатында мектебімізде Аналар күніне орай 5«Б» сынып оқушысы  Оңталапқызы Айзеренің видео челленджі.
https://www.facebook.com/share/v/uLpEPfYrQ1aGYC7g/?mibextid=WC7FNe

**Видео**

**19.09.2024 ж**

"Буллингтен қорған!" "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспарына сәйкес "Буллингтен қорған!" тақырыбында мектеп психологы  Ә.Жұбанова  7-сынып білім алушыларына түсіндірме жұмысын жүргізді.Мақсаты: Оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлерін ажырату, сондай-ақ буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру жолдарын үйрету.
https://www.facebook.com/share/p/sswxmSHxnPsPCmsT/?mibextid=WC7FNe




Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасымен «Айтыс – бабалар мұрасы» тақырыбында музыка пәні мұғалімі, «Домбыра дастан» үйірмесінің жетекшісі М.Бимағанбетованың ұйымдастыруымен танымдық сағат өткізілді. Ауыз әдебиетінің озық үлгісі айтыс өнері туралы жан-жақты ақпараттар беріліп, білім алушылар халқымыздың мәдени дәстүрімен танысты.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1883808505460873&id=100014952254603&mibextid=WC7FNe&rdid=oWImPFv5AT8QngMO




**20.09.2024 ж**

10”А”сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен ”Ананың жүрегі-өмірдің мәңгілік шамшырағы” тақырыбында тәрбие сағаты өтті.Тәрбие сағатының мақсаты:Оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.Тәрбие сағатының барысында оқушылар топқа бөлініп, аналарына хат жазып, ана туралы өлеңдер шығарды және қызықты жағдаяттық сұрақтарға жауап берді.Білім алушылар шын жүректен өлең арқылы өздерінің аналарына деген құрметтерін, сағыныштарын білдірді. Ана туралы нақыл сөздер мен мақал- мәтелдер айтудан жарысты. Оқушылар "Ананың алақаны - балаға айдынды қоныс" екендігін тағы бір дәлелдеп шыққандай болды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1884058138769243&id=100014952254603&mibextid=WC7FNe&rdid=nvAJYelewUxvOrh



**23.09.2024 ж**

Саптық жиын.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қыркүйек айының төртінші аптасының дәйексөзі: «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы!». Білім алушылар аптада жүргізілетін жұмыстармен таныстырылды.
https://www.facebook.com/share/p/hDHq31uks4UjM1Qc/?mibextid=WC7FNe




4«А»сынып жетекшісі А.Шаненованың ұйымдастыруымен «Мен мамандықтар әлеміндемін» тақырыбында танымдық сағаты өткізілді.Мақсаты: Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы, түсінік бере отырып,өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау.Мамандық таңдауға бағыт -бағдар беру ерте жастан беріледі. Шара барысында «Саққұлақ» «Монстерберг» әдістері қолданылып, онлайн ұяшықтарWordwall жасанды интелект арқылы сұрақтар қойылып , оқушылар қызығушылығы артты. Кері байланыс ұлттық тәрбиеге байланысты «Керуен» әдісі арқылы қорытыланды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1886264575215266&id=100014952254603&mibextid=WC7FNe&rdid=umNNpPqQpgd7aFLp



Мамандық таңдауда жауапкершілік қалыптастыру мақсатында 3«Б» сынып жетекшісі К.Әлжанова «Еңбегі адал - жас ұлан» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастырды. Шара барысында білім алушылар мамандық туралы өлең шумақтарын оқып, мамандық таңдау туралы өз ойларымен бөлісті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1886272568547800&id=100014952254603&mibextid=WC7FNe&rdid=Oiqasiwyfv5bySqf




**24.09.2024 ж**

Тәрбие сағаты. 4«Ә» сыныбы (Сынып жетекшісі: Н.Алдоңғарова) Тақырыбы: «Еңбек түбі - береке»
Мақсаты: Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту.
Адал еңбекті бағалау.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1111337893763111/?rdid=9pVEozDKYGzhQjFJ

**Видео**

Тыйым салынған заттар.Бүгін мектебіміздің 7-11 сынып білім алушыларына Арал АПб-і УҰИ-ның бастығы Рзақұл Бержан Торғайұлы мен Арал Арал АПб-і КЖТ-і аға инспекторы Сермағамбетова Алма Амангелдіқызы атыс, пышақтау-кесу қаруын, оқ дәрілерді, жарылғыш, тез тұтанатын, химиялық және улы заттарды, оның ішінде газ баллондарын алып жүру, буллинг, кибербуллингтің алдын алу, ұсақ бұзақылықтарға жол бермеу және құқық бұзушылық жасағаны үшін көзделген жауапкершіліктері туралы жиын өткізіліп, профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1887386631769727&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=4qACaIuOkzggnr9Z

   

Бүгін Арал аудандық санитариялық-эпидемеологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы О.Мошанов ата-аналарға «Адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациялау және обыр ауруының алдын алу» жөнінде профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиналысқа тәрбие орынбасары, мектеп психологы, емхана дәрігерлері, сынып жетекшілер, ата-аналар қатысып, пікірлерімен бөлісті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1887583631750027&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=FsHmHMtiywGiFt76

 

**25.09.2024 ж**
Қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің өмір жолы мен шығармашылығын, ғылыми еңбектерін, атқарған жұмыстарын оқушыларға насихаттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері 5-8 сынып білім алушыларына "Ұлтын ардақтаған ұлтжанды тұлға" тақырыбында диктант жаздырды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1888333555008368&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=jajHHzvg0KGkuQDm&share_url=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fshare%2Fp%2FtJwWp4JekdWg66Ny%2F%3Fmibextid%3DoFDknk



9 -11 сынып білім алушыларынан қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің өмір жолы мен шығармаларын, ғылыми еңбектерін зерттеу мақсатында «Т. Жүргенов - қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында шығарма алынды. Білім алушылар шығарманың кіріспе бөлімінде ұшқыр ойлы, қаламы қарымды публицист Т. Жүргеновтің өмірі мен шығармашылық жолы туралы сөз етсе, негізгі бөлімінде шығармашылық жолындағы артына қалдырған еңбектерінің маңызы туралы айтқан. Қорытынды бөлімінде ел құрметіне бөленген қоғам қайраткерінің өмір жолын өз өмір жолдарында үлгі тұтатынын баяндаған.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02f6ruw75Efk5kgjJcfw9DU2okPVQsWMDDHULeKewZYEciCaidwWepEZ7QjoYxvFoul?rdid=Bp51ezDdFW7s1VFM

  

**26.09.2024 ж**
Сыр лигасы.«Тарихи орындар» мобилография сайысы.Қызылорда облысының білім басқармасының Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы мектеп оқушылары арасында шығармашылық және спорттық бағытындағы «Сыр лигасы» облыстық сайысының мектепішілік кезеңі бойынша 8-11 сыныптар арасында мобилография сайысына қатысушы 10 сынып оқушысы Шоқашев Темірланның шығармашылық жұмысы.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1168621330868071/?rdid=5eivhb7ryRgAzpp3

**Видео**

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновке арналған «Халқының дара тұлғасы» атты ақындар мүшәйрасы болып өтті.Мүшәйра мақсаты -өлеңдердегі тақырыптың толық ашылуына, шығарманың мағынасына, өлең жолдарының өзара ұйқасына, ішкі құрылымына және өлеңнің өз дәрежесінде оқылуына, оқылым кезіндегі дауыс мәнеріне мән берілді.Жыр оқу қорытындысы бойынша 8-сынып оқушылары Сабыров Нұрсұлтан мен Маулем Жұлдыз үздік деп танылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid032LXte2caf7Vjh2jiUC11rgvj8dS3fEfmFSqVGha6cPtfgZKfED3DdK8Jh7j3jxtvl?rdid=2nWxvgp2IpeSIfNW

  

Сыр лигасы сайысы.Жайдарман-2024. Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» мектеп оқушылары арасында шығармашылық және спорттық бағытындағы «Сыр лигасы» облыстық сайысының мектепішілік кезеңі бойынша 7-9 сыныптар арасында көңілді жайдарман сайысы болып өтті.Сайысқа: «Шаршамаңдар», «F4», «Жұрттың балдары», «АБУ», «Жұрттың балдары», «Сөз жоқ» командалары қатысып, 9«Б» сыныбынан құралған «F4» командасы үздік деп танылып, аудандық кезеңге жолдама алды.Қатысқан командалар мектеп директорының Дипломымен марапатталды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0RgjwnnmP9LcxQNV3u7SvuupRUxWEncsj39rfFFjKXo5B1gQnArbjgfuj8gQyNPU5l?rdid=CwgaojDj8UWB5O19



**27.09.2024 ж**
Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновке арналған апталық аясында «Т.Жүргенов салған сара жол» тақырыбында 9«А», 10«А» сынып білім алушыларымен әдеби-танымдық кеш өткізілді. Шарада Т.Жүргеновтің өмір жолы мен жеткен жетістіктері туралы айтылып, білім алушылар қоғам қайраткерінің ғылыми еңбектері мен қазақ тілі мен өнеріне қосқан елеулі еңбектері жайлы айтып берді. «Темірбек Нарком» документалді фильмінен Т. Жүргеновтің жас кезіндегі алғырлығы, өжеттігі мен жас шағындағы елге жасаған қызметтерін суреттейтін сюжеттер көрсетілді.Қазіргі ұрпақ Темірбек

Жүргеновтің ерен еңбегінің алдында әрдайым қарыздар. Оның есімі қазақ мәдениетінің тарихында мәңгі жазылады.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1890500934791630&id=100014952254603&rdid=BL6XlbNW3Lc7gNvt




«Сыр лигасы» сайысы. «Жігіттер сұлтаны -2024» .Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» мектеп оқушылары арасында шығармашылық және спорттық бағыттағы «Сыр лигасы» облыстық сайысының мектепішілік кезеңі бойынша 8-10 сыныптар арасында.«Жігіттер сұлтаны -2024» сайысы болып өтті.Сайысқа: «Жалын», «Жас серілер», «Алаш ұрпағы», «Қырандар», «Жас Арал», «Алаш», «Жалын», «Мықтылар», командалары қатысып, мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды. Үздік шыққан 10«А» сыныбының «Жалын» командасы аудандық кезеңге жолдама алды. Құттықтаймыз!
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1890564361451954&id=100014952254603&rdid=85giCL11rDVhZ2F9




Мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында отбасымен кітап оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Бір отбасы-бір кітап» акциясы аясында Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай оқырмандар конференциясы өтті. Акцияға Бәйімбетовтер отбасы, Нұрсейітовтер отбасы және Бейсенбаевтар отбасы қатысып, мектеп директоры А. Сауяевтың Алғыс хатымен марапатталды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1890522528122804&id=100014952254603&mibextid=WC7FNe&rdid=4hKKNnpMdF5I9D9G

**Видео**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы 13 қыркүйектегі №787 қбп қаулысымен бекітілген «Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына» сәйкес «Зайырлы мемлекет құндылықтары» тақырыбында білім алушыларға Қызылорда облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының аға маманы, теолог Б. Сарсенбайұлы мен Арал ауданының қоғамдық даму бөлімінің маманы Ә. Омаровтар түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02YGky7SVGWYgfsavAXoTShg5HtURnCqskqWpQn9CAAQkfAqagb15jgtth24BBFTCGl?rdid=TBHaHLr3HHdHQBVL

  

**30.09.2024 ж**

2024 жылдың 30 қыркүйек күні қоғам қайраткері, қазақ руханиятының дамуына зор үлес қосқан бірегей тұлға, Сыр елінің тумасы Темірбек Қараұлы Жүргеновке арналған онкүндік аясында мектеп кітапханасында «Ұлтын ардақтаған ұлтжанды тұлға» атты көрме ұйымдастырылды.Көрмені 7 сынып білім алушыларына мектеп кітапханашысы К.Успанова таныстырды.Көрмеге:Т.Жүргеновтың «Ұлтын сүйген асыл ер» құрастырушы С.Аңсат; «Темірбек Жүргенов шығармалары» авторы Б.Иманғалиев;«Қазақ халқының тарихи тұлғалары» құрастырушы Ә.Көпішев кітаптары қойылды.Т.Жүргеновтың өмірбаяны мен шығармалары білім алушыларға толығымен таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1739299836897900/?rdid=HWjKE860dIXy3Z1y

**Видео**

**Қазан айы**

**01.10.2024 ж**

Саптық жиын.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қазан айының құндылығы: «Тәуелсіздік пен отаншылдық». Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын,Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»
Мектеп директоры А. Сауяев өткен аптада мектепішілік сайыстарда жетістікке жеткен білім алушылар мен "Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам" инновациялық идеялардың республикалық байқауының облыстық кезеңінде жүлделі І орынды иеленген 9 сынып оқушысы Н.Таңатованы марапаттап, республикалық кезеңде де жеңіске жетуіне тілектестігін білдірді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0Z6vNxoawWftsu2Lg3EZuNNajuwEFCTUm7wRMza2nmC5MZuBLXCQqY9NHuxchhYGQl?rdid=p9HFP1rOzpnk0JOc

   

«Қарттарын қадірлеген ел ардақты».Қарт кісіні құт – береке деп танысақ, ол - ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген қарттар әр кезде де бақытты.1 қазан - Қарттар күні мерекесіне арнап «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты кеш болып өтті. Кешті мектеп директоры А. Сауяев ашып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету адамгершіліктің ең жоғарғы қасиеттерінің бірі болып саналады. Қай халықтың болмасын түпкі тамырында үлкенді сыйлап, құрмет көрсету тереңде жатыр. Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Ортада жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Еліміздің өсіп-өркендеуіне, бейбітшілікте тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы екеніне тоқталды.Ардагерлер атынан сөз алған А.Әбжәлиев ағай ел мүддесін бәрінен биік қоятын ұрпағына ұлылығын ұялатып, олардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға жол көрсететін қарттарымыз екенін айта келе, әрдайым үлкендеріне құрмет көрсететін Т.Г.Шевченко атындағы №13 орта мектеп ұжымына алғысын айтып, батасын берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0D77NSwabuUPsnXMnYAd23KWdyMKQK9KeGkW4X7TajyjCyReh3ByZ5t53RPTRkW8ul?rdid=1V46pfVEa3DjnunB

**Видео**

"Ақжүніс" қыздар кеңесінің төрайымы А.Төрахметованың ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылар арасында «Ана тілі аруы» атты облыстық "Сыр лигасы" байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді.Мақсаты: Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып,жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру;Қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, изеттілікке тәрбиелеу.Байқау кезеңдері:1. Сәлем -сөздің анасы; 2. Кім тапқыр? 3. Монолог оқу; 4. Өнер сайысы; 5. Менің сәнді-ұлттық киімім.Нәтижесінде 10"А" сынып білім алушысы Оралбаева Еркежан аудандық кезеңге жолдама алды. Еркежанға сәттілік тілейміз!
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02uVEFAu5zT239bZ4B1RBkhi4hZYUpkBxNi2c2193RNYwe4sBKZetz4iVZinSfNUzBl?rdid=zK0BAxTuBdocoWjH

**Видео**

Қазақ әдебиетінің абызы, Қазақстанның Еңбек Ері, қоғам қайраткері, теңізді өлкенің төл перзенті – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туылғанына 100 жыл толуына орай «Ұлт әдебиетінің абызы» атты айлық іс-шараның ашылу салтанаты болып өтті. Шара барысында оқушылар Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығынан қызықты деректер айтып, жырдан шашу шашты.
Шара барысында мектеп директоры А.Сауяев білім алушыларға жазушының суреткерлігін және абыз ақсақалдардың аузынан естіген бір үзік естеліктерін айтып, қазақ әдебиетінің қара нары атанып, қара сөзбен талай жүректердің қылын тербеген қоғам қайраткерінің әдеби туындыларын оқуға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1260139048734662/?rdid=FBx8xXskBVFWcIDo

**Видео**

"Өнегелі 15 минут"айдарынан. Сынып жетекшісі: Қаниева Жанна. 6"Ә"сынып оқушысы Қалыбек Балмира. «Ақылы дария - қариялар».Мақсаты: Үлкенге құрмет көрсете отырып, аталардан қалған ұлағатты сөздерді ұғындыру.Жаңбырбай Жансая 4"Ә"сынып. «Ұлттық өнер — ұлттық құндылық» атты көркемдік-эстетикалық пәндер апталығы аясында.Өскелең ұрпаққа отбасында қалыптасқан ұлттық қолөнерді насихаттау мақсатында пәндер бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/519059264068462/?rdid=FrErUn12Jl4Hf4Jd

**Видео**

«Отбасы.Өнер. Құндылық» тақырыбында әжелер мен немере қыздарының қатысуымен «Өнегелі сағат» болып өтті. Шараға Күмісбаева Ырысбике әже немере қызы Әнелмен, Серекешова Даража әже немере қызы Айшамен, Рысбаева Айткүл әже немере қызы Айарумен қатысып, жүн түтіп ұршық иіру, құрақ құрап көрпе тігу, жүн иіріп шұлық тоқу секілді ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, шеберліктерін көрсетті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1175519193522754/?rdid=p97MzUIJAdBouFMs

**Видео**

1 қазан - Карттар күніне арналған «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында 3"Б", 4"Ә", 4"А" сыныптарында тәрбие сағаттары болып өтті.Жас өрендер қарт ата-әжелеріне арнап жырдан шашу шашып, құттықтауларын жеткізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0uPDyTSkkVz1uGumgadJinBdxu212dNmchf7mJmx9fAcmGDCn9vdnUoiZkcoHAt5Nl?rdid=uhuL4zrdUUoDogFp

**Видео**

Қыз балалардың бойында ұлттық құндылықтарқалыптастыру мақсатында Халықаралық қарттар күні қарсаңында «Қарты бардың қазынасы бар» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Ақылгөй әжелер немере қыздарына ақылдарын айтып баталарын берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/3504172726550951/?rdid=e4NDJ4kc3CB72HJn

**Видео**

«Сыр лигасы» сайысы Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» « Хор сайысы» Балалар мен жастар арасындағы өзара түсіністік пен достық қарым - қатынасты нығайту, жас ұрпақтың ұжымдық орындаушылық мәдениетін, көркемдік-эстетикалық талғамын арттыру, хорда ән айту дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Сыр лигасының» мектепішілік кезеңі бойынша балалар хор байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша 6 сынып хор ұжымы аудандық сайысқа жолдама алды. Сәттілік тілейміз.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0kHJVYWj6vK1mLjnBXhL9QW8o1yEoK8FKGCQ9pF3AK6FtfLBbesRZ98edMY1Dfh1el?rdid=MgUZhoyEGNhH0ziS




**02.10.2024 ж**

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновке арналған апталық аясында «Темір Нарком Т.Жүргенов» тақырыбында 9«Ә» сынып (сынып жетекшісі: А.Әбдісадықов) білім алушыларымен тарихи-танымдық сабақ өткізілді. Шарада Т.Жүргеновтің қазақ, өзбек халқы алдында атқарған ерен еңбегін ұлықтап, жас ұрпаққа үлгі тұтар тұлғалық бейнесі таныстырылды. Аталған тарихи-танымдық сабақ барысында, білім алушылар Темірбек Жүргеновтың халық алдында атқарған қызметтеріне тоқталып, баяндама жасады.
Сілтеме:https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02k7UP4HYKmsQkRFqkL39SpKpqyP2vagvdW65cKc95arj3ky2Z5csvDVyFvkmEnRrkl?rdid=Ix2YG0cZ3K3gtg3n



Қазақстанның халық жазушысы, XX ғасырда қазақ әдетиетіне зор үлес қосқан суреткер, қоғам қайраткері Әбдіжәміл Нұрпейісовтың туғанына 100 жыл толуына орай 8"А" сыныбында тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатында білім алушылар Ә.Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығы туралы көп мағлұматтар алды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/897558155616290/

**Видео**

«Ұлттық өнер-ұлттық құндылық» атты көркемдік-эстетикалық пәндер апталығы аясында білімалушыларды шапшаңдыққа үйрете отырып, ойлау қабілеті мен сөздік қорын молайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеу мақсатында көркем еңбек пәнінің мұғалімі, "Сиқырлы ине" үйірмесінің жетекшісі Г.Шүкірованың ұйымдастыруымен «Шыдамды еңбек, алғыр ой нағыз досың біліп қой!» тақырыбында тиімді үзіліс болып өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02HPEc9R5Va4mJ22v1oiX5MdU1UuZWjeZiRYGfvqMdrL8MBkAxeo9hvBc4M7AFMzZPl?rdid=M2QWknpdqemNeQWX




Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» мектеп оқушылары арасында шығармашылық және спорттық бағыттағы «Сыр лигасы» облыстық сайысының мектепішілік аясында білім алушылардың ой танымын, ой ұшқырлығын дамыту мақсатында «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы мүшелерінің қатысуымен «Б.П. Қазақстанда АЭС салу қажет деп есептейді» тақырыбында пікір сайыс өткізілді. Нәтижесінде 10 сыныптың "Алғырлар" тобы жеңіске жетті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1895137777661279&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=0zqS61I3Ve3A17HW




**03.10.2024 ж**

«Өнегелі 15 минут».Қазан айының 1- аптасының дәйексөзіЕл - жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! Мектебімізде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында отбасымен кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында Әбдіжәміл Нұрпейсовтің туғанына 100 жыл толуына орай аудандық кітапханаға «Бір отбасы - бір кітап» акциясына 6«А» сынып оқушысы Әбдиева Аянат отбасымен үлестерін қосты.Сынып жетекшісі: Буркулова Жанат.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1895847250923665&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=twjUWxQbsCEhJZxz

**Видео**

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, публицист және әдебиеттанушы - Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған айлық жоспар аясында 7«А» сыныбында «Ұлт әдебиетінің абызы» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында білім алушылар Ә.Нұрпейісовтің шығармаларының мазмұнын талқылап, оның адамгершілік, рухани құндылықтары мен ұлттық рух туралы ойларын ортаға салып, пікір алысты. Шығармашылық тапсырмалар орындады.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1896235670884823&id=100014952254603&mibextid=oFDknk&rdid=2YFsrndN7tRoyuCm

**Видео**

7«Б» сыныбында «Ұлт мақтанышы - Темірбек Жүргенов» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатында Т.Жүргеновтің азаматтық ажарының қалыптасуы туралы айтылды. Білім алушылар қоғам қайраткері туралы атақты тұлғалардың жазған мақалаларын, естеліктерін, лебіздерін оқып, әдеби-саяси публицистикалық мұраларына шолу жасады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1204801777407921/

**Видео**

Мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің 126 жыл толуына орай: тарих пәні мұғалімі О.Құлмановтың ұйымдастыруымен «Түркі халықтарына ортақ қоғам қайраткері» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Танымдық сағатта:Т.Жүргенов - әдебиет жанашыры, Қазақ даласының ұлтжанды тұлғасы – Темірбек Жүргенов, Т.Жүргенов - тарихи тұлға, қоғам қайраткері тақырыптарында білім алушылардың зерттеу жұмыстары көрсетілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0MaZP7vDteaPnGmq8tS5q2ETq2ofmtHMB4L1j1S7zN2n9PDAP6gtbfVCDGfRVCQa2l



**04.10.2024 ж**

ДУБЛЕР КҮНІ. Республика бойынша ұйымдастырылған «Дублер күні» болып өтті. Мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу және мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру мақсатында 9 -11 сынып оқушыларымен болып өтті. Мектеп Президенті мен фракция министрлері өз жұмыстарын мұғалім ретінде жоғары деңгейде өткізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02mLC8rupP7adynE1KnHTrXPrNAJkvsiA5NnkUk3GLpZsRjaCct9TSR7gDFZ6rgvnl?rdid=YWqqotIbIFWxldea

**Видео**

«Ұстазым әнім саған арналады» мектеп «Балауса» хор үйірмесі мүшелерінің мерекелік құттықтауы
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/564576182677564/?rdid=P38JWMqRzrJHr0vy

**Видео**

«Ұстаз есімі - биік, әрі мәңгілік!»мерекелік құттықтау.Білім жолын бастадым ұстазбенен,Қасиетті, киелі ұғым «ұстаз» деген.Жүрегімнен ойып тұрып, орын алар,Басымды иемін, ұстаздарға

алғыспенен.Құрметті ұстаздар, төл мерекелеріңіз құтты болсын!
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1187499772543400/?rdid=nrewI4DhCc9VUkYq

**Видео**

6«А» сыныбының мерекелік құттықтауы. "Даналық ұстаздан" челлендж. Ұстаз деген - жарық күні ғаламның,Ұстаз деген - анасы ол адамның.Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,Сен де одан адам болып жаралдың.Ұстаз-білім беруші ғана емес, қоғамдағы еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық, әдептілік қасиеттерін қалыптастыратын көшбасшылар эталоны. Білім алушылардың ұстазға деген құрметі мен сүйіспеншіліктерін арттыруға, еңбегін бағалауға үн қосу мақсатында «Ұстаздарға мың алғыс!» челленджі өткізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/545568184509030/?rdid=Sj70uD0jv7UDcMBm

**Видео**

«Ұстазым» әні (әні: А.Дүйсенов. Сөзі: Б.Шомбеков). Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып,Ұстаз деген- ұлылардың ұлысы,Қасиетіне бас иейік мәңгілік."Жас ұлан" ұйымы барша ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтайды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1573482766579277/?rdid=fUxodZ2tzFPxRhv2

**Видео**

Бүгін мектебімізде білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу және мектептегі басқару жұмысын жандандыру мақсатында «Дублер күні» өткізілді.Республика бойынша ұйымдастырылып отырған шарада білім алушылардың көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетін дамытып, жауапкершілік сезімін арттырады.«Мектеп Парламенті» президенті мен фракция мүшелері өз жұмыстарын ұстаздарға деген ризашылықтарын құрмет көрсету, алғыс айту арқылы бастап, балалар мен ересектердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы мектеп оқушыларының әлеуметтік- құзыретті тұлғасын дамыту, мұғалімнің бір күнін оқушыға сезіндіру жұмыстары жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1047412219993012/?rdid=muDesKZURNd3HTab

**Видео**

Мектеп президенті Әлімбет Құлмұхаммед барша ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтайды. "ШАБЫТ" жобасы. Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт! құттықтау челленджі.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/544645114782835/?rdid=kknWlGD1Qm5ZEl7Z

**Видео**

**07.10.2024 ж**

Саптық жиын.«Тәуелсіздік пен отаншылдық» құндылығы айы .Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қазан айының екінші аптасының дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!». Мектеп директоры өткен аптада жетістікке жеткен білім алушыларды құттықтап, тілектестігін білдірді.«Дублер күні» мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің орнына сабақ берген өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» фракциясының мүшелері мұғалім болып жұмыс жасаудың оңай еместігін, ол үшін білім мен тәжірибе керек екендігін айтып, ұстаздарға алғыстарын жеткізді. Соңында осы аптада жүргізілетін жұмыстармен таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02yQptRTvt6D2v2WS7gf4vhy24bKsBM9QwsdqZEtxKSjPubxWWFMM97vSCgry7A6YRl?rdid=5nTjwtC0hJvY0GQA

   

**«14.10.2024 ж**

Саптық жиын.«Тәуелсіздік пен отаншылдық» құндылығы айы .Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қазан айының екінші аптасының дәйексөзі: «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе.Ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерін.» І.Жансүгіров Мектеп

директоры А.Сауяев өткен аптада жетістікке жеткен білім алушыларды құттықтап, марапаттарын тапсырды. Аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02j6WKJw5Q6Hudz7tCWrccCfHm51AbXuQUHoLrdsgMmCStjuhLbJTfZNariSRcmD5Ll?rdid=aGjKwxunMzkoNTwa

 

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңба қалдырған қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойы аясында «Әбдіжәміл Нұрпейісов – адамзат тағдырының суреткері» тақырыбында аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес оқырмандар конференциясы болып өтті. Қазақтың жазба әдебиетін көркем шығармалармен толықтырған классик жазушының шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған конференцияның ашылу салтанатында мектеп директоры А.Сауяев және аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Молжігітова сөз алып, суреткердің қаламынан туған әдеби туындылардың мазмұнына тоқталып, жазушының мұрасы бүгінгі және кейінгі талай ұрпаққа үлгі боларлық, өнеге берерлік тағылымды тарих екенін айта келе, жазушы шығармашылығына арқау болған оның туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілігі, туған жер туралы жүрек елжіретерлік ой-толғаныстары екенін жеткізді.Аталған шараға жазушының тарихи мұражайының арнайы көрмесі қойылып, мұражай меңгерушісі Б.Сарбасова аудан мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі жетекшілері мен білім алушыларға қаламгердің көзіндей болған жәдігерлері мен шоқтығы биік туындыларын таныстырды. Конференция одан әрі оқырмандардың талдау сағатына жалғасып, қатысушы отбасы мүшелері жазушының қаламынан шыққан «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романдарымен қатар, мақалалары мен очерктерін жан-жақты талдады. Қатысушылар жазушының шығармаларындағы қызықты эпизодтар мен жазушының суреткерлігі туралы өздерінің орнықты ой, байыпты пікірлерімен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid024JzyDVoY6Eyi56tWAmuGDkYgLq3nUxVnhELu2Hfn499QufFDGBqVxF2PPrqwx3YPl

 

Кітап - білім бұлағы.Оқушылардың кітапқа, кітапханаға деген қызығушылығын арттыру, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу мақсатында 4«Б» сыныбында (сынып жетекшісі: С.Садықова) тәрбие сағаты болып өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02Ya8oAaG1pzkge5NpkLM8gzB4JV6Rp54HwuWDyMpkjQz8bhBqymHBTTf1M1bHWHBxl?rdid=RcXxCfqAkaEVMDaA



**15.10.2024 ж**

Апта дәйек сөзі: Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел,тегі,алсын қайдан кемеңгері.

(І.Жансүгіров)6 "А" сынып жетекшісі Ж.Буркулованың ұйымдастыруымен "Туған өлке тарландар" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Мақсаты: Білім алушыларға туған жер туралы мағлұмат бере отырып, елінің өркендеуіне үлес қосқан тұлғалардың еңбектерімен таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1227118855077277/?rdid=7FrDZEjd09CzUa1w

**Видео**

**16.10.2024 ж**

7«Б» сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен «Үлкенге - құрмет, кішіге -ізет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйретеді. Тәрбие сағаты барысында: Мақал-мәтелдің жалғасын тап .Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер.Ойын «Саяхатқа шығу».
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0W3uQVfD41qhzktyz3Xdn4CkhAPmVx5zRp6VGwSeYjNtFzpCgj1fk28jR4mDRaW95l?rdid=ZRrws8f4M6DDvTUY



**17.10.2024 ж**

Қауіпсіздік сабағы."Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде интернет қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында сынып сағаты өткізілді.Г.Шүкірова және Л.Досаеваның ұйымдастыруымен интернетке тәуелділіктің алдын алу, әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану, жеке деректерді қорғау, интернет желісін дұрыс пайдалана білу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0wGzVvoPjP6n7EuWaxE7RDTrqMxAPt9PY2G9a1NN6ddfbgaKevC1FWxu4EJrZtEy3l?rdid=rKOttGb9FyNpNcXy



**18.10.2024 ж**

Қазақ поэзиясының құлагері. І.Жансүгіровтың туғанына-130жыл.Қазақ поэзиясың құлагері Ілияс Жансүгіровтың поэзиясы қазақ әдебиетінің асыл мұраларының бірі. Ақынның ой-өрнегі, тілдік байлығы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, әрдайым жырлана береді. Мектебімізде қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдық мерейтойына орай 8 сынып білім алушылары арасында мәнерлеп оқу сағаты өткізілді. Қатысушы білім алушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, белсене қатысты.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/452891841142580/?rdid=PXb24eJTwlXFgrvy

**Видео**

Халық жазушысы, кемеңгер тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толуына орай, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері А.Жусупова, Ж.Калыбаеваның ұйымдастыруымен 11 сынып білім алушылары арасында «Классик казахской литературы» тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді. Мақсаты: қазақ әдебиетінің кемеңгер тұлғасы Әбдіжәміл Нұрпейсовтың шығармашылығын насихаттау, оның қаламынан шыққан туындыларды білім алушыларға кеңінен таныстыру. Шара барысында білім алушылар Әбдіжәміл Нұрпейсовтың шығармашылығындағы шоқтығы биік «Қан мен тер» трилогиясы жайында өз ойларын ортаға сала отырып, бұл туындының көркемдік ерекшеліктерін,қазақ халқының өмірі мен тұрмысын суреттеудегі шеберлігіне назар аударды.,

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02bHy49ufbkss94n89P48cdQkShxWgdVfNuwgsee6fDHwgJnDe9NwJnGmwWexjYxYl?rdid=K2HRcRbpiyY050It



Жасөспірімдер арасында ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау мақсатында спорт нұсқаушысы Алжанов Ғылымбек 7-сынып білім алушылары арасында «LANGI FEST» ұлттық ойын ләңгі тебуден сайыс өткізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/557456089996073/?rdid=7zwuNsUHnA3qX6Vw

**Видео**

**21.10.2024 ж**

САПТЫҚ ЖИЫН.«Тәуелсіздік пен отаншылдық» құндылығы айы
Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қазан айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Отанды сүю отбасынан басталады.»
Мектеп директоры А.Сауяев өткен аптада жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, «Мектеп парламентінің» жаңа сайланған президенті Досбол Алдонғаровты құттықтап, жарқын істерге бастайтын көшбасшы болуына тілектестігін білдірді. Аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0nHx58dutHrjXwQrrpNWpychEWS79XD79czpeHHb37TALxxkKtWvXWQuWiMYVzsgql

   

«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасының бастауыш пән бірлестігімен бірлескен «Әжемнің ертегісі» тақырыбында отбасы сағаты ұйымдастырылуда. Мақсаты:отбасында әжесі мен немересінің бос уақытын тиімді өткізу, кітапқа қызығушылығын арттыру.Жобаға қатысушы 3«Ә» сынып білім алушысы Ғалымжанқызы Айназым әжесімен.Сынып жетекшісі Л.Кзаева.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/453721417175687/?rdid=dhIsd6IJV17k7lAV&share_url=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fshare%2Fv%2F5ywR4ZT8xVrtSJtP%2F

**Видео**

«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру мақсатында «Әжемнің ертегісі» тақырыбында отбасы сағаты ұйымдастырылуда. Мақсаты: білім алушылардың бос уақытын тиімді өткізу, кітапқа қызығушылығын арттыру.Жобаға қатысушы 2«Ә»сынып білім алушысы Өмірзақ Заңғар әжесімен. Сынып жетекшісі Э.Альмаханова.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/561317789680922/?rdid=tjWLwp6yjOWJVUZP

**Видео**

«Балалар кітапханасы» жобасы. «Әжемнің ертегісі» отбасы сағаты. Жобаға қатысушы 4«Б» сынып білім алушысы Кеулімжай Нұрмұхаммед. Сынып жетекшісі:С.Садықова.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/521813383966391/?rdid=AZMjjmbmALjVZ1NI

**Видео**

«Балалар кітапханасы» жобасы. «Әжемнің ертегісі» отбасы сағаты. Жобаға қатысушы 4«Ә» сынып білім алушысы Сейілханов Нұрәділ. Сынып жетекшісі: Н.Алдоңғарова.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/8342787959153480/?rdid=GaiMwmph3fWYKgla

**Видео**

«Балалар кітапханасы» жобасы.«Әжемнің ертегісі» отбасы сағаты. Жобаға қатысушы 2«Ә» сынып білім алушысы Сағитжан Бекнар.Сынып жетекшісі:Э.Альмаханова.«Балалар кітапханасы» жобасы. «Әжемнің ертегісі» отбасы сағатыЖобаға қатысушы 4«Б» сынып білім алушысы Бахытжан Жаннұр әжесімен. Сынып жетекшісі: С.С.Садықова.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/906735937568236/?rdid=NgsN3n15yov3S8l9

**Видео**

«Балалар кітапханасы» жобасы.«Әжемнің ертегісі» отбасы сағаты.Жобаға қатысушы 4«Б» сынып білім алушысы Жұмахмет Рамиз әжесімен.Сынып жетекшісі: С.С.Садықова.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/2780132602155094/?rdid=Y7w8pHltD4sUNGAa

**Видео**

«Балалар кітапханасы» жобасы.«ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІСІ» отбасы сағаты .Жобаға қатысушы 2«Ә»сынып білім алушысы Төлебай Зере әжесімен.Сынып жетекшісі: Э.Альмаханова.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1911631922678531&id=100014952254603&rdid=ile0cuqXu6754j6Z

**Видео**

25 қазан - Республика күні. Білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 4«Ә» сыныбында (сынып жетекшісі: Н. Алдоңғарова) тәрбие сағаты болып өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/532765876021165/?rdid=mshSnng2u91bTx1P

**Видео**

25 қазан - Республика күні.3«Б» сынып білім алушыларымен 25 қазан - Республика күні мерекесіне орай «Республикам-мақтанышым!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/539214092277020/?rdid=OmaJcpsTbpOEQQiN

**Видео**

25 қазан - Республика күні.Білім алушыларды мемлекеттік тілді білуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және өз еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу мақсатында 3«В» сыныбында (сынып жетекшісі: С.Сайжанова)«Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02VobbK85WoojQT3uuzebj9xs9pyU3CTN9shcArzto3p7x6g1HjV92Vd9mcfzoQKxWl?rdid=CnyvwZ2WWtyIf0du



25 қазан – Республика күні.Білім алушыларды мемлекеттік тілді білуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және өз еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу мақсатында 2«Ә» сыныбында (сынып жетекшісі: Э.Альмаханова) «Республикам-мақтанышым!» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.Білім алушылар тақпақтарын айтып, түрлі-түсті қағаздардан жапсырмалар жасап, сөзжұмбақтар шешті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/519873851014305/?rdid=9INW13zkC5oRlHTH

**Видео**

25 қазан Республика күніне орай 6«Б» сынып жетекшісі А.Сүлейменованың ұйымдастыруымен «Қазақ елі – менің Отаным» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Сынып сағаты барысында білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін ояту, туған жерді қорғауға және мақтан етуге тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/2918448281639320/?rdid=1zSHcNQ6JKHLEWPu

**Видео**

25 қазан – Республика күні .7«Б» сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен «Қазақ елі – менің Отаным»тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты барысында: «Додекаэдр» әдісі(жасырылған сұрақтарға жауап), «Пазл» әдісі (топпен тапсырма), «Менің туған жерге қосар үлесім»(өз армандарын жазу), Қорытынды:«Атамекен» әні.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0Lzbze4aCPtjCrQuW8dRMDxki8kWRw1PbWhKDMdkQiBFR4Fx4dLmLmsobsvo3fhAQl?rdid=kK7UaM8k8B1dS8wS



25 қазан - Республика күні.Азаттық!Ұлы армансың, алты Алашты тербеген,Ұлы айқайсың, көкіректі кернеген. Жебеушісі – желді сүйген жанымның,Сен – шуақсың, өлтірсе де өлмеген!5 "Ә"сынып жетекшісі А.Сердалиеваның ұйымдастыруымен "Менің Қазақстаным - менің болашағым" тақырыбында сынып сағаты болып өтті. Сабақ барысында білімалушылар азат болудың, еркін өмір сүрудің қадірін біліп, болашақ Қазақстанды білімді, тәрбиелі, ұлттық құндылықтармен сусындаған ұрпақпен байланыстырды. Сабақ соңында оқушылар өздерінің таудай армандарымен бөлісіп, еліне деген патриоттық сезімдерін жыр шумақтарымен жеткізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0GiohcySU5zua9e38n5TWtegX6x77qRRtD1gyz7iDtdfzyt4Dnq4qYfky9JyLKrmYl?rdid=LkMg21aIbxre8ofG



«Төтенше жағдайдың алдын алу және одан қорғану шаралары» Мектебімізде төтенше жағдайдың алдын алу және одан қорғану шаралары бойынша «Авариялық жаттығулар» жүргізілді. Оқу - жаттығуға мектеп әкімшілігі, педагогтер, ұжым қызметкерлері мен білім алушылар қатысты.Шараның негізгі мақсаты – техникалық құралдардың жұмыс істеуін бақылау, қауіп төнген жағдайда білім алушылар, мұғалімдер мен техникалық қызметкерлердің қауіпсіздікті сақтап, жедел қауіпсіз аймаққа өтуін бағдарлау.Төтенше жағдайдың алдын алу және одан қорғану шаралары талапқа сай орындалып, дабыл арқылы нұсқаулық беріліп, ұжым қызметкерлері мен білім алушылар эвакуацияланды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/558908709834255/?rdid=AySRr3nRQkr35Epc

**Видео**

25 қазан — Қазақстан Республикасы күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау рәсіміне арналған «Ұланымыз Ұлы елдің» атты салтанатты жиын болып өтті. «Жас ұлан» ұйымының қатары 90 жасұландықтармен толықты. Салтанатты шараны мектеп директоры А.Сауяев ашып, мереке қарсаңында мойындарына көк галстук таққан жас өрендерді құттықтап, сәттілік тіледі. Салтанатты жиынға мектеп Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Жұқабаев, мектеп әкімшілігі мен ұстаздары және «Жас ұлан» ұйымының мүшелері қатысты.Жиында «Мектеп парламентінің» фракция мүшелері мерекелік құттықтауларын жолдап, жас

өрендерге ерекше көңіл- күй сыйлады. Еліміздің болашағы жарқын болсын! «Жас ұланның» мерейі үстем, мәртебесі биік болсын!
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0NBJAzJfLVzYnyRGZVBqsUmLm3BTmMzorPcxooXvVxNTjcjakttf68FkmCTmuHu6Yl?rdid=T2M6tHOmk7CXG8Nf




**22.10.2024 ж**
«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде қазақ халқының ұлттық құндылығы айтыс өнерін дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау мақсатында Республика күні мерекесіне арналған «Туған жерім – мақтанышым» тақырыбындағы ақындар айтысының бірінші кезеңі өткізілді. 6-7 сынып білім алушыларынан құрылған жас ақындар туған жердің түлегі Ә.Нұрпейсовтің мерейтойымен байланыстырып, мақтаныш сезіммен жырлады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid08vEriMTWmGj24Cr3YrLsYFS62HRwC75iqb8DFNgpkeyKx8ppr4RWDqXF9YutbSMdl?rdid=PlPFiCxJppAjHCUH



Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы А.Утегеновтің ұйымдастыруымен Ауған соғысының ардагерлеріне арналған “Өшпес ерлікке мәңгі тағзым” атты ерлік сағаты өткізілді.Мақсаты: Ауған соғысы ардагерлері А.Мұстафаев пен Б.Сүлейменовты еске алу, білім алушылар бойына патриоттық сезімін қалыптастыру, ерлікке, отаншылдыққа, аталар ерлігін мақтан тұту және ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар тұлға тәрбиелеу.Ерлік сабағы барысында Ауған соғысы ардагерлері З.Ажигулов және Т.Назаров білім алушыларға А.Мұстафаев пен Б.Сүлейменовтің өмір жолдарымен таныстырып, аудан көлемінде еске алуға арналып өткізілген іс-шараларға тоқталды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1911647989343591&id=100014952254603&rdid=A5R1YKNBYGKTpx4F



Алаштың ардақтысы, қазақ әдебиетінің негізін құраушы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфулиннің 130 жылдығына орай "Сәкен жырдың сарқылмас дариясы" тақырыбында мәнерлеп оқу шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты: білім алушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстыру.Күз - молшылық пен береке айы.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid029jCd2THwjA6QEKVN9zxHcdVDYufxzdYTs75TRvPxYhhAN5JUFEqxvuBCRG9kHSzHl&id=100014952254603&_rdr

**Видео**

Білім алушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа, біртұтастыққа тәрбиелеу мақсатында «Мектеп парламенті» экология фракциясы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Алтын күз» мерекесіне орай 4-5 сыныптар арасында «Күзгі асар - 2024» тәттілер жәрмеңкесі өтті.Жәрмеңкеге балалар өз қолдарымен пісірген бәліштері мен тәтті тоқаштарын әкелді. Іс-шара кезінде қатысушылар ерекше көңіл-күйде болып, мереке мен бірлік атмосферасын сезінді.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1911682379340152&id=100014952254603&rdid=xeABD9c7QrEN7UsW





25 қазан –Республика күні .6 «В»сынып жетекшісі С.Сарманованың ұйымдастыруымен .«Қазақ елі – менің Отаным» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға Қазақстанның тарихын мәдениетін, табиғатымен таныстырып, елге деген сүйіспеншілігін арттыру.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gWZu7fhYiERZsS3zksjHkDgExPn7ariKPEocWEPSiyGmmk427TCePwVzJRoiFQLnl&id=100014952254603&_rdr

**Видео**

Білім беру ұйымында бүгінгі жұмыс күні Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі – Республика күніне орай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалып, мектеп ұжымы мен білім алушыларды мерекемен құттықтаудан басталды.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1912154185959638&id=100014952254603&rdid=vEo653jgnhwQnnDg



Арал АПБ ЖПҚб ЮПТ УПИ-ры полиция капитаны Ақтілеу Қайрат, полиция аға лейтенанттары Омаров Тұрар, Ерекеев Болат 10-11 сынып білім алушыларына «2024 -2025 жылдарға арналған құқық бұзушылық, буллинг, есірткі, лудомания, вейп темекі, интернетке тәуелділіктің алдын алуға бағытталған профилактикалық бірлескен іс-шаралар» негізінде 7 қадамдық жұмыс жоспары бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1912351219273268&id=100014952254603&rdid=nhlGCdtZuSjtSVmm





2024-2025 жылдарға арналған интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында информатика пәннің мұғалімдері С.Сапарғалиева мен А.Төрахметова "Компьютерлік ойындардың зияндылығы"тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді .Білім алушылармен әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану, жеке деректерді қорғау, интернет желісін дұрыс пайдалана білу туралы пікірлесіп, ой бөлісті.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1912361095938947&id=100014952254603&rdid=yIG6ArjhoiBrjbhZ




25 қазан – Республика күніне орай «Қылқалам шебері» үйірме мүшелері шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Үйірме жетекшісі: М.Балмаханов.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1912404975934559&id=100014952254603&rdid=3pGfeK3UyMJhcwOL

**Видео**

25 қазан - Республика күні.Еліміздің басты Ұлттық мерекесі Республика күніне арналған мерекелік жиын болып өтті. Жиында мектеп директоры А.Сауяев ұжымды мерекемен құттықтап, мереке қарсаңында мектеп қызметкерлерін марапаттады.Мерекелік жиын соңы әсем ән-күйге ұласты.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1912548995920157&id=100014952254603&rdid=gCcEbnPkZ492fSfV

**Видео**

Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі – Республика күніне орай "МЕНІҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАН" тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды. Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Эссе жазуға 8-10 сынып білім алушылары қатысты. Нәтижесінде 10-сынып білім алушылары Асылбек Жанерке, Кеңес Қарақат, 8-сынып білім алушысы Жоламанова Нұрсәуленің жұмыстары үздік деп танылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0jQYAFi8zXwUv5BjwNqvvwkkMNjY1Sm5qLuuPAQNE8wJdztbKqGdwuVwCaG5jcBfpl

 

**23.10.2024 ж**

Күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Жас заңгер» үйірмесінің жетекшісі С.Қалағаева үйірме мүшелерімен «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбында пікірталас өткізді. Мақсаты: білім алушыларға міндеттері мен құқықтары туралы түсіндіру. Пікірталас барысында білім алушылар талқылау сұрақтары мен жағдаяттарды талдап, wordwall бағдарламасымен «Жылдар сөйлейді» әдісін пайдаланып сұрақтарға жылдам жауап берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02nQj8Mk3MrJah9MiG9NUrj85NMguytG2JSziVrd363RjTzAbhQ7ZT8fJ2w1tQgmFql



Күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Барыс» үйірме жетекшісі А.Утегенов үйірме мүшелерімен «АК-74 қаруын толық емес бөлшектеу және жинақтау» нормативін орындау тақырыбында үйірме жұмысын өткізді. Мақсаты: білім алушыларды шапшаңдыққа,ептілікке бейімдеу.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid023s8BtTofLg7Qo1C5seHPLodkbxGBJ1opeV5e5uzhw3n44aWeyxYshXdpKcyETfZ3l

 

Күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Эко әлем» үйірме жетекшісі Ж.Қаниева үйірме мүшелерімен «Энергетикалық сусындардың тұз қышқылына әсері» тақырыбында үйірме жұмысын өткізді. Білім алушылар тақырып аясында тәжірибені қызығушылықпен жасап, бос уақыттарын тиімді өткізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid027CD481pJY3BNJvuTkt7ScyfJZ8MyX4cdekUf6KknVGjxpAgLSA9e27dqLRRZ9rNol




**24.10.2024 ж**
«МЕНІҢ КІТАПХАНАМ – МЕНІҢ РУХАНИ МЕКЕНІМ» АТТЫ ВИДЕОРОЛИКТЕР ЧЕЛЛЕНДЖІ.«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» бағдарламасы аясында балалар әдебиеті айдарын дамыту мақсатында жоғарғы сынып білім алушылары және бастауыш сынып білім алушыларымен «МЕНІҢ КІТАПХАНАМ – МЕНІҢ РУХАНИ МЕКЕНІМ» тақырыбындағы видеороликтер челленджіне қатысты.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/475177354904301/

**Видео**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Алтын күз» мерекелік іс- шарасы өткізілді.Мақсаты: Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және айқындау, бос уақыттарын пайдалы өткізуге баулу, сахналық шеберлік дағдыларын қалыптастыру; Сайыс 5 кезеңнен тұрды:I.Таныстыру II.Өнерлі өрге жүзер (өз өнерін көрсету) III.Қас қағым сәт (күз мезгіліне байланысты сұрақтарға жауап беру)IV.Сән үлгісіV.Күзгі сыйБілім алушылар сайысқа белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша білім алушылар жүлделі орындар иеленіп, демеушілер есебінен сыйлықтарға ие болды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02CvXyzjUVZgHYGsDyyYfkk4V9qKuJvyAPb2s5mpEfq9SCrimoLbrxNFEz377zzzPLl



«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында кітапхана қорына келген жаңа көркем әдебиеттерді, ақын жазушылардың шығармашылығын сүйіп оқуға, автор өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлықтарын арттыру мақсатында. «Кітап оқы – жетістікке қадам бас»тақырыбындағы челленджге білім алушылар белсене қатысуда.
https://www.facebook.com/share/v/21AVx7KnESyeGPv6/

**Видео**

**Қараша айы**

**04.11.2024 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.«Әділдік пен жауапкершілік» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қараша айының бірінші аптасының дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым» .Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары Б.Қалыбекова күзгі демалыс күндері өткен шаралар барысында жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, ІІ оқу тоқсанына сәттілік тіледі. Аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0A6cZ3viSiEhL5SB8km9PqSqRquY3n6Bn6VXBGmNrkUcApFn3wqUmgSXq61frAAaCl?rdid=cNmYwF1KDpRjDYLn




ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫӘ.НҰРПЕЙІСОВКЕ – 100 ЖЫЛ!
"ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ: ЖАҢА БАҒЫТ, ТЫНЫМСЫЗ ІЗДЕНІС, ОҢ НӘТИЖЕ" оқу-әдістемелік апталық аясында "Туған өлкені таниық" үйірмесінің мүшелері күзгі демалыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында Ә.Нұрпейісов атындағы әдеби үйіне саяхат жасады. Шара барысында білім алушылар заңғар жазушының болмысы, суреткерлік шеберлігі және шығармаларымен танысып қайтты.
https://www.facebook.com/share/p/47s64gV5AL3QvMtT/




"Құқық бұзушылықтар және олардың алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.Күн тәртібінде:Арал АПБ ЖПҚб ЮПТ УПИ-ры полиция аға лейтенанты Ерекеев Болат және полиция капитаны Ақтілеу Қайрат Ақтілеуұлы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова 2024-2025 жылдарға арналған құқық бұзушылық, буллинг,есірткі, лудомания, вейп, темекі, интернетке тәуелділіктің алдын алуда атқарылған жұмыстарға тоқталды..Мектеп психологы Ә.Жұбанова жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және Мінез-құлыққа әсері туралы ата-аналармен ой бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02nT8UnCeQH1cQQpZ2vE7dLfA5Bbe1rLQXkv8TTZ7fsL3hjSUktD2y6vfKpK2qt516l




ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ Ә.НҰРПЕЙІСОВКЕ – 100 ЖЫЛ! Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай мектеп жанынан құрылған "Шаттық"драма үйірмесінің мүшелері "Әбдіжәміл жазған" Қан мен тер" театрландырылған қойылымын қойды. "Қан мен тер"-адам тағдыры, көркемдік жаңа өріс. Театр жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Әбекенова.
https://www.facebook.com/share/p/9ax2CKWEMh687qHc/

 

**05.11.2024 ж**
Арал АПБ ЖПҚб ЮПТ УПИ-ры полиция аға лейтенанты А.Нұрпейсов, полиция капитаны Қ.Актілеу 9-11 сынып білім алушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтауда көлік жүргізу, мопед, скутерден болып жатқан қоғамдағы келеңсіз жайттардан сақтану, ішкі тәртіп талаптары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/1Aq1JAtzpY/

  

Мектеп асханасына тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптардың орындалуы, мектеп асханасында азық-түліктерді уақытылы пайдалану, олардың сақталу мерзімі, перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірде дайындалған астардың сәйкестігін тексеру, балалардың қол жуатын орындары, тағамдардың тоңазытқыштар мен қоймаларда сақталуы, ас әзірлейтін блоктың санитарлық жай-күйі, келіп түскен тамақ өнімдерінің сапасын, дайын тағамның сапасын бақылау мақсатында кезекті тексеру жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02MSiJMyrBdves24jF4oiURH2DKWgWDGZNMnXuQ8PFLjRk2yGzjDft1hD2Pi6T7BQ2l

 

**06.11.2024 ж**
6-8-сыныптар арасында «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға адалдық, еңбексүйгіштік және табысты еңбек арқылы жетуге болатын жетістіктер туралы түсінік беру, тұлға ретінде өз жауапкершілігін арттыру.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0yZFk5QT27FMM22jVZwCZuLKvZw89S6zfsTNiTGuAh855pbRGqoNDCsYpBboArwV1l

  

**07.11.2024 ж**
Мектебіміздің кітапхана оқырмандары қазақтың көрнекті жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай әдеби үйіне саяхат жасады. Білім алушылар жазушының өмірі мен шығармашылығымен танысып, қазақ әдебиетінің дамуындағы Нұрпейісовтің рөлін тереңірек түсінді.

Саяхат барысында Ә. Нұрпейісовтің мұрасын зерттеп, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырды.
https://www.facebook.com/share/v/19awBHs5yE/

**Видео**

**08.11.2024 ж**

СЫР ЛИГАСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!Қызылорда облысының білім басқармасының Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы мектеп оқушылары арасында шығармашылық және спорттық бағытындағы ”Сыр лигасы” облыстық сайысының аудандық кезеңі бойынша мектебіміздің оқушылары жүлделі орындар иеленді.
Мобилография Шоқашев Темірлан I орын (Жетекшісі-Төреахметова Асылзат )
Дебат Асылбекова Жанерке, Жақсыбекқызы Жұлдызай I орын (Жетекшісі - Нұрбаева Ләззат )
Волейбол (отбасылық сайысы) Көбеевтер отбасы III орын (Жетекшісі: Умирбаев Әділжан)
Жігіттер сұлтаны 10"А"сынып білім алушылары "Жалын" командасы III орын (Жетекшісі: С.Тоқанова)ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!!
https://www.facebook.com/share/p/1B6keJCiP4/







**«11.11.2024 ж**

САПТЫҚ ЖИЫН.«Әділдік пен жауапкершілік» айы .Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қараша айының екінші аптасының дәйек сөзі: «Өміріңнің сапасына тек өзің жауаптысың!» Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова өткен шаралар барысында жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, алдағы жұмыс күніне сәттілік тіледі. Аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0mGmghr34JVZtUPtrASN5J6zfdYnWjmnDLMHUDw9AetUiBiYN5Wtb5yZ6H3Lo1f5El?rdid=m0Regj722KjEFn66





10-сынып жетекшілері С.Тоқанова мен Г.Шүкірованың ұйымдастыруымен «Оралхан Бөкей – өр Алтайдың асылы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оралхан Бөкейдің өмірі мен еңбектері жөніндегі оқушылардың білімін тереңдету және талантты тұлғаның қайталанбас қасиеттерін оқушылар арасында насихаттау. О.Бөкейдің шығармашылығынан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу.О.Бөкей шығармаларынан монолог,О.Бөкей туралы ақпараттандыру, слайдпен жұмыс,Кітап көрмесі,Оралханның өмір жолына арнау, өлең шумақтарын шығару,Жазушының танымал кітаптарын оқып, талқылау.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02vCY17ULQGcVoGf6eh25C5Ssr8TS99Wmjh8aqjAQAig69FiREhtc8fH8W2BDuUeHDl?rdid=svJhDm9Qs6Y154LU

**Видео**

БІЗ НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ.Бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда ата-ананың рөлі зор. 5-сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «Толағай» отбасылық спорттық жарысы «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» ұранымен өтті. Жарысқа «Жігер», «Барыс», «Алау» топтары қатысты.Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ.
https://www.facebook.com/share/p/zHpHizv9MjR722uQ/?mibextid=oFDknk

  

Әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – ала отырып, жаман әдеттерден сақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында 6«Ә», 5«Б» сыныптарында «Есірткі - ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаттары болып өтті. Сынып жетекшілері білім алушыларды зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0vfHxoanSzYwhaHJoaa2E2gpka9RnLm3NSZZUzHS3otJt83QTpR1Y6qnnCXKtrQ2Gl?rdid=Hhb0QLhSnll94MOL

**Видео**

Тарих пәнінің мұғалімі С.Қалағаева 7- сынып білім алушыларымен Шығыстың Кербұғысы Оралхан Бөкейдің "Тортай мінер ақ боз ат"әңгімесі бойынша талдау жұмысын жүргізді. Білім алушылар жұмыс барысында: Оралхан Бөкейдің өміріне шолу Қаламгер туралы 10 дерек Еркін жазу әдіс бойынша "Тортайдың арманы ақ боз атқа міну, ал бүгінгі балалардың арманы қандай? Білім алушылар ақ параққа өз армандарын жазып,өзара ой бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0TY1g7x5AuDoEa2XpKP56P73bVFw7xq8m8aHQvhcKhPrXbsZPBwUpUz8tE96RMwrBl?rdid=LpOrRaPnwcbDU7Px



**12.11.2024 ж**

Бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда ата-ананың рөлі зор. Нашақорлықтың алдын алуға бағытталған 6 сыныптар арасында «Спорт» фракциясының ұйымдастыруымен «Толағай» отбасылық спорттық жарысы «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» ұранымен өткізілді.Жарыс нәтижесінде .І орынмен Қарасаевтар мен Бекұзақовтар отбасы,ІІ орынмен Ақтаевтар отбасы,.ІІІ орынмен Өміршеевтер отбасы марапатталды.Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ - ұлт болашағы болмақ
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1926354897872900&id=100014952254603&rdid=SsokZCwYrJqFdAwh

  

Арал аудандық прокуратурасы ұйымдастыруымен «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» атты іс-шарасы жүргізілуде.Түлегіміз Жасұлан Жеңісов «Нашақорлыққа қарсы акцияны» қолдап салауатты өмір салтын қалыптастырып есірткі және өзгеде зиянды заттардан аулақ болуға шақырады.ҚОЛДАЙМЫЗ!
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/517528337940342/?rdid=6FCoTWFFMaLkJjCH

**Видео**

**13.11.2024 ж**

Мектебіміздің "Шаттық"драма үйірмесінің ұйымдастыруымен"Есірткісіз жарқын болашақ" тақырыбында сахналық қойылым қойылды.Мақсаты:Нашақорлық - ғасыр дерті екендігін, адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, зиянды әдеттерден жирендіру, сақтандыру, олардың алдын алу шаралары туралы түсінік беру. Адам денсаулығының қымбаттылығын, бағалы байлық екенін түсіндіру.Театр жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Әбекенова
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1096707161820658/?rdid=tuKHgbQtSqePmUiM

**Видео**

ПРОФИЛАКТИКА КҮНІ.Білім алушылар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу және темір жол объектілерінде орын алатын келеңсіз төтенше жағдайлармен жедел тежегіш қолдану деректерін болдырмау мақсатында мамандармен кездесу өткізілді.Кездесу барысында Арал теңізі ст.ЖПб-нің полицейі, полиция аға сержанты Н. Иманбаев білім алушыларға қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі темір жол объектілерінде құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктерін, көлік обьектілерінде жүріп-туру қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру және құқықтық мәдениетті қалыптастырумен қоғамға қарсы мінез-құлықты болдырмау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, барлық құқық бұзушылықтарға бей-жай қарамай, онын алдын алу, болдырмау мақсатында полиция қызметкерлеріне хабар беріп, ол фактілер бойынша әкімшілік шаралар көрусіз қалдырмау керектігі туралы айтылды. Сондай-ақ, оқушылардың темір жол арқылы белгіленбеген жер арқылы өтпеуі, темір жол маңына жақын ойнамауы, олардың жолаушылар поездарының терезе әйнектерін сындырмауы, темір жолға бөгде заттар қоймауы және де темір жол арқылы өту кезінде құлаққап киіп өтуге болмайтындығы тереңінен айтылып сөз болды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02Ro6oWEA9pKJ6fJBHvFRSoMow27iVr9GEdDi4yMmkpVFco2BsqxptECAa2MgxMPHxl





**14.11.2024 ж**
Мектептің білім алушылары мен Парламент мүшелері қаладағы З. Шүкіров атындағы театрға барып «Есірткісіз жарқын болашақ» фильмін көрді. Бұл фильм есірткінің адам өміріне, қоғамға тигізетін зиянын ашып көрсететін әсерлі туынды. Фильмде адамды нашақорлыққа қалай тәуелді ететінін, оның жеке тұлға, отбасы және айнала үшін қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді. Сонымен қатар, фильм адамды салауатты өмір салтына жетелейтін, есірткіден аулақ болуға шақыратын күшті әрі шабыттандыратын оқиғаларды баяндайды. Фильмді көргеннен кейін әр адам есірткісіз болашақтың тек денсаулық кепілі емес, сонымен қатар арманға жетелейтін, мақсатқа толы өмір екенін ұғынады. Фильм жастарды өз болашағына жауапкершілікпен қарауға, қиындықтарға қарсы тұрып, дұрыс таңдау жасауға үндейді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0GZs3HQjy9ZdA62G74xRK1JXV5MbHu7KgRHG6TYfpxuRbqgv6vQs3J2GN6ysBMrnLl



Мектеп Парламенті және «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Нашақорлыққа қарсы бір айлық» акция аясында «Есірткісіз жарқын болашақ» сахналық қойылымы қойылды.Сахналық қойылымның сценарийін жазып, сахнаға бейімдеп режиссёрлік қырын көрсеткен 10 сынып білім алушысы «Ұланбасы» Д.Үркімбаева мен мектеп президенті Д. Алдоңғаров. Бұл қойылым есірткіден алыс болу арқылы шынайы бақыт пен табысты өмірге жетуге болатынын көрсетеді. Қойылым кейіпкерлердің

қиындықтар мен таңдауларға толы оқиғасын баяндайды, олар есірткіге тәуелділіктің азабы мен салдарын өз көзімен көріп, болашаққа деген үміттерін қайта табады. Қойылым жастарды салауатты өмір сүруге, өз арман-мақсаттарын құрметтеуге және қиын сәттерде күш табуға шабыттандырады. Білім алушылар есірткісіз өмір – жарқын болашаққа апарар сенімді жол екенін сахна кейіпкерлерінің тағдыры арқылы көрсете білді.
https://www.facebook.com/share/v/18UNDtDass/

**Видео**

**15.11.2024 ж**
15 қараша - Ұлттық валюта күні."Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай «Ұлттық теңге - ұлт мақтанышы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Сабақтың мақсаты: теңгенің пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру.Пән мұғалімі: Ж.Мұратбаева.
https://www.facebook.com/share/p/1Em7JdhHsp/




10 "А" сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен “Нашақорлыққа жол жоқ!”тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға нашақорлықтың адам өміріне, денсаулығына, болашағына тигізетін зиянын түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын білу, жастарды нашақорлықтан аулақ болуға шақыру.Сынып сағатында:Нашақорлықтың зардабын түсіндіру, анықтамалар беру.Қазақстандағы нашақорлықты статистиқалық тұрғысында ақпараттар.Білім алушылардың нашақорлық туралы ойын білу үшін сұрақтар қою.Тақырыпқа сай мақал-мәтелдер жалғастыру.Нашақорлықтың зиянын түсіндіру үшін постер қорғау.
https://www.facebook.com/share/p/19hmXx4Kgi/




Мектеп Парламенті және “Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Нашақорлыққа қарсы бір айлық" акция аясында 8 сынып білім алушылары арасында "Біз- салауатты ұрпақпыз!" атты флешмоб ұйымдастырылды.Мектеп білім алушылары "Біз – салауатты ұрпақпыз! “Денсаулық – біздің болашағымыз!”, “Спорт, дұрыс тамақтану және белсенді өмір – өмірлік ұстанымымыз!” ,“Алға, жарқын болашаққа бірге қадам басайық!"деп ұрандатты.
https://www.facebook.com/share/v/19rptvNf4U/

**Видео**

**18.11.2024 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.«Әділдік пен жауапкершілік» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қараша айының үшінші аптасының дәйек сөзі: «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі» Мектеп директоры А.Сауяев өткен шаралар барысында жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, алдағы жұмыс күніне сәттілік тіледі. Аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды.Адам құқығы- бала құқығын қорғаудан басталады» дейді. Иә, шынында, бала дүниге келген сәтінен-ақ өзінің құқығына ие болады.
https://www.facebook.com/share/p/1BPGta6bnP/

 

"Жас заңгер" үйірмесінің жетекшісі С.Қалағаева мен "Құқық" фракциясы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Бала құқығы- асыл қазына» тақырыбында құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесу өткізілді.Білім алушыларға криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі полиция капитаны Мырзағалиев Дулат Қуанғалиұлы және Арал АПБ ЖПҚб ЮПТ УПИ тобының полиция инспекторы қатысып, нашақорлықтың, құқықбұзушылықтың алдын-алудың маңыздылығына тоқталып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді."Есім ойыны "Қасым Аманжоловтың "Тоқта жолдас"өлеңі оқылды. "Сұрақ бізден, жауап сізден" айдарында оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарды қойып,жауап алды.Білім алушылар сынып сағаттарында ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, бала құқығы туралы қажетті ақпараттармен танысып, өз бетінше ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/18iBspKXn8/

 

**19.11.2024 ж**

Қазақстанның мәдениеттанушы-ғалымы, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері, Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болған Мұрат Әуезовтің өмірі, еңбектері, жеткен жетістіктері. өз елін дамытуға қосқан үлестерін өскелең ұрпаққа таныстыру мақсатында «Мұрат Әуезов – ұлы тұлға» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Қазақтың заңғар жазушысы — Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің еңбектері, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасы туралы білім алушылар зерттеу жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/1U9AFVCYpi/

   

**20.11.2024 ж**

20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күні."Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес білім алушыларымен "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында құқық қорғау, органы қызметкерлерімен кездесу өткізілді.

«Ақжүніс» қыздар клубының жетекшісі А.Төрахметованыең ұйымдастыруымен 8-11 сынып қыз балаларымен құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында Арал ауданы полиция бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Есенжолова Гүлнар Төлегенқызы, Арал АПБ ЖПҚб ЮПТ УПИ тобының аға инспекторы, полиция майоры Сермағамбетова Алма Аманкелдіқызы қатысып, алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбындағы қыздар жиналысының күн тәртібімен таныстырды.Арал ауданының полиция бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Г.Есенжолова қыз балаларға беймезгіл уақытта жүрмеу, бейтаныс адамдармен байланыс жасамау, зорлық-зомбылық қаупі туындағанда мектеп психологы және полиция бөліміне хабарлау қажеттігі туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. А.Сермағамбетова ерте жүктіліктің алдын алу, интернет желісі арқылы танысудың қауіптілігі туралы айтып, оқушы ойы тыңдалды

https://www.facebook.com/share/p/19Q1Cag2zB/

 

6"А"сынып тәрбие сағатыТақырыбы: "Буллингтен қорған"Қауіпсіздік сабақ: Кибербуллингінің белгілері, қалай ерте тануға және қорғануға болады?"Сынып жетекшісі: Буркулова Жанат.Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу;"Білемін, білмеймін" әдісі арқылы психологиялық тренинг жасалды;Кибербуллингті алдын алу мақсатында видео арқылы түсіндірме жүргізілді.
https://www.facebook.com/share/p/15Ch4ZNTdg/

 


«Көңілді старт» жарысы – бұл жылдамдық пен ептілікті ғана емес, достық пен ұйымшылдықты да талап ететін көңілді шара! Қатысушылар спорттық ойындар арқылы командалық рухты нығайтып, белсенді өмір салтын насихаттайды.«Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында мектеп Парламенті «Спорт» фракциясының ұйымдастыруымен нашақорлықтың алдын алу мақсатында 4-сынып білім алушылары арасында «Есірткіге жол жоқ! Біз спортты таңдаймыз»тақырыбында көңілді старт ойындары өткізілді. Нәтижесінде 4«Б» сынып «Жігер» тобы I орын, 4«А» сынып «Сұңқар» тобы II орын, 4«Ә» сынып «Қыран» тобы III орын иеленді.
https://www.facebook.com/share/p/19eB8cD5D1/

  

Балаларға қатыгездікті болдырмау және зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында ата - аналарға арнайы жадынамалар таратылды. Жадынамаларда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқығын қорғау және жағымды орта қалыптастыру жолдары туралы маңызды ақпарат берілген. Ата-аналарға отбасындағы жылылық пен түсіністік қалыптастырудың маңыздылығы ерекше атап өтілді.Бала құқығын сақтайық!
https://www.facebook.com/share/v/18LZ73QX9M/

**Видео**

20 қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай үйірме мүшелері "Мен бақытты баламын" тақырыбында шығармашылық жұмыстарын ұсынады.
https://www.facebook.com/share/p/18WtpJ9s4F/

 

Мектеп психологы А.Жубанова 7 сынып білім алушылары мен буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында тренинг сағатын өткізді. Тренинг мақсаты буллинг түрлерін білу, сенімділікті арттыру. Шара барысында білім алушылар түрлі жаттығулар жасап, белсене қатысты.
https://www.facebook.com/share/p/1EzqZSRPz4/



Дүниежүзілік балалар күні қарсаңында "Баланың бас ұстазы - ата-ана" тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізілді. Тренинг барысында бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізілді.
https://www.facebook.com/share/p/15hN9o8Yn2/

**Видео**

**21.11.2024 ж**
Мектебімізде мектеп Парламенті «Құқық» фракциясы мен «Жас заңгер» үйірмесінің жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен жоспардағы «Қылмыссыз әлем - біз ертегі деп есептейді» атты 9-сыныптар арасында зияткерлік ойын ұйымдастырды.Ойынға 2 команда қатысты. Ойын шарты 4 турдан тұрды.ІріктеуСен білесің бе?Жалғасын тапСөз шебері. Қылмыссыз қоғам идеясы адамзаттың ежелгі арманы болып келеді. Бірақ күнделікті өмірде әділетсіздік, заң бұзушылық пен зұлымдық жиі кездеседі, сондықтан көпшілік бұл идеяны ертегі деп есептейді. Дегенмен, қылмысты азайту мүмкін емес деуге болмайды. Білім беру, теңдік және өзара сыйластық қағидаларын ұстану арқылы қоғам әлдеқайда қауіпсіз бола алады. Қылмыссыз әлем – мүмкін болмас арман емес, ол әрқайсымыздың саналы әрекетімізге байланысты жүзеге асатын мақсат.
https://www.facebook.com/share/v/1CpwhCZTw8/

**Видео**

**22.11.2024 ж**
«Әскери қызмет дегеніміз – дені сау әрбір азаматтың асыл парызы, ардақты борышы, кімде-кім әскери қызметтен жалтарса ол патриот емес» Бауыржан Момышұлы. Мектебіміздегі «Азамат» ер балалар кеңесі мүшелерін адамгершілікке, елінің патриоты болуға баулу мақсатында «Грузин-абхаз» қарулы қақтығысына қатысқан Жалғасбаев Марат Әлиұлы және Тәжік-ауған шекарасында қызмет еткен Датиев Талғат Серікұлымен кездесу өткізілді.Кездесу барысында «Барыс» әскери – патриоттық үйірмесінің жетекшісі Ақылбек Әбілқасымұлы білім алушылардың республика көлемінде жеткен жетістіктеріне тоқталып, үйірме мүшелері М.Қабылхан. Б.Ақтай АК-74 қаруын толық емес бөлшектеу және жинақтау тәртібі бойынша үлгі көрсетілім көрсетті.Шет мемлекетте әскери борышын өтеп келген ардагерлеріміз жастарға бейбіт өмірді бағалауға, елін жерін қорғауға, өз ісіне адал қызмет жасауға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/18HeCzFe3t/

 

**«25.11.2024 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.«Әділдік пен жауапкершілік» айы .Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қараша айының төртінші аптасының дәйек сөзі: «Тәннің ләззаты - саулығында, Жанның ләззаты - білімінде» Мектеп директоры А.Сауяев өткен шаралар барысында жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, алдағы жұмыс күніне сәттілік тіледі. Жиын соңында мектеп парламентінің президенті Д.Алдоңғаров аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырып, барлық достарын белсенділік танытуға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/17iHeXyvQH/



Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасының жоспарына сәйкес “Барлық отбасы үшін дұрыс тамақтану” тақырыбында 5-8 сыныптың ата-аналарына дәріс сабақ ұйымдастырылды. Дәріске диетолог маман Қалмағанбетова Светлана және мектеп мейірбикесі М.Ермағанбетова қатысты.
Мақсаты: Баланың салауатты өмір салтының шарты ретінде ата – аналардың теңдестірілген тамақтану мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. Дәрісте дұрыс тамақтану үшін қолайлы жағдай жасау бойынша практикалық консультациялар айтылып, ата – аналарға жадынамалар таратылды. Жауапты маман: Әлеуметтік педагог Ж.Темірхан.
https://www.facebook.com/share/v/15zmLd28ur/

**Видео**

**26.11.2024 ж**
ДЕНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ.Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Отанымыздың келешегі, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтауда..Біздің өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.Осы мақсатта барлық сыныптарда “Дені саудың - жаны сау” тақырыбында тәрбие сағаттары болып өтті.Сынып жетекшілері мен мектеп мейірбикесі М. Ермағанбетова жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтану, тазалықты сақтау, жаман әдеттерден аулақ болу керектігін айтып түсіндірді. https://www.facebook.com/share/p/1PasMs8Dq8/

 

**27.11.2024 ж**

Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасының жоспарына сәйкес “Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу" тақырыбында мектеп психологы А.К.Жубанованың ұйымдастыруымен 8-10 сынып білім алушыларының ата -аналарына дәріс сабағы жүргізілді. Жиналыска мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова, мейірбике М.Ермағамбетова қатысты. Жиналыс барысында ата-аналардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.
Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу.Дәріс сабағы барысында ата-аналарға буллинг және кибербуллинг не екенін тереңірек түсіндіріліп, бала,ата-ана құқықтары жайлы кең мәлімет беріліп, жадынамалар таратылды.
https://www.facebook.com/share/v/1PB4RCKhf5/

**Видео**

**28.11.2024 ж**
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ.Мектепалды даярлық сыныбындағы білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту мақсатында мектеп психологы Г.Әлжанованың ұйымдастыруымен тренинг ұйымдастырылды.Тренинг барысында-Сәлемдесу жаттығуы,- «Манка әдісі» арқылы әріптерді жазу -Бейнелік есте сақтау,-«Айырмашылығын тап» ойыны,-Нейро және сергіту жаттығулары қамтылды. Тренингке қатысушылар белсенділік танытты.,
https://www.facebook.com/share/v/18DqUF2RTg/

**Видео**

9 “Ә” сынып жетекшісі А.Әбдісадықовтың ұйымдастыруымен "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және сақтану" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Сынып сағаты барысында:Бала құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін білу, Жағдаяттық тапсырмаларды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid033X9xmZNmboQJojaqb9CXiWbAcCr4W1zhi3n5b5kgfnZ3kTzGCXELbt8zqM557pXxl

 

**29.11.2024 ж**
Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасының жоспарына сәйкес «Салауатты тамақтану әдеттерін қалыптастыру» тақырыбында мектеп психологы Г. Альжанованың ұйымдастыруымен 1-4 сынып білім алушылардың ата-аналарына тренинг өткізілді. Мақсаты: Баланың салауатты өмір салтының құрамдас бөлігі ретінде ата-аналардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру.Тренингке мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Қалыбекова қатысып, ата-аналарға дұрыс тамақтанудың бала денсаулығына әсері мен қазіргі таңдағы фасфут өнімдерінің зияны туралы айтып өтті. Тренинг барысында ата-аналар дұрыс тамақтану туралы ой пікірлерін ортаға салып талқылады.
https://www.facebook.com/share/v/18gfJboz47/

**Видео**

Мектебімізде мектеп парламентінің президенті Д.Алдоңғаровтың ұйымдастыруымен 8-сынып білім алушылары арасында "Вейптің зияны" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Мақсаты:Оқушыларға вейптің денсаулыққа тигізетін зияны туралы түсінік беру, зиянды әдеттердің алдын алу.Салауатты өмір салтын ұстану.Зиянды әдеттерден бас тарту.Білім беру және ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту.
https://www.facebook.com/share/p/15LjZHADXW/

 

## Желтоқсан айы

**02.12.2024 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.«Бірлік пен ынтымақ» айы Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Желтоқсан айының бірінші аптасының дәйек сөзі: «Бірлігі күшті ел озады» Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Қосымбаева өткен шаралар барысында жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, алдағы жұмыс аптасына сәттілік тіледі. Жиын соңында мектеп парламентінің президенті Д.Алдоңғаров аптада жүргізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырып, барлық достарын белсенділік танытуға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02e2ygUvCwtJKtwF8rQPrggYgHwbrrmrfb6TrCPYb3LJhnEfrX2dwRHk46zqmLiWCAl?rdid=xKHa58AnIHa7hyXY

 

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ Балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында "Балалар кітапханасы" жобасы аясында мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен қазақтың классик жазушысы Б.Соқпақбанвтың "Балалық шаққа саяхат" повесі бойынша 7"В" сынып білім алушылармен танымдық сағат өткізілді.Бердібек Соқпақбаевтың өмірі, шығармалары«Wordwaal» интеллектуалды ойын.Додекаэдр сергіту сәті.Танымдық сағатта білім алушылар шығарма туралы ойларын ортаға салып, пікірлермен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1777040013150893/?rdid=ddssRdVXPoZ8FuQq

**Видео**

**03.12.2024 ж**
БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ туғанына 130 жыл.Бейімбет Майлин - XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол поэзия, проза, драматургия жанрларында еңбек етіп, өз дәуірінің шындығын, қазақ елінің, әсіресе ауыл адамының санасындағы өзгерулер мен жаңаруларды, халықтың бастан кешірген күрделі оқиғаларын, әлеуметтік өмірдің шытырман қайшылықтарын көрсетті. Биыл қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл. Осыған орай, №64, №13 орта мектебінің қосымша білім беру педагогтары үйірме мүшелерімен бірлесіп «Бейімбет Майлин - XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі» тақырыбында танымдық кеш өткізді. Шара барысында білім алушылар жазушының "Күлпаш", "Шұғаның белгісі" шығармаларынан сахналық қойылым қойып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Шара соңында білім алушыларға ұйымдастырушылар атынан сертификаттар табысталды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/931470721933971/?rdid=U7I7bXcxSucrmpIV

**Видео**

**04.12.2024 ж**
6"В"сынып жетекшісі С.Сармpraнованың ұйымдастыруымен "Табиғатқа қамқорлық акциясы" тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қамқорлық жасау. Сабақ барысы: Табиғатты қорғауға байланысты қанатты сөздермен

танысу. Табиғатқа кері әсер ететін факторларды талқылауҮйге тапсырма: "Шыны, пластмасс бөтелкелерге, газетке екінші өмір сыйла" шығармашылық жұмыс.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1941805642994492&id=100014952254603&rdid=VPrLoQpBLdLgeZoh

**Видео**

Адамның бойынан адамгершілік қасиеттер табылса, әрине сымбатты, парасатты көрінеді. Адамгершілік – адамның асыл қасиеті. Осы орайда 10«Ә»сынып жетекшісі Г.Шукурова «Адал ұрпақ» клубының мүшелерімен «Адалдық жүрген жерде – адамдық болады» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларға адалдық, парасаттылық, шындық туралы түсініктерін кеңейту. Қорытынды: Адамгершілік қасиет - жеке адамның басындағы емес, жалпы қоғамның қордалы байлығы.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0ktj3c8y7A2wWwNgLnYZ6At7pYjitpPYy1Yy1FmGtQWynGeUzwwHXxQC9br34PoTWl?rdid=VlDj6ZDholWNmngf






"Отбасындағы ата-ананың және баланың рөлі" тақырыбындағы тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатында отбасы құндылықтары мен оның мүшелерінің қоғамдағы орнын талқылайтын, балалардың отбасы мүшелеріне деген құрметін, жауапкершілігін арттыруды көздейтін дүниелер туралы айтылды. Мақсаты:Отбасы мүшелерінің рөлін түсіндіру;Ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызды орнын көрсету;Сынып білім алушылары 3 топқа бөлініп, оларға тапсырмалар берілді.Жақсы отбасының бейнесін салу"Менің отбасыма көмегім" эссе.Отбасындағы қиындықтарды шешу жолдары туралы ойлар жазу.Бұл тәрбие сағаты отбасындағы мейірімділік пен жауапкершілікті түсіндіруге ықпал етеді. https://www.facebook.com/share/p/1DMHL7evcQ/





Мектебімізде ұзақ жылдар еңбек еткен бейнелеу пәнінің мұғалімі Ибрашева Рая апайдың зейнетке шығуына орай 7«Б»сыныбында «Ұстаз -ұлы тұлға» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларды ұстаздарды құрметтеуге, сыйлауға, бағалауға үйрету.Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Шортанды қаласындағы «Балдәурен» лагеріне жолдама алған шәкірті Е.Алмасов келіп, ұстазын құттықтап, естеліктерімен бөлісті. Соңында білім алушылар ұстазға жүрекжарды тілектерін арнап, алғыстарын «Ұстазым» әнімен жеткізді.
https://www.facebook.com/share/p/1BLxdWNLCP/



8"б"сынып жетекшісі Г.Әбекенованың ұйымдастыруымен "Табиғатты аялайық" тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Табиғат құндылығының маңыздылығы, табиғат пен адамның қатынасының үйлесімділігі туралы түсіндіру. Табиғат байлықтарын бағалауға, сақтауға, табиғатты аялай білуге, қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Сабақ барысы: "Табиғатты қорғай білеміз бе?" Сұрақтарға ойланып жауап беру. Табиғат туралы жаңылтпаштарды жатқаайту.Қорытынды. Табиғат

жерге қандай көрік берсе, адам да өмірге сондай көрік береді. Сондай көрік пен сұлулықтан, жылылықтан тұратын табиғаттағы өсімдіктер мен суларды, жан-жануарлар мен құстарды сақтау, қасиетті жерімізді таза ұстау, аялау - біздің адами борышымыз.
https://www.facebook.com/share/v/15SYL4MEUv/

**Видео**

5 желтоқсан – Халықаралық Волонтерлар күніне орай, біздің мектеп парламентінің мүшелері қоғамға адал қызмет етіп жүрген ағалар мен апаларға ерекше құрмет көрсетті. Оларға алғыс сөздер айтып, жылы лебіздерімен қуантты. Бұл игі істер өзгенің өміріне қуаныш сыйлаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Волонтерлік – жүректен шыққан мейірімнің айқын көрінісі.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/878115671154528/?rdid=IXJCXWdFZAyuMv5F

**Видео**

**05.12.2024 ж**

КІТАП-ДОС, КІТАП-БІЛІМ, КІТАПХАНА-БАҚЫТ МЕКЕНІКітап – білімнің бұлағы, өмірдің шырағы. Ол бізге жаңа әлемдердің есігін ашып, армандарымызға қанат бітіреді. Сен де кітап оқудың қызығын сезінгің келе ме? Онда досыңды ертіп, кітапханаға кел!Бұл челленджідің мақсаты – білім алушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, кітапхананың мүмкіндіктерімен таныстыру және білімнің маңыздылығын насихаттау.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1942482952926761&id=100014952254603&rdid=ZEWJwG14vhr02Nd5

**Видео**

**06.12.2024 ж**

“Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты флешмоб – бұл балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықсыз орта қалыптастыру және қоғам назарын осы мәселеге аудару мақсатында ұйымдастырылатын шара. Осы мақсатта мектеп парламентінің “Мәдениет және спорт” фракцияларының мүшелерімен өткізілген флешмоб барысында қатысушылар түрлі шығармашылық іс-әрекеттер (ән айту, би билеу, сурет салу) арқылы бейбітшілік, мейірімділік және өзара сыйластық идеяларын насихаттады. Бұл шаралар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын қорғауға және зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1767617077337858/?rdid=UUVcZpDI8q5NKim3

**Видео**

“Даналық мектебі” жобасы аясында 9”Ә”сынып жетекшісі А.Әбдісадықовтың ұйымдастыруымен жас отбасылардың өмірдегі, өнердегі жолдарын үлгі ету мақсатында “Жанұяжарасымы” тақырыбында өнерлерімен ерекшеленіп жүрген Есжановтар жанұясымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында отбасындағы жарасымдылық, алғашқы ұстазы және ата-ана бақытына бөленген кезіндегі қуанышты сәттерімен бөлісті. Республикалық дәрежеде өнер саласы бойынша жетістікке жеткен отбасы мүшелері білім алушыларға қонақ кәде жасап, отбасы әкесі Ақсұлтан Есжанов А.Сейітжанның "Өсиет" термесін орындаса, отанасы, мектебіміздің түлегі Әйгерім Досымованың шәкірті Ақбаян Бақтыберген
қобызда АЖұбановтың "Қарлығаш" әнінің әуенін орындап, ерекше көңіл күй сыйлады. Отбасының тұңғышы Дарын Қожабеков Қ.Ахмедияровтың "Күткенде" күйін нақышына келтіріп орындап берді. Жанұяның жарасымды болуына әрбір отбасы мүшелерінің үлесі барына тоқталды. Кездесу соңында білім алушылар алған әсерімен бөлісіп, жүрекжарды тілектерін арнап, естелікке сый-сыяпат жасады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02pzN9ggjS1wdMsp8WMgLnqJLFawnX1mkFFVuSJhHtEAMmTdjY9YcDCFZSJCEACq1tl?rdid=oW66Cq1RQ7mSxemp

**Видео**

**09.12.2024 ж**

САПТЫҚ ЖИЫН.«Бірлік пен ынтымақ» айы.Кезекті саптық жиын.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Желтоқсан айының екінші аптасының дәйексөзі: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев білім алушыларға қоғамда

орын алып жатқан вандализм, вейп, лудомания сияқты жат әрекеттерден бойларын аулақ салу керектігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Жиын соңында өткен аптадағы шаралар барысында жетістікке жеткен білім алушыларды марапаттап, алдағы жұмыс аптасына сәттілік тілей келе іс-шараларда белсенділік танытуға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/18CCCz966B/



«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» дүниежүзілік акции аясында іс-шаралар жоспары бойынша 8 -сынып оқушыларымен «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз» челленджі даст ұйымырылды. Челленджің мақсаты қоғамда орын алып жатқан қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу, оқушылар бойында жауапкершілікті арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.
https://www.facebook.com/share/v/15o7fGDB43/

**Видео**

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ «ЖЕТІСТІГІМДІ ЕЛІМЕ АРНАЙМЫН»ЧЕЛЛЕНДЖІ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын іске асыру барысында ұлттың жаңа келбетін қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды жетілдіру мақсатында желтоқсан айындағы «Бірлік пен ынтымақ» айына сәйкес, мектеп ұстаздары мен білім алушылары, "Жас ұлан" ұйымының мүшелері 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұлтымыздың рухын асқақтатар– «Атамекен» әнін (Сөзі: Қ.Мырзалиев, Әні: Е.Хасанғалиев) орындап, «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджіне үлес қосты.Елге деген сүйіспеншілік пен елжандылықты ұрпаққа үлгі ететін ерекше шара болды.
https://www.facebook.com/share/v/1DowBNcae8/

**Видео**

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні.1-4 сыныптарында «Тәуелсіздік - тірегім,Қазақстан - жүрегім» атты тәрбие сағаттары болып өтті.Тәрбие сахатының мақсаты:еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апаларының ерліктерін үлгі етіп көрсету. Білім алушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілик сезімдерін ояту. Елін, жерін сүюге, Отанын қадірлеуге, жас ұрпақты елжандылық пен шыншылдыққа тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/share/p/15kYvoU2tA/




**10.12.2024 ж**
Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» іс-шара жоспарына сәйкес «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында 4-сынып білім алушыларына мектеп психологы Альжанова Гулбану тренинг өткізді.
Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, жат әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.
https://www.facebook.com/share/v/1EKN96Etmk/?

**Видео**

7 "А"сынып білім алушыларына "Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілдіМ.ақсаты: Еліміздің тәуелсіздігін құрметтеп, өз еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Тәуелсіздік үшін күрескен қазақ батырлары мен тарихи тұлғалардың ерліктерін дәріптеу.

https://www.facebook.com/share/v/1EKRPaf3XQ/?

**Видео**

**11.12.2024 ж**

ЖЕТІСТІГІМ ЕЛІМЕ «Жетістігім еліме» челленджіне қатысушы 9-сынып білім алушысы, «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшесі Дөңес Бегімсұлу. Ол өзінің қолынан жасаған ерекше қолөнерлерін ұсынады.Жасаған бұйымдарының әрбір туындысы ұлттық дәстүр мен шығармашылықтың үйлесімі.

https://www.facebook.com/share/v/1CefEeJMLY/?

**Видео**

**13.12.2024 ж**

Тәуелсіздік күніне орай 6"Б" сынып жетекшісі А.Сүлейменова 8"Ә" сынып жетекшісі Л.Нұрбаеваның ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік жаңғырығы" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларға тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғындыру, батырлар ерлігін үлгі ету, өз елін, жерін мақтан тұту

https://www.facebook.com/share/p/14b1Bj8i2e/?



Бүгінгі 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні құтты болсын! Еліміздің аспаны ашық болып, әрқашан бейбітшілік заман болғай! Егемен еліміздің байрағы биікте самғап, мемлекетіміздің абыройы асқақтай берсін! Тәуелсіздік – бұл бостандық, күш, молшылық және рухани байлық. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мәңгілік баянды болғай! Мектепалды «А» сынып оқушылары Тәуелсіздігімізді ұлықтап өлең шумақтарын арнады. Қабыл алыңыздар!

https://www.facebook.com/share/v/15USpRA1wM/?

**Видео**

**18.12.2024 ж**

Білім алушылардың қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында пиротехникалық заттардың қауіптілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп директоры А.Сауяев пиротехникалық бұйымдардан жапа шегетіндердің басым көпшілігі балалар болатындықтан пайдалану ережелеріне тоқталды.
Мына қарапайым ережелерді есте сақта!жарылғыш затты қалтада алып жүруге;жаймалардан, көшеден пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға;адамға қарай атуға;аяқ астына лақтыруға;бетке жақын ұстауға болмайды!

https://www.facebook.com/share/p/14kxgWpzaY/




БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ11 сынып білім алушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен жиналыс болып өтті.Күн тәртібінде:ҰБТ-ға дайындық барысы,
Жиналыс барысында құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02CfAUJSdpEgpMEeQCA9zD3Jf481Sfqp2icC4S2U3Z5GbPnAEZzUHX8YQ4WVNQPCD3l




**20.12.2024 ж**
У«Зейін-алғырлықтың алғы шарты» тақырыбында ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес мектеп психологы Альжанова Гулбану ата-аналармен тренинг өткізді.Мақсаты: Бала тұлғасының тәрбиесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, педагогикалық және психологиялық кеңестер беру. Міндеттері: Ата-аналардың өзіндік ашылуына жағдай жасау, зейіннің даму проблемасының маңыздылығын түсіндіру. Ата-аналарға зейінді даму дағдыларын меңгеруге көмектесу. Тренинг барысында «Білесіздер Білмейсіздер» әдісі арқылы ата –аналар бір-бірімен жақын танысты. Сонымен қатар, зейіннің ауыспалығын дамыту мақсатында сергіту ойыны ұйымдастырылды. Ата-аналар зейінді дамытуға арналған топтық тапсырмаларды бірлесе орындап, өз ойларын ортаға салып, тренингке белсене қатысты.
https://www.facebook.com/share/v/1B8DvTGV9j/

**Видео**

**23.12.2024 ж**
«Ұстаз» фильмінің көрсетілімі Білім алушыларға белгілі журналист Бейсен Құранбектің"Ұстаз" фильмі көрсетілді.Фильмді көргеннен кейін талқылау өткізіліп, білім алушылар өз әсерлерімен бөлісті. Олар фильмде мұғалім мамандығының қаншалықты жауапты екенін және сабырлылық пен табандылықты талап ететіндігін түсінді. Өз ісіне деген сүйіспеншілікте шеберліктің маңыздылығы көмектесетінін атап өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0Cvfz8ShyVjKNjVySCvLUyPCMrS3spZG9FFyF2Rn7UX2qkBfsqN6eNXSBzi4YAqsjl




**24.12.2024 ж**
”ҰСТАЗ” ФИЛЬМІ  Мектебімізде Ерлан Ошақбаевтың қазақстандық педагогтар мен олардың қоғамдағы рөлін терең түсінуге бағытталған әсерлі туындысы «Ұстаз» фильмін барлық сынып білім алушылары мен ата-аналарына көрсетілді.Фильмнің негізгі идеясы - педагогтың тек мамандық емес, кәсіп пен миссия екенін түсіндіру.
https://www.facebook.com/share/p/1Dnrv2iRKV/




**25.12.2024ж**
РАҚМЕТ саған, ӘЛІППЕ! Бүкіл қазақ баласы дәріптеген,
Қоштаспақпыз сүйікті Әліппемен.Ризамыз бәрімізді таныстырған,Сөз бен дыбыс, әртүрлі әріппенен.
Бүгін 1-сынып білім алушылары «РАҚМЕТ саған, ӘЛІППЕ!» атты ертеңгілікте бүкіл білімнің алғашқы есігі, білім шыңына бастайтын Әліппемен қоштасып, Ана тілі оқулығымен достаспақ. Әліппені аяқтап, білім асуының алғашқы белесін бағындырған білім алушылар алған білімдерін, өнерлерін ортаға салды. Мектеп директоры А. Сауяев кішкентай білім алушылардың білім жолына өрлеген қадамдарына сәттілік тілеп, жылы лебізін білдірді.Болашақтарың жарқын болсын!
https://www.facebook.com/share/p/19dWJjjTNP/

   

**26.12.2024 ж**

Бала қауіпсіздігін сақтау.Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ата-аналар жиналысы болып өтті.ЖиналыстаҚауіпсіз Жаңа жыл, Жол қауіпсіздігі, Құқықбұзушылықтың алдын-алу, Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы мектеп директоры А.Сауяев түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Білім алушылардың мереке күндері, қысқы каникул уақытында пиротехникалық құралдарды қолдануына қатаң тыйым салу, кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуі, көлік жүргізуіне болмайтыны және каникул уақытында білім алушылар білім бөлімінің және мектептің рұқсатынсыз еш жаққа кетпеу керектігі туралы айтылды.Сонымен бірге, ата -аналарға балаларының каникул кезіндегі уақытын тиімді пайдалану мақсатында каникул кезінде өтетін іс-шараларға уақытылы жіберіп тұру керектігі ескертілді.Жиналыстан соң ата-аналармен мектеп шыршасының жанында жаңа жылдық тілектер айтылды.
https://www.facebook.com/share/v/1AeXWkYdR3/

**Видео**

«Өзін-өзі тәрбиелеудің дағдылары»тақырыбында ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес мектеп психологы Жубанов Алия ата-аналармен тренинг жүргізді. Мақсаты:Бала тұлғасының тәрбиесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, педагогикалық және психологиялық кеңестер беру. Міндеттері: Ата-аналардың өзіндік ашылуына жағдай жасау, өзін-өзі дамытудың маңыздылығын түсіндіру. Ата-аналарға өзін-өзі тәрбиелеудің дағдыларын меңгеруге көмектесу. Тренинг барысында өзін-өзі тәрбиелеудің элементтері, нәтижелері туралы түсіндірілді. Ата-аналарға қызықты викториналық сұрақтар берілді, шапшаңдықты дамыту үшін сергіту ойындары ұйымдастырылды. Ата-аналар өзін-өзі тәрбиелеудің дағдыларына арналған топтық тапсырмаларды бірлесе орындап, өз ойларымен бөлісіп, тренингке белсене қатысты.
https://www.facebook.com/share/v/1H68QcGE5n/

**Видео**

ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ! Жаңа жылдық мерекеге орай «Қош келдің, Жаңа жыл!»тақырыбында МАД сыныптары мен 1-4-сынып оқушылары арасында мерекелік ертеңгілік болып өтті.
https://www.facebook.com/share/p/1Kdya4uWfd/

 

ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!Жаңа жылдық мерекеге орай "Жаңа жыл-жаңа қадам,жаңа уақыт!" атты Жаңа жыл шыршасы 5-6 сынып оқушылары арасында мерекелік ертеңгілік болып өтті.
https://www.facebook.com/share/p/1CfbjBSamS/

**Видео**

**27.12.2024 ж**

«Ұстаз» фильмінің көрсетілімі 4-сынып білім алушылары ұстаздарымен бірге режиссёр Е.Ұшақпаевтың «Ұстаз» фильмін көрді.Фильм өте әсерлі, мағыналы болды. Әрбір адамның жүрегінен орын алатын ерекше туынды десек болады. Фильм жүрекке үміт сыйлап, көрерменге адамгершілік , адалдық сынды құндылықтарды ұсына отырып, өмірдің мағыналы сәттерін түсінуге шақырады. Бұл фильм ұстаздарға, шәкірттерге және жалпы қоғамға үлкен рухани демеу бола алады деген сенімдеміз.
https://www.facebook.com/share/p/15bJWHBmxT/

 

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ
Балалардың қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық бастауыш сынып білім алушыларына қауіпсіздік сабақтары өткізілсе, олардың ата-аналарымен жиналыс болып өтті. Жиналыста:Балалардың демалыс кезіндегі қауіпсіздігі.Газ пешін қолдану ережелері.Электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздігі.Жол қозғалыс ережелері.Өрт кезіндегі тәртіп ережелері.Пиротехника пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері.Мұз үстіндегі тәртіп ережелері.Төбешіктен сырғанаудағы мінез-құлық ережелері.Жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы түсіндірме жасалды.
https://www.facebook.com/share/p/1F9wHTtmVL/






## Қаңтар айы

**06.01.2025ж**

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ. Қысқы демалыс уақытын тиімді пайдаланып, тәжірибе алмасу мақсатында бірлескен жоспар негізінде «Білім беру процесінде тиімді әдістерді қолдану» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдері С.Кенебаева мен К.Алжанованың ұйымдастыруымен жас мұғалімдермен іс-шара өткізілді. Мақсаты: Әріптестерімізді заманауи әдіс-тәсілдермен таныстыру, іс-тәжірибелерінде пайдалану жолдарын ұсыну.Барысы:
Психологиялық ахуал «Өзіме-көршіме»
Топқа бөлу «Фонарик» әдісі
1-топ «Ізденіс»
2-топ «Мақсат»
3-топ «Шабыт»
Топтық жұмыс «Сурет арқылы өлең құрастыру»
Жұмбақ шешу Жұмбақты шешіп, суретін салу.
«Шар және стакан» әдісі Әр топқа 10 стакан беріледі. Сандар жазылған стакандарды ретімен шардың көмегімен жинақтап салады. Әр топтан мұғалім шығады. Шарды жерге түсірмей берілген карточкаларды жинайды. «Тарсия» әдісіӘр топқа үшбұрыш қағаз беріледі. Мұғалімдер тапсырманы өздері құрайды және қорғайды.
1-топ «Ізденіс тобы» Сөз таптары
2-топ «Мақсат тобы» Септіктер
3-топ «Шабыт тобы» Сөз құрамы
«Өрмекшінің торы» әдісі. Логикалық сұрақтар.Кері байланысРефлексия «WhatsApp» әдісі
https://www.facebook.com/share/p/18kiNGA99z/

 

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» іс-шарасы қысқы каникул күндерін тиімді өткізу мақсатында мектеп кітапханашылары А. Бекмамбетова мен К.Успанованың және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 3-сынып оқырмандарымен өткізілді. Іс-шара барысында «Әдеби аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріп, автор шығармаларымен танысты.А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев шығармаларын талдап, өлеңдерін жатқа айтты.Іс-шара соңында кішкентай оқырмандар мектеп директорының Дипломымен марапатталды.
https://www.facebook.com/share/v/18cpe8v4z2/

**Видео**

**08.01.2025 ж**

«Балалар кітапханасы»бағдарламасы бойынша «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз»тақырыбында 2-сынып білім алушылары Т.Жексенбайұлының «Әліппе әңгімелері» кітабын оқып талқылады. Әңгіме желісімен сахналық қойылым көрсетті.
https://www.facebook.com/share/v/19nEVx6YZT/

**Видео**

Қысқы каникул кезінде "Жол ережесін сақтайық" тақырыбында “Қозғалыстың жас инспекторларымен” бірге мектеп білімалушыларына жол қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.facebook.com/share/p/1BeLq34xqu/




Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы болып өтті. Әдістемелік отырыстың күн тәртібінде:
Сынып жетекшілердің бала өміріндегі қиындықтарды шешуде түрлі әдіс-тәсілдерді үйлестіруі
І жарты жылдық бойынша сынып жетекшілердің жұмыстарының қорытынды есебі
ІІ оқу тоқсанының қорытындысы Тәрбие орынбасарлары жүргізілетін жұмыстарға тоқталып, сынып жетекші мен ата-ана арасындағы байланысты жандандыру керектігіне тоқталды. Мектеп психологы А.Жубанова психологиялық қолдау тобындағы білім алушылармен атқарылған жұмыстар туралы айтты. Мектеп психологы Г. Алжанова медиация бойынша жасалған жұмыстарға шолу жасады.
https://www.facebook.com/share/p/1DfXithJAn/






Тақырыбы: Отбасы - адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, балалардың өсіп, өмір сүретін ортасы. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: Бала қауіпсіздігінің маңызы
Әлеуметтік және интернет желісінің қауіпсіздігінің алдын алу, ІІ оқу тоқсанының қорытындысы
Ағымдағы мәселелер.Өз кезегінде ата-аналар да бала тәрбиесі баршамызға ортақ екендігін ескере отырып, бірлесе жұмыс жасауға дайын екендіктерін жеткізді.
https://www.facebook.com/share/p/1AtWcT7B44/




**09.01.2025 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН «Заң және тәртіп» айы. Кезекті саптық жиын.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Қаңтар айының екінші аптасының дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев білім алушыларға ІІІ оқу тоқсанының басталуына сәттілік тіледі.Жиын соңында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пән олимпиадасының ІІІ облыстық кезеңінде ағылшын тілі пәні бойынша ІІІ орын иеленген 11-сынып білім алушысы Ж.Ақбаеваны құттықтап, білім алушыларды апта барысындағы іс-шараларда белсенділік танытуға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/14dRM3G31C/




**10.01.2025 ж** Мектеп «Coworking» алаңында 9-сынып білім алушыларына халық ауыз әдебиеті шығармаларын және «Даналық әліппе»тақырыбындағы көрме таныстырылды.
Көрмеге:
«Батырлар жыры»,
«Халық ертегісі»,
«Даналық әліппесі»,
«Қиял-ғажайып ертегілері»,
«Халық әндері» кітаптары қойылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1629977534570952/

**Видео**

10 'А" сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен "Біз сыбайлас жемқорлыққа - қарсымыз!" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын артыру, жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру,адалдық пен әділдік құндылықтарын дәріптеу.
Сынып сағатында: "Сұрақ-жауап"ойыны.Білім алушылар жемқорлыққа байланысты қойылған сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерін айқын жеткізді. Топтық жұмыс "Ситуациядан шығу" ойыны. 3 түрлі қағазға жемқорлыққа карсы бағытталған тапсырмалар беріліп, әділдікке бет бұруын көрсету. Қызықты ойын барысында бейне-суреттер салып, постер қорғады. Білім алушыларға қызықты әрі пайдалы ақпараттар айтылып,әділдікке жету мен жақсы қасиеттерді бойынша сіңіру бойынша түйінді сөздермен қорытындыланды.
**Сілтеме:** https://www.facebook.com/share/v/1GLLcUXgTZ/

**Видео**

**13.01.2025 ж**
САПТЫҚ ЖИЫНҚаңтар айы:«Заң және тәртіп» айы.Кезекті саптық жиын .Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Қаңтар айының екінші аптасының дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар» Саптық жиында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Қосымбаева өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/14ZLffWBQd/




«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»аясында 4«А»сынып білім алушыларымен «Адалдық-ардың ісі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.Мақсаты: білім алушыларға адалдықтың адам өміріндегі маңызы мен

рөлін түсіндіру, адалдықтың адамгершілік құндылық ретінде қалыптасуына ықпал ету. Сынып жетекшісі: А.Шаненова
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid033kijjPWG3zDbm1ppYMNECTiasds5vW8NKtRP8Vsnzh5zT5Yb7Wb7HfAJSp4wcad6l




4«Ә»сыныбында (Сынып жетекшісі: Н.Алдоңғарова) «Адалдық-ардың ісі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: білім алушылардың бойында адалдықтың адамгершілік құндылық ретінде қалыптасуына ықпал ету. Сондай-ақ, оларды өз іс-әрекеттерінде адал болуға, әділдікке, шыншылдыққа тәрбиелеу, қоғамда адалдықты сақтауға деген жауапкершіліктерін арттыру.
https://www.facebook.com/share/p/1XpF1doh3j/



«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»аясында 4«Б»сыныбының жетекшісі С.Садықованың ұйымдастыруымен «Адалдық-ардың ісі» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Сабақтың мақсаты: білім алушыларға адалдықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, адалдықты бойларына сіңіріп, өз әрекеттерін саралауға үйрету.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02e1N1EaRmJ3NJ91eN9YmbgjhEVzQ9Cj3vZ1vADzmyGKWEBMQkYR7XfJGyPHnauQPRl



БІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ! 7б сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен “Біз -- сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!”тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағаты барысында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Калыбекова сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын және оның кеселі біздің мемлекетіміздің әлеуметтік дамуын тежейтінін айтты. Білім алушылар жағдаяттық тапсырмалар бойынша жауап беріп, өзара пікір алмасты.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/910254194562031/

**Видео**

**14.01.2025 ж**

10"А"сынып Сынып жетекшісі: С.ТоқановаТақырыбы: "Отбасы - адам өмірінің тамаша естеліктері мен, балалардың өсіп, өмір сүретін ортасы"  Күн тәртібінде: Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б Қалыбекова бала қауіпсіздігін сақтау, әлеуметтік және интернет желісінің қауіпсіздігінің алдын алу бойынша ата-аналармен пікір алмасты. Мектеп психологы А.Жубанова білім алушылардың шығармашылық ойлауды дамытатын дағдылар бойынша тренинг ұйымдастырды. Сынып жетекші С.Тоқанова II оқу тоқсанның қорытындысымен таныстырып, білім сапасын арттыруда бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.
https://www.facebook.com/share/v/19jTdVEhHx/

**Видео**

**15.01.2025 ж**

"Логикалық ойлауды үйрену" тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес мектеп психологы Г.Альжанова ата-аналармен тренинг өткізді.Мақсаты: ата-аналардың бастауыш мектеп жасындағы баланың логикалық ойлауын дамытуға дайындығын қалыптастыру. Міндеттері: ата-аналардың баланың логикалық ойлауын дамытуға деген ұмтылысын дамыту;ата-аналарды баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі аспектілерімен таныстыру.Логикалық ойлауын дамытудың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал ету;Тренинг барысында ата-аналар «Дөңгеленген жіп» әдісі арқылы бір-бірімен жақын танысып, топтық тапсырмалар орындап, логикалық сұрақтарға жауап берді.
https://www.facebook.com/share/v/1JjGFBaXeT/,

**Видео**

Мектеп білім алушыларының үзіліс кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалануда баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Спорт»фракциясының тютері, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Нағашыбаева «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбы аясында «Бес асық» ойыны арқылы көңілді үзіліс ұйымдастырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/924382323170977/

**Видео**

**16.01.2025 ж**

11-сынып білім алушыларымен мамандық таңдауға байланысты «Армандарыңа сен, талпынып ұмтыл!» тақырыбында студенттермен кездесу кеші өткізілді. Кездесу кешіне 2023-2024 оқу жылының түлектері, қазіргі кезде еліміздің әр түкпіріндегі университетте оқып жатқан студенттеріміз қатысты. Кештің мақсаты бітіріп кеткен түлектердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгі оқушыларымызға үлгі ету. Мектептегі бітіруші түлектерімізге мамандық таңдауда жаңылыспай, мамандыққа деген қызығушылық қабілеттеріне қарай бейімделу керектігі туралы көзқарастарын дамыту. Білім алушылар студенттерге ҰБТ, студенттік шақ, өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, көп мағлұматтар алды. Сонымен қатар, студенттер өздері оқып жатқан жоғары оқу орындары мен мамандық түрлерімен таныстырып, мәліметтер беріп, өз тәжірибелерімен бөлісіп, оқушыларға құнды кеңестер берді. Студенттер мен білім алушылар үшін кездесу кеші әсерлі болды.
https://www.facebook.com/share/p/1DmEPNGBDm/



Білім алушыларға салауатты өмірді дәріптеу, зиянды әдеттерден сақтану мақстанда «Вейп – денсаулыққа қауіпті» тақырыбында 8-сынып жетекшілері Г.Сағымбаева, Л.Нұрбаеваның ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында білім алушылар зиянды әдеттер туралы өз ойларымен бөлісті. Білім алушыларға бүгінгі күнде ағзаға зиянсыз деп танылған электронды темекі, керісінше, денсаулыққа өте қауіпті өнім болып табылатындығы және адам ағзасында түрлі ауруларды тудыратынын , яғни, электронды темекі шегу процесінде никотин, хош иісті, тәтті дәмі бар басқа да химиялық заттардың ағзаға зиянды әсері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02czAzvuZRKPvt1tuBXXRZ7DCzm9TAFXCAPSHz7JEsHzgW7k22stpSxqER4o2Ntozwl

 

7 “А” сыныбында (Сынып жетекшісі: А.Кемалова) “Лудомания. Интернетке тәуелділік” тақырыбында сынып сағаты өтті.Мақсаты: Лудомания және интернетке тәуелділік мәселелер туралы білім беру. Осы тәуелділіктердің зардаптарын түсінуіне көмектесу. Уақытты тиімді пайдалануға қалыптастыру.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1941606649696661/

**Видео**

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы бойынша 4"Ә"- сынып білімалушыларына білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру, ғылым мен білімнің пайдасы, балалар басылымдарын насихаттау мақсатында "Кітаптар қалашығына саяхат" тақырыбында Арал аудандық балалар кітапханасына саяхат жасалынды. Білімалушылар "Жыл он екі ай" кітаптары мен Айгөлек" " Балдырған" , " Балалар әлемі" басылымдарын оқып өз ойларымен бөлісті.
**Сілтеме:** https://www.facebook.com/share/v/14Bg5yeo36/

**Видео**

**17.01.2025 ж**
Мектебімізде "Ақжүніс" қыздар клубының жетекшісі А.Төрахметованың ұйымдастыруымен "Қыз бала-ұлттың ұяты" тақырыбында дебат өткізілді.Дебаттың негізгі мақсаты – қыз баланың қоғамдағы, отбасындағы және ұлттық тәрбиедегі рөлі туралы пікір алмасу, жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау және осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастарды талқылау.Дебат білім алушыларға өз ойын еркін жеткізуге, сыни ойлауға және ұлттық құндылықтар жайлы тереңірек ойлануға мүмкіндік берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1338426223985689/?st=4LGWjzdclwN

**Видео**

10”А” сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен “Вейптің денсаулыққа зиянды әсері” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Білім алушыларға вейптің зиянын түсіндіру, жаман әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.Жүргізілген жұмыстар:Вейп туралы толық ақпарат беріліп, оның зияны мен әсерлері түсіндірілді.Топтық жұмыс:
“Ситуациядан шығу” бойынша тапсырмалар беріліп, дәлелдер келтірілді
“Постер” қорғау:Әр топ вейптің зияны туралы өз жұмыстарын қорғады
Қорытынды:Білім алушылар "Түйінді сөз" арқылы өз ойларын еркін жеткізе білді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1822410225178382/

**Видео**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес 10 "Ә" сынып жетекшісі Г.Шүкірованың ұйымдастыруымен «Біз –сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты:«Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру, өз көзқарастарын білідіріп, дүние танымдарын кеңейту, өз ойларын еркін жеткізе білу .
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1326849208668955/

**Видео**

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасын іске асыру аясында, “Буллинг және оның алдын алу” тақырыбында 9 "А" сынып жетекшісі А.Қаржауованың ұйымдастыруымен сынып сағаты өткізді.
Мақсаты: "Буллинг" сөзінің мағынасын ашу, қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу. Білім алушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.Бейнероликтер көрсетіліп, түрлері бойынша талдау жұмыстары жүргізілді.

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02Q7WKJgGu6KTLDNCjKS5H3DLPUyrWB4KyptHxdjnk69mmJkEnhPDUjo4UmQEFCtmUl



**20.01.2025 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.Қаңтар айы:«Заң және тәртіп» айы. Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Қаңтар айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Әділ заң-аспан тірегі» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев заң мен тәртіп айында өткізіліп жатқан іс-шараларға тоқтала келе, жасөспірімдердің тәртібіне назар аудару керектігін айтты.Сонымен қатар, өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/1FZAuNchVk/

  

“Тәртіп тәрбие бастауы,тәртіпсіздік өміріңнің қас жауы” тақырыбында 7"б"сыныбында сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: білім алушыға құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіру. Тәрбие сағаты барысында білім алушылар тәртіп туралы нақыл сөздердің мағынасын талдады. Тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. Сынып жетекшісі: С.Қалағаева
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02Bb3S4hyamqzp2rEGFGA4hyc4qiiAi9vptW19Nw1pP7pdjmW87nKqeGTHe3NpzGiLl



Қауіпсіздік сабағы: «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар»«Ынтымақ - достық кепілі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: Оқушыларды өзімшілдіктен, менмендіктен, жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сынып: 3«Б»Сынып жетекшісі: К. Алжанова
https://www.facebook.com/share/v/18JqivirXB/

**Видео**

**21.01.2025 ж**
20 қаңтар күні мектебіміздегі асхана жұмысына мониторинг (бракераж) жүргізілді. Мектептегі тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізудің мақсаты: Асханадағы ас мәзірімен танысу және ондағы тағамдардың салмағы мен коллориясының талапқа сәйкестігін анықтау; Асханаға әкелінетін тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды тексеру; Мониторинг жүргізу нәтижесінде комиссия мүшелері асхана жұмыстары талапқа сай екендігін анықтады.
https://www.facebook.com/share/p/1A48PYqBH3/

 

Құмар ойындарының зияны және қаржылық сауаттылық" тақырыбында мектеп психологы А.К.Жубанова 10-сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Мақсаты оқушылардың қазіргі уақытта құмар ойындар проблемасы туралы түсініктерін қалыптастыруға ықпал ету, құмар ойындарының адам психикасына зиянды әсері туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға, өзін дамытуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеу. Тренинг барысында оқушылармен кері байланыс орнатылып, сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/share/v/1EJcna1VVp/

**Видео**

**23.01.2025 ж**
«Бір ел - бір кітап» акциясы бойынша ақиық ақын Жұмекен Нәжімеденов және қаламгер жазушы Тәкен Әлімқұловтың шығармалары мен өмірбаянын дәріптеу мақсатында 6«В» сынып білім алушыларына «Бір дәуірдің қос үні» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.Білім алушылар Ж.Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» шығармасынан өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды.Тәкен Әлімқұловтың шығармаларымен танысты.
https://www.facebook.com/share/v/1BRJ26H3w3/

**Видео**

**24.01.2025 ж**
6«Б»сынып жетекшісі А.Сүлейменованың ұйымдастыруымен кибербуллингтің не екенін, оның құрылымын және егер ол қатысушы болып шықса, қалай әрекет ету керектігін түсіндіру мақсатында «Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және қорғануға болады?» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді.
https://www.facebook.com/share/p/18cwRjpZUC/



8«А»сынып жетекшісі Г.Сағымбаеваның ұйымдастыруымен «Буллингтен қорған!»тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: білім алушыларды өмірде кездесетін буллинг түрлерімен таныстыру. Жеке тұлғаға буллинг және кибербуллингке қарсы тұру туралы білім алуына қолайлы жағдай туғызатын оқу тәрбие процесін ұйымдастыру. Оқушыларда буллингке қарсы көзқарасын қалыптастыру және адамгершілік қасиеттерін дамыту.
https://www.facebook.com/share/p/1NwGq27cYX/



10"А" сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен "Заңды білу-өзіңе қорған болу" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Заңды білу арқылы өздерін қорғауды және жауапкершілікті сезіну.Жүргізілген жұмыстар:Білім алушыларға құқықтық сауаттылық туралы ақпарат берілді.Топтық жұмыс:Күнделікті өмірде кездесетін құқықтық мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынды.
https://www.facebook.com/share/v/14yNCaPuA6/

**Видео**

Құқық бұзушылықтың алдын алу Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасына қарасты жастар денсаулық бөлімшесінің маманы Мейрамкүл Саимова мен психолог Әсел Жақсылықова білім алушыларға "Құқық бұзушылық және жауапкершілік" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0Gy4HeBnxQ2RaX9ZfmnXGeay2TYTRA4LmDmgm41EBZbZP7sN3wtmj1jaAFd2CUUcSl




**27.01.2025 ж**
Саптық жиын. Қаңтар айы:«Заң және тәртіп» айы. Кезекті саптық жиын. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Қаңтар айының төртінші аптасының дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды». Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев заң мен тәртіп айында өткізіліп жатқан іс-шараларға тоқтала келе, жасөспірімдердің тәртібіне назар аудару керектігін айтты.Сонымен қатар, өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/12FWdjUiaCF/?mibextid=wwXIfr



3«В» сыныбында (сынып жетекшісі: С.Сайжанова) «Тәртіп - тәрбие бастауы» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.Мақсаты: - Өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;- Тәртіп не үшін қажет екендігі туралы пікірлесу, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін ояту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра білу.
https://www.facebook.com/share/p/1Do2aZwWZH/



**«28.01.2025 ж»**ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ.Тәртіпсіз ел болмайды,Тәртіпке бас иген құл болмайды.(Б.Момышұлы ) Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-11 сынып білім алушыларымен «Құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу» тақырыбында құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу өткізілді. Кездесуде аудандық прокуратурасының прокуроры Н.Зыяу, ЖПҚб ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанттары Н.Кенжалиев, Б.Ерекеев күн тәртібіндегі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңінен түсіндірме жасады. Аудандық прокуратурасының прокуроры Н.Зыяу білім алушыларға вандализм, вейп,

лудоманияның қоғамға, жастарға әсері туралы түсіндіріп, ата-ананың жауапкершілігінің жоғары екендігіне тоқталды.
Б.Ерекеев білім алушыларға құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты сақтық шаралары туралы өңірде болып жатқан келеңсіздіктерді мысалға келтіре отырып, кез-келген әркет бейнебақылауда екендігін ескертті.Н.Кенжалиев шектелген уақыттан кейін көшеде жүрмеу керектігі, заңды өкілінсіз жүруге болмайтындығы туралы айтты.Мектеп директоры А.Сауяев «Заң мен тәртіп» айы аясында өткізілген бұл шараның білім алушыларға ой салатындығын, бірлескен жұмыстардың нәтижелі болатындығын айта келе, шараға қатысушаларға алғысын білдірді.
https://www.facebook.com/share/1FU2atGrXm/



«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 2«Ә»сыныбының жетекшісі Э.Альмаханованың ұйымдастыруымен «Біз ойнаймыз, ойнаймыз, Кім болуды ойлаймыз ?!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларды мамандық түрлерімен таныстыру, қызығушылығын анықтау және мамандық таңдаудың маңыздылығын түсіндіру.Міндеттері: мамандықтар туралы түсінік беру әр түрлі кәсіп иелері туралы әңгімелеу ойындар мен шығармашылық тапсырмалар арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыру.«Кемпірқосақ: Мен өскенде кім боламын?» бейне сюжет көрсетіліп, бүгінгі сабақ тақырыбы анықталды.Мен кім боламын? Мамандықтар әлеміне саяхат жасалды. Әр оқушы өзінің мамандығы туралы мағұмат берді.«Менің болашақ мамандығым» тақырыбында суреттерді бояу топтық жұмыс.«Мамандықтар» пазл ойыны жұптық жұмыс. Қорытынды Ш.Садыхановтың «Азамат бол!» өлеңімен қорытындыланды.
https://www.facebook.com/share/p/18zjV7pAub/



Тәрбие сағатының тақырыбы: "Жеті жарғы". Сыныбы: 7"Б"сыныбы. Тәрбие сағаты барысында Тәуке хан туралы мәліметтерге шолу жасалып, "Жеті жарғы" заңы туралы түсіндірме жүргізілді.
Қауіпсіздік сабағы: "Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады" Мақсаты: "дос", "достық", "құндылық" ұғымдарын қалыптастыру, төзімділікке, достыққа, серіктестікке және достыққа адалдыққа тәрбиелеу, қиын уақытта достарға көмектесуге үйрету.
https://www.facebook.com/share/p/1BEKQ4mjRg/



**29.01.2025 ж»**
ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛЕСІҢ БЕ?Білім алушыларға заңнамалық мәдениетті қалыптастыру, құқықтарын түсіндіру және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында "Жас заңгер" үйірмесінің жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен 7-сыныптар арасында "Өз Құқығыңды білесің бе?" тақырыбында зияткерлік ойын өткізілді. "Блиц сұрақтар""Мақалдың жалғасын тап""Ситуациялық тапсырма""Танып біл" шарттары бойынша білім алушылар жақсы ойын өрнегі көрсетті. Балалардың саналы әрі жауапты тұлға болып қалыптасуы басты міндетіміз.

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0jB3bFrkcobvrV1rrQZKCpH6xgcDBC7M97MgcJRVx1vdW4BVnzpdtNxnFWjJdZPoXl

 

**30.01.2025 ж**
Қаңтар айы "Заң және тәртіп " айы.Мектеп парламентінің «Дебат» фракциясының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Сен және заң» атты зияткерлік ойын өтті.
Мақсаты — оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, балалардың заңдар мен құқықтық нормалары туралы білімдерін тереңдету.
https://www.facebook.com/share/v/1Kkb6RhH4e/

**Видео**

**31.01.2025 ж**
Жылдық жоспарға сәйкес арнайы педагог Г.Избасханова мен мектеп кітапханашысы А.Бекмамбетованың ұйымдастыруымен білім алушыларымыз «Артық ғылым кітапта, Ерінбе оқып көруге» айдарымен аудандық Абай кітапханасына саяхат жасады.Мақсаты: Білім алушыларды кітап арқылы адамгершілікке, рухани байлыққа тәрбиелеу, көркем әдебиетті жүйелі оқуға тарту, танымдық қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту. Білім алушылар орталық кітапханадағы «COWORKING» орталығымен танысып, дойбы ойнап, әдеби кітаптар оқыды.
https://www.facebook.com/share/p/12DDQCdbMs1/

 

## Ақпан айы

**03.02.2025 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.Ақпан айы:«Жасампаздық пен жаңашылдық» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Ақпан айының бірінші аптасының дәйексөзі: «Жасампаздық- бәрімізге өнеге» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев өткен заң мен тәртіп айында өткізілген іс-шараларға тоқтала келе, жасөспірімдердің тәртібі назарда екендігін айтты. Сонымен қатар, өткен аптадағы қол күресінен 2007-2010 жылдары туылған жасөспірімдер арасында өткізілген аудан біріншілігіне қатысып Ақтай Бейбарыс 11 сынып I орын, Әлиұлы Темірлан 11 сынып l орын, Молдабеков Азамат 11 сынып II орын, Болатұлы Ералы 9 сынып lll орын иеленіп, командалық есепте I орын алған №13 мектеп командасын марапаттады. Жетекшісі: Ерлан СейітқұлҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid022VEf4WJDid9W4yaMze48oNkLNSstJViBEj4F8VfmqrNYZdhP68Txk8DwmdgECdadl

 

Мемлекеттік дін саясатын жүзеге асыру және экстремизм мен терроризмнің алдын алу, кәмелетке толмаған жастар арасында зайырлылық қағидаттарын нығайту, қылмыстың алдын алу, дінтану және құқықтық

сауаттылықты арттыру, рухани-адамгершілік тәрбиені нығайту мақсатында облыстық Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының Оңалту және киберқадағалау жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің Арал ауданы бойынша бөлімше меңгерушісі Молдабаев Ермек Әбдісақыпұлы, аудандық отбасын қолдау орталығының маманы Өтегенов Бексұлтан Әскербекұлы, аудандық отбасын қолдау орталығының маманы Өтегенов Бексұлтан Әскербекұлымен кездесу болып өтті.Кездесу барысында мамандар жоғары сынып білім алушыларына жат ағымдардан сақтану, интернеттен діни ақпараттың қауіптілігі, діни сауаттандыру, жат діни ағымдардың арбауынан аулақ болуға шақыру, әлеуметтік желі арқылы келетін қауіп қатердің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, арнайы бейнероликтер көрсетті.
https://www.facebook.com/share/p/1B5V5j638U/





7«Б»сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен білім алушыларға интернеттегі қауіптермен таныстырып, интернетті және басқа да цифрлық технологияларды қауіпсіз әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында «Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысынды: Ой қозғау. Интернеттің пайдасы қандай? Ол қандай қауіп тудыруы мүмкін? Интернеттегі негізгі қауіптер: Кибербуллинг, фишинг,вирустар мен хакерлік шабуылдар, әлеуметтік желідегі қауіптер туралы оқушы ойы тыңдалды. Қауіпсіз интернет ережелері: Құпиясөзді күрделі әрі қауіпсіз ету, бөгде адамдарға жеке мәлімет бермеу, белгісіз сілтемелерге өтпеу, әдепті интернет қарым-қатынас жасау туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02MNey8rcJrNZFhCUhqH7TohACwrpx1NeB9iciFacgfhrZ7ooFD6wyojYwnjNeq3nl



Қауіпсіздік сабағының тақырыбы: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім» Мақсаты: Білім алушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, жауапкершілігін арттыру
https://www.facebook.com/share/p/19t86D1K1z/



Қауіпсіздік сабағы «ҮЙДЕГІ ОЙЫНДАР: ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАЙМЫЗ» 4"А" сыныбында "Интернеттің пайдасы мен зияны " тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: А. Шаненова
https://www.facebook.com/share/1BbKfwNbNX/




**07.02.2025 ж**
Әдебиетке жаны құмар әр адамның жүрегінде поэзияға деген махаббатты оятқан бір ақын болса, ол - Мұқағали Мақатаев. Оның жырларының тереңіне бойласаң, тұнық әлемге жетелейді. 9 ақпан ақиық ақынның туылған күніне орай "Сөз додасы" үйірмесінің жетекшісі А.Сердалиеваның ұйымдастыруымен «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты әдеби поэзия сағаты болып өтті. Шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан слайд көрсетілді. Үйірме қатысушылары ақын өлеңдерін тебірене оқып, әндерін әуелете орындады. Мұқағалидың шығармашылық әлемінен және жеке өмірінен сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген оқушылар сыйлықтарға ие болды. Мұқағали мұрасы – мәңгілік. Оның жырларымен сусындаған әрбір жан поэзияны сүйіп, сөздің құдіретін ұғынады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0m2jSnysow1ivfuCYAgwDqHs1BPb98ZRoaKgAtLzLcCSPRdEfFUZcfvNwWFuUdoU4l?mibextid=wwXIfr



9 ақпан қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Мұқағали окулары" атты танымдық шара өтті. Бұл шара білім алушылардың ақын шығармашылығына деген қызығушылығын арттыру, поэзияға деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында ұйымдастырылды.Үзіліс кезінде мектептің фойесінде білім алушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты деректермен бөлісті. Әдеби шараны жандандыру мақсатында Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндер орындалып, өлеңдері оқылды.Шараға білім алушылар белсенді қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Жиналған көрермендер әсерлі өлеңдерді тыңдап, ерекше рухани серпіліс алды.
https://www.facebook.com/share/v/15CtTYs4fF/?mibextid=wwXIfr

**Видео**

“Сөз өнері” үйірмесінің жетекшісі А.Кемалованың ұйымдастыруымен “Ақиық ақын - М.Мақатаев” тақырыбында әдеби поэзия сағаты өткізілді. Мақсаты: Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі М. Мақатаевтың шығармашылығын кеңінен таныстыру, философия мен адамгершілік құндылықтарды ұғындыру. Ақын өлеңдеріндегі ұлттың рухы, адамзаттың мәні мен өмір туралы толғаныстарын білім алушыларға жеткізу. Шара барысында білім алушылар ақынның өлеңдерін оқып, ондағы ұлтты сүю, адам өмірінің мәні, табиғат сұлулығы сияқты тақырыптардың идеяларын талқылады.
**Сілтеме:** https://www.facebook.com/share/v/18FRLccnS4/?mibextid=wwXIfr

**Видео**

**08.02.2025 ж**
7-сынып білім алушыларының қатысуымен қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған. «Мұқағали мәңгілік жыр» атты танымдық шара өткізілді. Мектеп кітапханашысы А.Бекмамбетова білім алушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстырып өтті. Шараға қатысушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, шығармаларының желісі бойынша сурет салып, өлеңдерінің сөзіне жазылған әндерін орындады.Нәтижесінде, белсенді қатысушылар мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды.
**Сілтеме:** https://www.facebook.com/share/v/1BovMKpQBE/?mibextid=wwXIfr

**Видео**

**10.02.2025 ж**
САПТЫҚ ЖИЫН. Ақпан айы:«Жасампаздық пен жаңашылдық» айы.Кезекті саптық жиын .Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Ақпан айының екінші аптасының дәйексөзі: «Шығармашыл бала-ойлы бала» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев зиянды

нәрселерден бойды аулақ ұстау керектігін айта келе, жасөспірімдердің тәртібі үнемі қадағаланып, назарда тұрғанын қатаң ескертті.
**Сілтеме:**https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02mK1KyNGfs3hmwKLfh7BhUHCwc1u73JPnZG5u2uWFrJwmVBxBaxq9irLRqhZ3DR3hl



**11.02.2025 ж**
«Жаңашылдық және жасампаздық» айы 3«В»сыныбында (сынып жетекшісі: С.Сайжанова) «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет» атты тәрбие сағаты өтті.Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше қызмет нөмірлері» Мақсаты:  Білімалушылардың өз қабілеттерін танып, оны дамытуға ынталандыру. Өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттыру. Бір-бірін қолдау, құрметтеу және достық қарым-қатынасты нығайту Білімалушыларға төтенше жағдайларда көмек шақырудың маңызын түсіндіру. Төтенше қызмет нөмірлерін есте сақтау және дұрыс қолдануды үйрету. Қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.
**Сілтеме:**https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02AVGtPECibZs7b9VQrw9WZ5FSpXaLKkAfJ6hDQ8ehZ2sZK5wDr2vUJWFciVmAhDWql



МАД және 1-сынып білім алушыларының қосымша демалыс уақытын тиімді үйлестіру мақсатында «Қысқы демалыс:білім мен ойынның тамаша үйлесімі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сай Арал аудандық орталық кітапханаға саяхат жасады. Кітапханада балаларға арналған кітаптармен, ертегілермен танысып, бірге оқыды. Алдағы уақытта жоспар бойыншамұғалімдермен жұмыс;ата-аналармен жұмыс;бала-бақшамен байланыс;білім алушымен жеке және топтық жұмыстар жалғасады.
**Сілтеме:**https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02GBR8btmR4S3EM5fT2qhJWQVdU6iQWPfEyoWMEmShTjrso45cnHLxRcE6BMfgq1wTl



**13.02.2025 ж**.
Мектепалды даярлық сынып оқушылары және 1-сынып білім алушыларының қосымша демалыс уақытын тиімді үйлестіру мақсатында «Қысқы демалыс:білім мен ойынның тамаша үйлесімі» тақырыбындағы іс-шара жоспарына сәйкес «Шебер қолдар: Менің сүйікті ойыншықтарым» сурет салу және жапсыру жұмысына арналды. Білім алушылар қағаздардан әдемі композициялар жасап, өз қолдарымен ерекше жұмыстарын дайындады. Әрқайсысының жұмысы өзіндік ерекшелігімен балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/646612711365149/

**Видео**

**14.02.2025 ж**

14 ақпан - Халықаралық кітап сыйлау күні.Оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, рухани білімін жетілдіру және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.Акцияға мектеп директоры А.Сауяев, мектеп ұстаздары және жасұландықтар қатысып, жаңа кітаптар сыйлап, кітапхана қорын толықтырды.

https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1665238790729580/

**Видео**

14 ақпан - Халықаралық кітап сыйлау күніне орай білім алушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, рухани білімін жетілдіру және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектеп парламентінің мүшелері аудандық Абай кітапханасына кітаптар сыйлап, «Шын жүректен кітап сыйла» акциясында белсенділік танытып, өз үлестерін қосты.

https://www.facebook.com/share/v/19MS1Sg14i/

**Видео**

Мемлекет жене коғам қайраткері, Казакстанда денсаулық сақтау, медицина және тарих салаларының дамуына зор үлесін қосқан СанжарАсфендияровтың туғанына 135 жыл толувна орай тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында Санжар Асфендияровтың өмірі, Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру мен дамыту жолындағы еңбек жолы, ғылыми зерттеулерімен таныстырылды.

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02xktyDZW8cwaSLKnaaLoaRnZoHTiiFvsQwT5yDfcUvmgvfsLNeKqkaM1sSQVSdU1Ml




**17.02.2025 ж**

САПТЫҚ ЖИЫН. Ақпан айы:«Жасампаздық пен жаңашылдық» айы.Кезекті саптық жиын. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Ақпан айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Бала қауіпсіздікті сезініп өссе, ол сенуді үйренеді» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев заң мен тәртіп айында өткізіліп жатқан іс-шараларға тоқтала келе, жасөспірімдердің тәртібіне назар аудару керектігін айтты.Сонымен қатар, өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0sggkr2nYs4fSU5VSuaa96DEkZ9sy6MpiSxfGr3RV5LCmgaWBiizEiJYUpfEeCjvGl




"Менің өмірімді өзгерткен кітап" тақырыбындағы видеороликтер байқауына қатысушылар 8"Б"сынып білім алушысы Өмірзақ Нұрсезім, 7"Б"сынып білім алушысы Есенбаев Мали.Ақпан айы «Жасампаздық және жаңашылдық» айы. Апта дәйексөзі: «Бала қауіпсіздікті сезініп өссе, ол сенуді үйренеді»(Мария Монтессори)3«Б» сынып жетекшісі К.Алжанова «Кәсіпке баулу» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.Мақсаты: Оқушыларды түрлі мамандықтар мен кәсіптер туралы түсінікпен таныстыру. Мамандыққа деген қызығушылықтарын ояту

https://www.facebook.com/share/p/1B9x9xXtvF/

**Видео**

.Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері!»Мақсаты: Оқушыларға төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу дағдыларын үйрету, жылдам әрекет ету тәсілдерін түсіндіру.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/888155266611837/

**Видео**

**18.02.2025 ж**

"Ақжүніс" қыздар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес "Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.Мақсаты:Қыз балалар бойында әдеп пен сыйластық,тазалық пен адамгершілік мәдениетін қалыптастыру,білімді де,білікті қыз бала тәрбиелеу.Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Қосымбаева, Б.Калыбекова , мектеп аяжаны М.Ермағамбетова, мектеп психологы Ә.Жубанова қатысып, өзара ой бөлісті. Ұқыптылық пен үйлесімділік өз бойыңнан табылса" бойынша оқушы ойы тыңдалды. Қыз балалар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарды қойып, белсене қатысты.
https://www.facebook.com/share/p/1EGbmJ8nYj/




ӘДЕБИЕТТІҢ АЛТЫН ТҰЯҒЫ.Филолог, қазақ фольклор зерттеушісі, мемуаршы, публицист, қоғам қайраткері, жазушы, прозашы, тарихи романдардың авторы Мұхтар Мағауиннің 85 жылдық мерейтойына орай «Әдебиеттің алтын тұяғы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеге жазушының «Аласапыран», «Алдаспан», «Тазының өлімі», «Қыпшақ аруы» кітаптары мен фото суреттері қойылып, мектеп білім алушыларына таныстырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/485728007736373/

**Видео**

10 "Ә" сынып жетекшісі Г.Шукированың ұйымдастыруымен құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық және қылмыстық әрекеттердің алдын алу мақсатында "Заңды білу - өзіңе қорған болу" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында құқықтық сауаттылықтың маңыздылығына тоқталып, өмірмен байланысты тапсырмалар талданып, түйінді ой айтылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0E8VdiwMX65KyKLYoiqS3hNHP6QfvJGZPZNd4pXHk2AyoTvHK6mXr7nQpFJKXb9M7l



**19.02.2025 ж**

ҚАУІПСІЗ ЖОЛ ҚР ІІМ көліктегі ПД-нің нұсқауына сәйкес, Арал теңізі ЖПб-нің қызмет атқару аймағында 2025 жылдың 18-20 ақпан күндері аралығында өтіп жатқан «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде. Осыған орай теміржол көлігі нысандарында балалар арасында жазатайым оқиғаларың алдын алу, балаларды және олардың ата-аналарына темір жолдың аса қауіпті аймақ екенін ескерту мақсатында Арал теңізі ст. ЖПБ қызметкерлері білім алушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Осыған орай, Т.Г.Шевченко атындағы №13 орта мектебінің 3-сынып білім алушыларына Арал теңізі станциясындағы желілік полиция бөлімшесі қызметкерлері, Арал аудандық АПб қызметкерлері мен Арал ауданы әкімі аппаратының «Мемлекеттік құқықтық жұмыстар» бөлімінің маманы А.Алдабергенов және Арал теңізі станция бастығы Т.Шуренов темір жол қызметкерлерімен бірлесіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Темір жол бойы қарапайым ережелерді сақтамайтын адамдарға ерекше қауіпті. Адамдардың темір жолда жарақат алуының ең негізгі себебі – ережелерді өрескел бұзуы болып табылады. Темір жолмен

жүруге қатаң түрде тыйым салынған! Темір жол бойымен, шеткі рельстен 5 метрден аса қашықтықта жүру қажет! Темір жолды арнайы төсеніштер арқылы, жақын жерде пойыздың жоқтығына көз жеткізіп барып, кесіп өтуге болады! Темір жолды кесіп өту кезінде құлаққап пен ұялы телефонды пайдалануға болмайтыны туралы оқушыларға жеткізілді.Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтың, яғни жолаушылар поездарына тас лақтыру арқылы терезе сындыру деректерін, темір жолға бөгде заттарды қою сынды әрекеттер әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғатыны ескертілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02X2DZPrBY4NaZYheon1zDbFwMsfCtMKjmutuyCisnnSuQYV8XGUwX7KRHDFZzVzC8l






**20.02.2025 ж**

БАБАЛАР ҮНІ.Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай мектеп білім алушыларына мектеп фойесінде «Классикалық қазақ әдебиеті»тақырыбында дауыстап мәнерлеп оқу шарасы өткізілді.Мақсаты: Оқушыларға қазақтың классикалық әдебиетін таныстыру, Абай Құнанбаевтың мұрасын насихаттау, көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.Қатысушылар ақынның өлеңдерін дауыстап оқып, талдау жасап, әдеби шығармаларынан үзінді оқыды. Іс- шара барысында білім алушылар қазақ әдебиетінің құндылығын түсініп, дауыстап оқу дағдыларын дамытты. Абайдың шығармаларына деген қызығушылықтары жоғары екендіктерін көрсетті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0L1tJNUf1B15WyR3AmEtBRLPAt8c2o3uJTj9SJjtngGXUM6vuNExgKdWCNdDPh7qUl

**Видео**

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 130 ЖЫЛ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына орай 4-сынып білім алушыларына таныстырылым өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға ақынның өмірі мен шығармаларын таныстыру. Бейне көрсетілім арқылы жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер таныстырылды.Білім алушылар жазушының кітаптарымен танысып, шығармаларын оқып берді. Соңында «Wordwoll» платформасы арқылы сұрақтар қойылып, қорытындыланды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0Cacbg9D13FKi1tnfosggGLFssbciNCTqRjsYmZCh8djq4fkJtUBYavGkKbRiqCWEl



АТАУЛЫ КҮНДЕР АЙЛЫҒЫҚазақстанның халық әртісі, әнші, композитор Ескендір Өтегенұлы Хасанғалиевтің туғанына 85 жыл толуына орай 7 сыныптарға танымдық сағат өткізілді.
Сабақ барысында білім алушыларға Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнінің шығу тарихы туралы ақпарат беріліп, композитордың өмірі мен шығармашылығы таныстырылды.Қатысушылар әндерін орындап, ерекше көңіл-күймен тарасты.
https://www.facebook.com/share/v/1AyUvQpcQz/

**Видео**

АБАЙ ІЛІМІН НАСИХАТТАУАқынның қара сөздері мен өлеңдеріндегі ойларды қазіргі заманға сай жеткізу, оқушыларға түсіндіру мақсатында орталық Абай кітапханасында «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» тақырыбында жас ұландықтармен танымдық шара өткізілді. Шара барысында білім алушылар Абайдың қазақ әдебиетінің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал еткен, қазақ қоғамын білімге, ғылымға, адал

еңбекке шақырған дара тұлға екендігі туралы көптеген мағлұматтар алып, өзара пікір алмасты. Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, шығармашылықтарын шыңдай түсті.
https://www.facebook.com/share/p/19wfWNqtCZ/

**Видео**

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай, "Сөз өнері" үйірмесінің жетекшісі А. Кемалованың ұйымдастыруымен "Абайды оқы, таңырқа!" тақырыбында әдеби поэзия сағаты өткізілді.Поэзия кеші ұлы ақынның шығармашылығын тереңірек түсінуге, оның өлеңдері мен қара сөздерінің мәнін ұғынуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың әдебиетке, өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, оларды Абайдың мұрасын құрметтеуге тәрбиелейді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0S481bCT8cUqrJin1tNwf3SUF5J4hdUB8YKpuBc4q2km8bhEtuvobpPwvF94R2G27l

**Видео**

Абайға 180 жылБүгін «Сөз додасы» үйірмесінің жетекшісі А.Сердалиева 6 сынып оқушыларына «Ибрахим-қасиетті есім» тақырыбында әдеби - шығармашылық сағатын өткізді. Шара барысында балаларға ұлы ақынның шығармашылық жолынан таныстырылым көрсетіліп, әдеби музейіне саяхат жасалды. Сондай-ақ, білім алушылар Абайдың әдеби портреті берілген көркем шығармалардан үзінділер оқып, ұлы ақынның бейнесіне талдау жасады. Шара соңында оқушылар ағартушының өнегелі өмір жолы мен шығармашылығына арналған буклеттермен таныстырып, Абай туралы қызықты деректермен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0323h1tjnK3B9AVTXcbtb238QwsJvYNFroqJ6kvZGzRPJ51MCJtinm9RkREdxi8uXPl




**21.02.2025 ж**
АТАУЛЫ КҮНДЕР АЙЛЫҒЫМектеп кітаханасының ұйымдастыруыменКәрібай Ахметбекұлының 85 жылдығына орай«Күрделі өмірдің көркем көрінісі»тақырыбында танымдық сағат өткізілді.Сабақ барсында кітапхана оқырмандары Кәрібай Ахметбековтың өмірі мен шығармаларын оқып өз ойларын жеткізді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/668783009033024/

**Видео**

"Бабалар үні" танымдық акциясы аясында, қазақтың маңдайына біткен ұлы ақын- А.Құнанбаевтың 180 жылдығына орай, мектебіміздің білім алушылары және "Сиқырлы қалам" үйірме мүшелерінің қатысуымен "Қазақ әдебиетінің шебері" тақырыбында әдеби сағат өткізілді. Ұйымдастырушы: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Мусаева. Әдеби кеш аудандық балалар кітапханасында өткізілді. Оқушылар кеш барысында ақынның шығармаларымен танысып, бір-біріне сұрақтар қойып, тұщымды жауаптар алды. Поэзияға жаны құмар шәкірттер ақын өлеңдерін жатқа айтса, ізденімпаз оқушылар ақынның өмір жолынан зерттеу жұмыстарын дайындап әкелді. Кеш соңында, кітапхана қызметкерлері білім алушыларды көрмемен таныстырып, алдағы уақыттарда кітаппен дос болуға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1319843759152916/

**Видео**

Ермұхан Бекмаханұлының туғанына 110 жыл 8 "А" сынып жетекшісі Г.Сағымбаеваның ұйымдастыруымен Ермұхан Бекмаханұлының 110 жылдық мерейтойына орай тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында білім алушылар қазақ тарихшы ғалымы, тарих ғылымдарының докторы , профессор, Қазақ КСР ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ермұхан Бекмаханұлы туралы жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізіп, өмір жолы мен шығармаларының тарихи мазмұны мен мағынасы туралы білімдерін жетілдіріп, шығармашылықпен танысты.
https://www.facebook.com/share/p/18Tv5KaGvG/



10 “Ә” сынып жетекшісі Г.Шүкірованың ұйымдастыруымен “Табыстың күмәнді түрлері” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, алаяқтардан сақтану жолдарымен таныстыруТәрбие сағаты барысында:Бейнероликтегі жағдаят бойынша талдау жұмысын жүргізу"Қалай сақтауға болады" түсіндірме жұмысы Қорытынды және кеңестер
https://www.facebook.com/share/p/1FzdktJvJP





10 “А” сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен “Өміріңнің қауіпсіздігі - өз қолыңда!” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Білім алушылардың қауіпсіздік туралы білімдерін кеңейту, қауіпті жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйрету, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.Тәрбие сағатындағы топтық жұмыстар:Жағдаяттық сұрақтарға жауап беру“Дұрыс/Бұрыс” тұжырымдарды анықтауҚауіпсіздік белгілерін анықтауТәрбие сағатына білім алушылар белсене қатысып, қауіпсіздік жайындағы түсініктерін арттырды. Қорытынды сөз: Қауіпсіз өмір - бақытты өмір
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1266814744869875/

**Видео**

**24.02.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН Ақпан айы:«Жасампаздық пен жаңашылдық» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Ақпан айының төртінші аптасының дәйексөзі: "Жаңашылдық- заман талабы"Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жасампаздық пен жаңашылдық айында өткізіліп жатқан іс-шараларға тоқтала келе, жасөспірімдердің тәртібі мен қауіпсіздігіне назар аудару керектігін айтты.Сонымен қатар, өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/1A9s4XWxgU/




**25.02.2025ж**

«Жастар-лудоманияға қарсы» акциясы аясында «Бастау» жастар ұйымының мүшелері құмар ойындарға тәуелділіктің (лудомания) жастарға тигізетін әсерін, оның алдын алу жолдарын және жас мұғалімдердің бұл мәселедегі рөлін талқылады.Жас педагогтар – болашақ ұрпақты тәрбиелеуде негізгі күш. Олар білім алушылардың саналы ойлауын қалыптастыруда, зиянды әдеттерден қорғауда үлкен жауапкершілікке ие.
https://www.facebook.com/share/v/1Scrt5zMHF/

**Видео**

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» кешенді іс-шара жоспарына сәйкес "Заң-- тәртіп пен әділеттіліктің негізі" тақырыбында мектеп инспекторы Қ.Актілеу білім алушыларға түсіндірме жұмысын жүргізді. Мақсаты: Құқықбұзушылық пен нашақорлықтың, лудомания, вандализм, буллинг пен кибербуллингтің және зорлық- зомбылықтың алдын алу
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid061MvsPngGBM2usDvPijTkfSC1EHHLTdp3bJrxn713G8G7MrU2TaQN52QyiRsqRp1l




"Жігер' дебат клубының жетекшісі Л.Нұрбаеваның ұйымдастыруымен " Заң және қоғам" тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Мақсаты: Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.
Құқықтық мәдениетті қалыптастыру және заңға бағынудың маңыздылығын түсіндіру. Заң мен тәртіпті сақтаудың қоғам үшін маңыздылығын талқылау. Білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0ZE6vhAEgmjQdvnr9UHaVBZJDLfSrq63vAbk65pYQ52tcfnUdJXZEyYWKhbAb5PP6l




“ЛУДОМАНИЯ, ойынқұмарлықтың зияны” тақырыбында мектеп психологы А.К.Жубанованың ұйымдастыруымен 9 сынып оқушыларына тренинг сабағы жүргізілді. Мақсаты оқушылардың құмар ойындардан аулақ болу, кері әсері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазіргі таңда қоғамымызда белең алып отырған құмаройындарға тәуелділіктің алдын алу мақсатында өткізілген сабақ барысында лудомания себептері, салдары, тәуелділік белгілері туралы түсіндірмелер жүргізілді. Оқушылар лудоманияның кері әсері туралы өз ойларын ортаға салып, постерлерін көрсетіп, пікірталас қызықты болды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid022JmDdAUURVfsMLwmhptZ1XNzayFcQrxYwmunpFMPFyW2AME3r3MGkjJX69dbR99Bl



АЛТЫН ЖҮРЕК «Мектеп парламенті» жобасы аясында мектебіміздің еріктілері челленджге өз үлестерін қосты. Мақсаты- оқушыларға адамгершілік құндылықтарды насихаттау, мейірімділік пен жанашырлықты дамыту және қоғамға көмек көрсету мен өзара қолдануды үйрету.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1750948335638355/

**Видео**

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ "Заң және тәртіп" кешенді іс- шара жоспарына сәйкес 9"Б" сынып білім алушысы Дөңес Бегімсұлу жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты акция аясында ерекше қолөнер бұйымын жасады. Бұл туындының басты мақсаты – нашақорлықтың зиянын көрсету және жастарды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру.

https://www.facebook.com/share/v/1YtbZjAAJx/

**Видео**

**26.02.2025ж**

ҮНЕМДІ ТҰТЫНУ Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 6"Б" сынып білім алушысы Кенесары Томирис "Үнемді тұтыну" аясында суды, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарды ұқыпты қарауға шақырады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/876628964494113/

**Видео**

Кезекті сынып жетекшілер отырысы болып өтті.Күн тәртібінде Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, Құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, Буллинг, вандализм, вейп, лудоманияның қоғамға әсері Күн тәрбіндегі мәселелер бойынша жауапты мамандар хабарлама жасады. Мектеп директоры А.Сауяев отырысты қорытындылап, сынып жетекшілер мен тәрбие мамандарын бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0Cwh9Rj9htpfuhtoa6LAoNocPvmDzRwE4CWFmgDL3uocZngq581ibkjWXTt3t6Q67l



1 наурыз - Алғыс айту күні Тақырыбы: «Ізгіліктің бір ізі - алғыс» Сыныбы: 3«А» Сынып жетекшісі: Динара Малдыбаева. Адамдардың бір-біріне құрмет көрсетіп, алғыс айтатын күні. Баршаңызды алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймыз.
https://www.facebook.com/share/v/1CKsMVbUtW/

**Видео**

АЛҒЫС АЙТУ - АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ 4«Ә» сыныбында ата - анаға , үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек , ізеттілік туралы түсінік беру мақсатында « Алғыс айту - парызымыз» атты тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі Н.Алдонғарова
https://www.facebook.com/share/p/1Mn5rZLcJf/




**27.02.2025ж**

ШЫН ЖҮРЕКТЕН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ! Алғыс айту күні – қазақ халқының дархандығы мен даналығын көрсететін айтулы күн. Бұл мерекенің кең ауқымды мән- мағынасы бар.Қазақ халқы осы күні бір-біріне, атаға, әжеге, әкеге, анаға, ағаға, әпкеге, ініге, ұстазға, елге, өмірге өз ризашылығын білдіреді, құрметін көрсетеді.1«Б» сынып білім алушыларының құттықтауы. Сынып жетекшісі: Кенебаева Сандуғаш
https://www.facebook.com/share/v/1BGiqhpT1w/

**Видео**

«Ақжүніс» қыздар кеңесінің жетекшісі А.Төрахметованың ұйымдастыруымен "Қыз бала тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілдіМақсаты: Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасына қарасты жастар денсаулық бөлімшесінің маманы М.Саимова жасөспірім қыз балалардың жеке бас гигиенасы бойынша түсіндірме жасады. Психолог Ә.Жақсылықова жасөспірім қыз балалардың

мінез-құлығындағы өзгерістерге тоқталды. Абай ауылдық емханасының гинекологы М.Имжанова ерте жастағы жүктілік туралы айтып өтті. Білім алушылар сұрақтарына жауап алып, өзара пікір алмасты.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02XijiTgfdN61BYpH2GpLZ2rs5x8y44p4LGR1W25BubeDf9XCfeFyMknCHmCj6mFy1l




**«28.02.2025ж»** ШӘКІРТ ТІЛЕГІ Көктемнің алғашқы күнімен келіп, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке - Алғыс айту күні құтты болсын! Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парыз. Алғыс айта білген адам алғыс арқалай алады. Сондықтан күн сайын, тіпті сағат сайын әртүрлі себептерге байланысты бір-бірімізге алғыс айтқанымыз артық болмас. Бүгін мектеп түлегі, танымал эстрада әншісі ЖАНБОЛАТ ЕРБАТЫРОВ мектеп ұжымы мен ұстаздарына Алғыс білдіреді.
https://www.facebook.com/share/v/1PsmbRyJrX/

**Видео**

АЛҒЫС АЙТУ Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні белгілі. Ол1 Наурыз - Алғыс айту күні. Осы орайда, мектебіміздің 8 "Б" сынып оқушылары кіші қызметкер аналарды құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп, ыстық ықыласпен Алғыстарын жеткізді.
https://www.facebook.com/share/v/15d3RQJLgu/

**Видео**

1 НАУРЫЗ АЛҒЫС АЙТУ «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай «Шын жүректен, мың алғыс!» атты мерекелік құттықтауларын жолдайды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1317419476229513/

**Видео**

«АЛҒЫС АЙТУ – ПАРЫЗЫМ» Алғыс айту күні – бірлік пен достықтың, мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі.
1 наурыз-Алғыс айту күнін мерекелеу аясында 4«А» сынып (сынып жетекшісі: А.Шаненова) білім аушылары ұстаздар қауымына, кіші және мектеп асханасының қызметкерлеріне ашық хаттар табыстап, тамаша көңіл-күй сыйлады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1297261631534822/

**Видео**

МЕНІҢ СҮЙІКТІ КІТАБЫМ «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мектеп білім алушылары Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Менің сүйікті кітабым — Абай шығармалары» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. Челленджде білім алушылар А.Құнанбаевтың «Қалың елім қазағым...» кітабымен таныстырып, оқуға кеңес берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1368506641258782/

**Видео**

Алғыс айту күні! Бүгін – жүректен шыққан жылы сөздер мен шынайы алғыстардың күні! Біз, 4«Б» сыныбы, бізге білім беріп, қамқорлық танытқан ұстаздарымызға, жақсылық жасаудан жалықпайтын жандарға және жанымыздағы барлық жақсы жандарға шексіз алғыс айтамыз! Ізгілік пен мейірім әрдайым айналамызда болсын! Жылы сөз әр күнімізді шуаққа бөлесін!Рақмет сіздерге!
https://www.facebook.com/share/v/18iLeL9cte/

**Видео**

1 НАУРЫЗ-АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ 3«Б» сыныбында 1 Наурыз – Алғыс айту мерекесіне орай «Алғыс – ізгі ниет!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың бойында туған жерге, ата-анаға, барша тіршілік иесіне құрмет көрсету, алғыс айту, ризашылық білдіре білу қасиеттерін дамыту. Білім алушылар бір-біріне жылы сөздер айтып, Отанына, туған жеріне, ата-аналарына, ұстаздарына және достарына алғыстарын білдірді. Сынып жетекшісі: К.Алжанова
https://www.facebook.com/share/v/18x1kjdn5J/

**Видео**

1 Наурыз -Алғыс айту күніне орай "Құшағын ашқан бәріне Туған жер, саған мың алғыс" атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. Сонымен қатар, мәнерлеп оқудан ақындардың өлеңдері де орындалды. Бұл шара ризашылық пен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, жүрекжарды өлеңдер мен рухты әндер орындады.
https://www.facebook.com/share/v/18NK9vzxiA/

**Видео**

1 наурыз - Алғыс айту күні Бұл күн өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Көңілді жадыратятын жақсылық істеріміз бен айтар алғысымыз көп болсын. Сіздерді елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған мерекемен 10 сынып білімалушылары ұстаздарды құттықтай отырып, ризашылықтары мен жылы лебіздерін білдірді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1104751928117775/

**Видео**

1 наурыз - Алғыс айту күні Бүгінгі татулық пен ризашылық мерекесіне орай, білім алушыларды отансүйгіштік пен елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1566930500636887/

**Видео**

## Наурыз айы

**03.03.2025ж**
САПТЫҚ ЖИЫН Наурыз айы:«Тәуелсіздік және отаншылдық» айы.Кезекті саптық жиын . Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Наурыз айының бірінші аптасының дәйексөзі: "Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің..." (Б.Момышұлы)Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі. Білім алушыларды наурыз айындағы мерекелерге байланысты өткізіліп жатқан іс-шараларға белсене қатысуға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/15GZ21zRMB/




**05.03.2025ж**
«СЫР ЛИГАСЫ» байқауы «Ана туралы жыр» хор байқауы Облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» жобасы аясында «Ана туралы жыр» балалар хор байқауының мектепішілік кезеңі өтті.Мақсаты: Хор өнеріне жас жеткіншектерді тарту.Балалар мен жастар арасындағы өзара түсіністік пен достық қарым - қатынасты нығайту.Жас ұрпақтың ұжымдық орындаушылық мәдениетін, көркемдік-эстетикалық талғамын арттыру.Хорда ән айту дағдыларын қалыптастыру.Байқау қорытындысы бойынша 4-5-сыныптардан құралған «Балауса» хор ұжымы аудандық сайысқа жолдама алды. СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!
https://www.facebook.com/share/p/1ACV6SQEnP/



**06.03.2025ж**

10«А»сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен «Құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларға құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершіліктің мәні мен маңызын түсіндіру, нақты өмірден мысалдар арқылы заңның қоғамдағы рөлін көрсету.Тәрбие сағаты барысында:Әлеуметтік жауапкершілік туралы түсінік беріп, білім алушыларға бағдар беру;Сұрақ-жауап Жағдаяттық сұрақтар қойып, қандай ситуацияда қалай әрекет ету керектігін нақтылау.Тәрбие сағатында білім алушылар белсене қатысып, заң мен тәртіп аясындағы білімдерін кеңейтті.Қорытынды сөз: Құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершіліктің қоғамдағы маңызы аса зор, әрбір жас білім алушы өз бойына әлеуметтік жауапкершіліктің белгілі формуласын сіңіріп, алдағы уақытта керек кезде қолдана білуі тиіс.
https://www.facebook.com/share/v/1ActbrHndx/

**Видео**

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» жобасы «Біртұтас тәрбие»бағдарламасына сәйкес 3-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «ӘЖЕЛЕРДІҢ ӨШПЕЙТІН ӨНЕГЕЛІ ҮЛГІСІ» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. «Тегін білу тектілік». Әжелердің ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігі, өнегелі әжелердің немерелеріне нені үйрету керегін, бойына тектілікті әженің жырымен, үнімен сіңірген ұрпақтан, қандай қиындықта да жігерлі, ұлағатты тұлға шығатынын сендіре білген әжелер әңгімелерін тыңдады.«Мақал-сөздің мәйегі».
Суреттер арқылы мақал-мәтелдерді табу.«Ұлттық құндылықтарды дәріптеу». Әжелер жүн сабау, ұршық иіру, жүннен бұйымдар жасау, тоқу техникаларын немерелеріне үйретумен жалғасты. Ардақты әжелеріміз немерелеріне салт- дәстүрлердің құндылығын түсіндірді. Шарада балалар әжелерге әсем әндер орындап, көңілді билер биледі. Немерелеріне үлгі болуды дағдыға айналдырған әжелеріміздің қатары көп болсын!
Ұйымдастырушылар: Л.Кзаева К.Алжанова Д.Малдыбаева С.Сайжанова
https://www.facebook.com/share/p/1E4LHQ8Bn8/




«ШАБЫТ» жобасы «АНАНЫҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫ» челленджі Бесік жырың ғұмырымды күй қылған.Есіл нұрың ойыма ақыл құйдырған. Асыл ана, құтты болсын мерекең!Құшағына күллі әлемді сыйдырған.Аяулы, сүйікті, қамқоршы асыл аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын!
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02fXdtAyEDPN3A4e1VA4RKTCSXLP83xVat5Sy29kCBArdCSmFWKPJ16TLkSSd1v4iKl

**Видео**

«СЫР ЛИГАСЫ» сайысы ЖАЙДАРМАН-2025 Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» мектеп оқушылары арасында шығармашылық және спорттық бағытындағы «Сыр лигасы» облыстық сайысының мектепішілік кезеңі бойынша 7-9 сыныптар арасында көңілді жайдарман сайысы болып өтті.Сайысқа: «Алаш елі», «Сағыздар», «Тентектер», «13 стиль», «Dos-star», «Төртбармақ», "Жастар" командалары қатысып, 9«А» сыныбынан құралған «Тентектер» командасы үздік деп танылып, аудандық кезеңге жолдама алды. Қатысқан командалар мектеп директорының Дипломымен марапатталды.
https://www.facebook.com/share/p/1NSU4b2tbg/



7"Б" сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен "Адам өмірі --басты құндылық" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: Адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту. Білім алушылардың жақсы қасиеттерін ашып, жағымсыз қасиеттерден арылту, өмірде болатын қиын мәселелерін шеше білуге және достарына көмектесуге тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1277144416705812/

**Видео**

**07.03.2025ж**

8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні 1 «А» сыныбында (сынып жетекшісі: А.Кикимова) аналар мерекесіне орай «Ана-өмірдің гүлі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналар мен әжелерді мерекемен құттықтау. Балаларды білімге, адамгершілікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу.Ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.Білім алушылар ана туралы жаттаған өлеңдерін айтып, әндерін орындады. Өз қолдарымен аналарына арналған ашық хаттар жасады.
https://www.facebook.com/share/v/1EwBZ4esyC/

**Видео**

“Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы” Мақсаты:Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте қоғамның,елдің,ұлттың тыныс тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу. Танысу ”Менің анам-ол…” “Менің қызым-ол…” Ой қозғау “Қызға анадан артық дос бар ма?”Анаға сәлем жолдау“Ешқашан ананың қоңырауынан бас тартпа” “Қызыма аналық ақылым!”аналар өз балаларына ақыл кеңестерін айтты Қорытынды”Ана мен қыз”әні орындалды.
https://www.facebook.com/share/v/1Bn6YLFgFE/

**Видео**

**11.03.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН Наурыз айы:«Тәуелсіздік және отаншылдық» айы.
Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Наурыз айының бірінші аптасының дәйексөзі: «Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі. Білім алушыларды наурыз айындағы мерекелерге байланысты өткізіліп жатқан іс-шараларға белсене қатысуға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0xqpnXiv5BDYNhhcqAGfLYzr5jN851MwVgDQFNYpGPr5RUQkHwiZU5LygkbEeEXXJl




“АНА ТІЛІ АРУЫ” МЕКТЕПІШІЛІК БАЙҚАУЫ"Ақжүніс" қыздар кеңесінің төрайымы А.Төрахметова мен арнайы педагог Г.Избасхорованың ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылар арасында «Ана тілі аруы» атты облыстық "СЫР ЛИГАСЫ" байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді.Мақсаты: - Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере

отырып,жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру;-Қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.Байқау кезеңдері: 1. Сәлем -сөздің анасы2. Кім тапқыр?3. Монолог оқу4. Өнер сайысы5. Менің сәнді-ұлттық киімім. Нәтижесінде 10"Ә" сынып білім алушысы Қожахметова Аружан аудандық кезеңге жолдама алды. Аружанға сәттілік тілейміз!
https://www.facebook.com/share/v/1HoZxwdwN6/

**Видео**

Мектеп парламентінің "Дебат" фракциясының ұйымдастырушысы Ж.Асылбекованың ұйымдастыруымен "Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу" бағытындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, "Интернет және жасөспірім" тақырыбында дебат өткізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02iBjRJwADKKtfRrGY1uETcYv9bnKghJsqx3HKcmFr1XH8TXdTXQQ17oAPNcZqWReMl




**13.03.2025ж**

«ҰЛТТЫҚ ӨНЕР - ҰРПАҚҚА МҰРА» ұлттық көрме «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында көркемдік-эстетикалық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ұлттық өнер ұрпаққа мұра» атты көрме өтті. Көрменің мақсаты – жас ұрпаққа қазақ халқының ұлттық қолтаңбасын, өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу, мақтаныш ету.Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден басталады.Көрмеде ұлттық стилідегі эксклюзивті қолдан жасалған бұйымдар, әсем ұлттық ою-өрнектермен кестеленген көрпешелер, жүннен жасалған бұйымдар, әртүрлі рәсімдерге арналған бұйымдардың кең түрлері ұсынылды.Ұлттық өнер – халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Осы уақытқа дейін күнделікті тіршілікте қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, әшекей бұйымдар – талай ұрпақтың ақыл-ойының жемісі. Көрмедегі ұсынылған жұмыстарға қарап, жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтардың қаншалықты терең із қалдырғанын байқауға болады.
https://www.facebook.com/share/v/19ZrFwWKpw/

**Видео**

**14.03.2025ж**

14 наурыз – Көрісу күні - Амал мерекесі. Көрісу күні – қазақ халқының көнеден келе жатқан ұлттық мейрамы. Көрісу – тек бір-бірімен сәлемдесіп, амандық сұрасу ғана емес, ата-бабадан қалған рухани байланыстарды нығайтатын ерекше дәстүр. Мектеп директоры А.Сауяев бастаған ұжым мүшелері де бір-біріне жақсы тілектер айтып, бүгінгі күнді ерекше көңіл-күймен бастады.
https://www.facebook.com/share/p/15tD2TEeXy/

**Видео**

Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизм және терроризмнің алдын алу мақсатында "Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Жасөспірімдердің діни бағыттарға қызығушылық таныту фактілерін анықтау, болдырмау бойынша профилактикалық шараларға орай көшбасшылық қабілеттерін дамыту, ойын ашық жеткізе білуге үйрету негізінде өзара пікір алмасты.Білім алушылар ұлттық құндылықты насихаттауда өткізіліп жатқан іс-шараларда жеткен жетістіктеріне тоқталып, ұлттық құндылық түрлері бойынша болашақтағы жоспарларымен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02Ku1rXqUkvM2wj2BZKHR7uVDAYCJ3N6S3kgjzi56uwKdbz8SDjXiT4Gs9shGUh72Cl

 

Мектеп кітапханасында «Кітаппен жарқын әлемге» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде мектеп білім алушыларына жасөспірімдердің қызығып оқитын кітаптары таныстырылды. Олар өздері оқыған қызықты кітаптарын ұсынып, оқуға кеңес берді.
https://www.facebook.com/share/v/15wi3LuKjD/

**Видео**

**15.03.2025ж**

«Жас ұлан» ұйымының жылдық акциясы аясында 15 наурыз күні ұландардың «Дармарка» тегін сый жәрмеңкесі өткізілді. Мақсаты: кез-келген қолданылмай тұрған, бірақ ұқыпты әрі таза ұсталған заттарды басқаларға сый ретінде бере отырып, ол затқа екінші өмір сыйлай алу; осындай игі ниетке толы істі жасата отырып, оқушыларды адамгершілікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/628428776636001/

**Видео**

«СЫР ЛИГАСЫ» "ЗИЯТКЕР ОТБАСЫ" САЙЫСЫ Облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» сайысы аясында 6 сыныптар арасында мектепішілік "Зияткер отбасы" сайысы өткізілді.Сайысқа 3 отбасы қатысып, өз білімдерін көрсетті.Сайыс 5 кезеңді қамтыды. 1кезең «Бәйге» 2кезең «Құндылықтар қоржыны» 3кезең «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы Қазақстан» 4кезең «Ұлы адамдар» 5кезең «Логикалық сұрақтар» Әр турда 10 сұрақтан жасырынған. Сұрақтарға барлық отбасыларымыз ұтымды жауап таба білді. Сайыс қорытындысы бойынша 1-орынды Самбаевтар отбасы, 2-орынды Исраиловтар отбасы, 3-орынды Өміршеевтер отбасы иеленді. Сайысқа қатысқан отбасыларына алғыс білдіреміз! Ұйымдастырушылар: Ж.Темірхан, А.Жубанова, Г.Альжанова
https://www.facebook.com/share/v/15aaJfA1S3/

**Видео**

**17.03.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫННаурыз айы:«Тәуелсіздік және отаншылдық» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Наурыз айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Ар - намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев өткен аптадағы жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі. Білім алушыларды наурыз айындағы мерекелерге байланысты өткізіліп жатқан іс-шараларға белсене қатысуға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/19RW2QkWkW/



НАУРЫЗНАМА Наурыз мерекесіне орай «Қыздың көркі бұрымы» шарасы өтті.
Мақсаты: қазақ қыздарының сұлулығын, нәзіктігін және ұлттық дәстүрлерге деген құрметін насихаттау, шаш өру өнерін дәріптеу.
https://www.facebook.com/share/p/1MAsq8ha62/

**Видео**

«СЫР ЛИГАСЫ» “ЖІГІТТЕР СҰЛТАНЫ” САЙЫСЫ "Азамат" ер балалар жетекшісі А.Әбдісадықовтың ұйымдастыруымен “Сыр лигасы” жобасы аясында “Жігіт сұлтаны” байқауы өткізілді. Мақсаты: ата-салтын ардақтайтын, өз елін сүйетін, нағыз қазақ жігітіне тән ұлттық өнерді бойына сіңірген ер азаматтарды анықтау.Арнайы мамандардың ұйымдастыруымен. "Инклюзия" тақырыбында. Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылармен спорттық ойын өткізілді. Ойын 4 кезеңнен тұрды. Білім алушылар барлық кезеңдер бойынша жақсы ойын өрнегін көрсетіп, белсене қатысты.
https://www.facebook.com/share/v/15UWgctQRZ/

**Видео**

Наурыз Әуендері – көктемді өлеңмен, жырмен, ән-күймен қарсы алайық! Т.Г.Шевченко атындағы №13 орта мектебінің жасұландары Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Наурыз әуендері» онлайн-челленджіне үн қосады.Наурыз – жаңару мен бірліктің мерекесі. Сондықтан біз көктемді өнер арқылы қарсы аламыз.Достарыңызды челленджге шақырыңыз!
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1207181407704981/

**Видео**

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІҚазақ халқы ата-бабаларынан қалған салт-дәстүрлерді қастерлейді.Уақыт өте келе ұлттық сипатқа айналған қазақтардың негізгі дәстүрі қонақжайлылық болып табылады. Қазақтардың қанына ана сүтімен даритын қазақ ұлтына ғана тән асыл қасиет.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/518308384333176/

**Видео**

10 “А” сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен “Діни экстремизм және терроризм” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға діни экстремизм мен терроризм ұғымдарының мәнін түсіндіру, Экстремистік идеологияның алдын алу және оған қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру, Оқушыларды бейбітшілікке және ұлттық бірлікке тәрбиелеу.
Тәрбие сағатындағы топтық жұмыстар:“Дұрыс/Бұрыс” тұжырымдардың анықтау“Қауіптен құтқар” квест ойыны. Жағдаяттық сұрақтарға жауап беру“Талқылау” берілген сұраққа пікір қосу.
Қорытынды сөз: Бейбіт өмір – баға жетпес құндылық.Экстремизм мен терроризмге қарсы күресу – әрбір саналы азаматтың борышы!
https://www.facebook.com/share/v/1C12ersv1M/

**Видео**

10”Ә” сынып жетекшісі Г.Шүкірованың ұйымдастыруымен “Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Білім алушыларға діни экстремизм мен терроризм туралы түсінік қалыптастыру.Діни экстремизм мен терроризмнің қоғамға қауіпті құбылыс екенін ұғындыру.
https://www.facebook.com/share/v/1DqLb3mD7h/

**Видео**

17 НАУРЫЗ - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ7”б”сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен “Ою-өрнектер сыр шертеді”тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Ою өрнек туралы түсінік бере отырып, білім алушылардың ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту, халқымыздың асыл мұраларын құрметтеуге тәрбиелеуОю-өрнектер қандай мағына береді?Ою-өрнек түрлеріне саяхатШығармашылық жұмыс“Ою-өрнек қиып үйрен”
https://www.facebook.com/share/p/19T8SzvAJ9/

**Видео**

**18.03.2025ж**

ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!18 НАУРЫЗ - Наурызнаманың бұл күні - «Ұлттық киім күні» деп аталды. Ұлттық киімге арналған бұл күн ата-бабамыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарын еске алатын ерекше кезеңге айналып келеді.Ұлтымыздың ұлылығын айшықтайтын ұлттық киім әрқашан өз құндылығын жоғалтқан емес.
https://www.facebook.com/share/p/18obC8HWnF/

 

Наурыз Әуендері – көктемді өлеңмен, жырмен, ән-күймен қарсы алайық!№13 орта мектебінің жасұландары Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Наурыз әуендері» онлайн-челленджіне үн қосады.Наурыз – жаңару мен бірліктің мерекесі. Сондықтан біз көктемді өнер арқылы қарсы аламыз.Достарыңызды челленджге шақырыңыз!
https://www.facebook.com/share/v/1BRCnMETgB/

**Видео**

ҰЛТТЫҚ КИІМ КИЮ – ұлттық құндылықтарды насихаттаудың тамаша үлгісі!Бүгін мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары қазақтың ұлттық киімдерін киіп, дәстүрді дәріптеуде.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1167935391499971/

**Видео**

ӘЖЕМ АЙТҚАН ЕРТЕГІҚазақ халық ертегілері арқылы балаларды туған өлкенің мәдениетімен таныстыру мақсатында "Әжем айтқан ертегі" тақырыбында ертегі оқу күні өткізілді. Шараға әжелерімен қатысқан білім алушылар түрлі ертегі кітаптарын оқып, ұлттық ойындар ойнады .
https://www.facebook.com/share/p/1BcY9pcASz/



**19.03.2025ж**

Мектеп білім алушыларының кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Сүйікті кітаптар күні» тақырыбында кітап оқу сағаты өткізілді. Оқырмандар өздерінің сүйікті оқыған кітаптарымен ой бөлісіп,кейіпкерлер туралы әңгімелеп,қызықты пікір алмасты.
https://www.facebook.com/share/v/15umtBHFxU/

**Видео**

19 НАУРЫЗ - ЖАҢАРУ КҮНІБұл күні «Өмірдің жаңаруын» бейнелейтін көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылып, мектеп ауласына «Тал егу» акциясы жүргізілді.«Жаңару» күні барша азаматтарды ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуге, ынтымақта болуға, туған жердің табиғатын көркейтуге және тазалықты сақтауға өз үлесін қосуға үндейді.
https://www.facebook.com/share/p/1BaTCt7PnL/

 

Наурыз Әуендері – көктемді өлеңмен, жырмен, ән-күймен қарсы алайық!№13 орта мектебінің жасұландары Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Наурыз әуендері» онлайн-челленджіне үн қосады.Наурыз – жаңару мен бірліктің мерекесі. Сондықтан біз көктемді өнер арқылы қарсы аламыз.Достарыңызды челленджге шақырыңыз!
https://www.facebook.com/share/v/162EGkeNJm/

**Видео**

**20.03.2025ж**
Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы қарсаңында С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен сыныбының білім алушылары «Көңілді үзіліс» барысында ұлттық рухты дәріптеп, қазақтың әйгілі «Қара жорға» биін орындады. Оқушылардың белсенділігі мен көтеріңкі көңіл-күйі мерекелік атмосфераны ерекше жандандырды! Ұлттық құндылықтарды насихаттау – біздің басты мақсатымыз!
https://www.facebook.com/share/v/18A7j3oe2h/

**Видео**

Мектеп кітапханасында «Бақытты балалар жыршылары» тақырыбында танымдық сағаты болып өтті. Шара барысында білім алушыларга балалар жазушыларының өмірі мен шығармалары таныстырылып, жазушылар туралы қызықты деректер айтылды. Балалар Б. Соқпақбаевтың, Ы.Алтынсарин және басқа да балалар тақырыбында қалам тербеген көрнекті жазушылардың шығармалар мазмұнын айтып, ой пікірлерін ортаға салды. Тағылымды шарада балалардың кітапқа деген қызығушылығы артып, басқа да туындыларын оқуға белсене кірісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/691749423201456/

**Видео**

«Күй күмбірі» челленджі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен «Наурызнама» іс-шаралар онкүндігіне орай ұйымдастырылған республикалық челленджге «Домбыра-дастан» үйірмесінің мүшелері де өз үлестерін қосты.Шараның мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, патриотизмді нығайту, ұлттық мәдени мұраны сақтау және балалар арасында домбыра өнерін насихаттау.
https://www.facebook.com/share/v/1BGhKf7F9N/

**Видео**

НАУРЫЗНАМА 20 наурыз - Ұлттық спорт күні Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Осы ойындар негізінде әр халық әртүрлі жаттығулар жасау жолымен дене - шынықтыру ісінің негізін салды. Бұл бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды.
https://www.facebook.com/share/v/19L1gzqDAD/

**Видео**

**27.03.2025ж**
АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫБүгін мектебімізде ІІІ оқу тоқсанының қорытындысы бойынша «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.
Мектеп директоры Сауяев Айтуған Сақтапбергенұлы жиналысты өткізудегі мақсат - әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру, баланың мейірімді, сапалы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру екендігін айтты.Күн тәртібінде:«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстар барысы - МДТЖЖО Б.Қалыбекова
Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау - Арал ауданы прокуратурасының прокуроры Н.А.Зыяу
Жол қауіпсіздігі және интернет қауіпсіздігінің алдын алу - Арал АПБ ЖПКб ЮПТ УПИ-ры полиция капитаны Қ.А.АқтілеуАғымдағы мәселелер.Білім алушылардың ІІІ оқу тоқсаныны бойынша қорытындылары - сынып жетекшілері.Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша құқық қорғау қызметкерлері ата-аналарға шектелген уақытта балалардың үйде болуын, ойын-сауық орындарында жұмыс жасауларына тыйым салынғандығын ескертті. Лудомания, вейп, интернет ойындарында болып жатқан келеңсіздіктерге жол бермеу туралы түсіндірме жасады. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж. Жұқабаев бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі мен жауапкершілігін күшейтіп, мектеппен үнемі тығыз байланыста болу керектігін айтты.Ата - аналар сұрақтарына жауап алып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Бала тәрбиесі мен білім сапасы бағытында ата-ана мен ұстаздардың ортақ мақсаты үздік нәтижеге жететіні анық.
https://www.facebook.com/share/p/18q5v6PVAu/




ҚАНАТТЫ ДОСТАРБарсакелмес мемлекеттік табиғи қорығының ұйымдастыруымен мектеп жасұландары «Қанатты достар» атты акцияға өз үлестерін қосты. Шара барысында оқушылармен бірігіп мектеп аулаларына құстарға арналған ұялар орналастырылды.Бұл шараның мақсаты – құстарды қорғау, оларға қолайлы жағдай жасау және экологиялық тәрбиені нығайту.
https://www.facebook.com/share/p/19D7ZMhA2b/




«Заң және тәртіп» айлығы аясында «Азамат» ер балалар кеңесінің мүшелерімен кезекті отырыс өткізілді.Мақсаты: Білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, ер балалардың қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын түсіндіру, сонымен қатар жауапкершілікке, тәртіпке және әділдікке баулу.Күн тәртібінде:Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова ұлттық құндылық арқылы жасөспірімдерді тәрбиелеу жолдары және оның түрлерімен таныстырды.ЖИТС орталығының дәрігері А. Жаңаділқызы ер бала гигиенасы, аурудың таралу жолдары және алдын алу бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді. Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасына қарасты жастар денсаулық бөлімшесінің маманы М.Саимова ер балалардың қоғамдағы орны, денсаулықты сақтауда киім кию әдебі, дұрыс тамақтанудың маңыздылығына тоқталды. Психолог Ә.Жақсылықова жағымсыз мінез-құлық нәтижесінде қоғамда орын алып жатқан қылмыстарға тоқталып, құқықтық сауаттылықтың маңызы жайлы ой бөлістіҚорытынды сөз:Жастардың тәртіптілігі – ел болашағының айнасы.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02uxxnKQh6hkchiv1cwnnELH2KPNDcpbKL8kvvy6sRhq7MvEW9XBcw88UT5h9kZb1Al




**28.03.2025ж**
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында білім алушылардың көктемгі каникул кезін тиімді ұйымдастыру мақсатында А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» т.б көркем фильмдерін тамашалады.
https://www.facebook.com/share/p/12M61Y7cRSf/




**29.03.2025ж**
«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» бағдарламасы аясында «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі»тақырыбында сынып жетекшілер отырысы өткізілді.Күн тәртібі:«Адамгершілік құндылықтар арқылы рухани даму» тренинг - С.Кенебаева (сынып жетекші)«Сынып жетекшілердің ата-анамен байланысы» баяндама - Э.Альмаханова (сынып жетекші)Құқық тұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарға талдау - Б.Қалыбекова (МДТЖЖО)«Баланың жеке басының дамуындағы сынып жетекшінің рөлі»-С.Қалағаева (сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі)Отырыста «Біртұтас

тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға талдау жасалынып, ұсыныстар айтылды.Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Қосымбаева бала тәрбиесінің қиын да күрделі жұмыс екенін айта келе, сынып жетекшілердің рөлінің жоғары екеніне тоқталды. Сынып жетекшілерге бала және ата-анамен тығыз байланыста болып, нәтижелі жұмыс жасауын тапсырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1169011071349285/

**Видео**

«Нашақорлыққа қарсы қоғам» атты жастар акциясы Бүгін 28 наурыз күні мектебімізде «Нашақорлыққа қарсы қоғам» атты жастар акциясы өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты: жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, есірткінің зияны туралы ақпарат тарату және қоғамды осы мәселеге бей-жай қарамауға шақыру.Акцияға қатысқан мектебіміздің «Бастау» жастар ұйымының мүшелері «Біз – салауатты қоғамды таңдаймыз!» деген ұранмен волейболдан жарыс ұйымдастырып, жастарды дұрыс таңдау жасауға шақырды.
https://www.facebook.com/share/p/12J2EzvQA7A/



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Мектеп театры» жобасы Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Мектеп театры» жобасы аясында мектепішілік «Шаттық» драма үйірмесінің мүшелері (жетекшісі: Г.Әбекенова) ұлттық салт-дәстүрді дәріптеген қойылым ұсынды. Жас өнерпаздар көрерменге қазақ халқының қонақжайлылығы мен татулығын айшықтайтын «Ерулік» дәстүрін сахналады.Қойылым барысында білім алушылар кейіпкерлердің шынайы бейнесін сомдап, ата-бабамыздан қалған ізгі дәстүрдің мәнін көрерменге жеткізе білді. Бұл шара өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың актерлік шеберлігін шыңдауға да үлкен мүмкіндік берді.Осындай тағылымы мол іс-шаралар жас ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырып, өнерге деген сүйіспеншілікті арттыра бермек. Қатысушыларға алғыс білдіре отырып, шығармашылық табыс тілейміз!
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/438014472703582/

**Видео**

Тұманбай Молдағалиевтің 90 жылдық мерей тойына орай «Тұманбай жыры - тұнған сыр» атты мектеп тәлімгері мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен поэзия сағаты өткізілді. Шараның мақсаты: лирик ақын Тұманбай Молдағалиевтің өлеңдерін насихаттау. Белсенді тақта арқылы ақынның өмір жолымен, шығармашылығы, отбасы туралы слайд көрсетілді. Жүргізушілер ақынның өмір жолына, шығармашылығына кеңінен тоқталып өтті. Оқушылар ақынның «Ана тілі»,«Жүрек сыры», «Туған жерге»,«Жайлауда», «Бәйге» т.б. өлеңдерін мәнерлеп оқып берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid08hzLhJnKqs2srGUGdnuuPATtNS3aXKLGw5oFU9wzsR4kfJk4eSszVtEVpvAAuyWyl

**Видео**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында көктемгі каникул күндерін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің білім алушылары З.Шүкіров атындағы қалалық театрға саяхаттап, үлкен экраннан «Сүйрік» және «Тәрбие лагері» фильмдерін тамашалап, ерекше әсер алды.
Ұстаздарымен, ата-аналарымен, достарымен бірге кино көру балалардың достығын нығайта түсетінінің куәсі болдық.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0KKpqmPNYkxEJ4Q1dLJMizA8fnqTJ6MBKB5w1WumNxZ22jjkMX1MQUWcaU8kW9kxZl




«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы GUIDEBOOK «Көктемгі демалыс: Қызықты демалыстар мен Наурыз сиқыры» аясында 2-сынып білім алушыларымен «Кітаптың сыры: Негізгі ойды тап» тақырыбында олардың жаңа дүниелерді ашуға , қиялын дамытуға және жәй ғана уақыт өткізуіне көмектесетін қызықты кітаптар әлеміне енуі ұсынылды. Б.Мажитов «Ауылдың суреті»-повесть, өлеңдер, жұмбақтар Ш.Күмісбайұлы «Солақай» - повестер мен әңгімелер Б.Қойшыбаев «Ғарышқа жаяу саяхат» - фантастикалық хикаялар З.Жұманова «Ғажайып орман» М.Әуезов «Көксерек» - әңгімелер
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0SXmkKm6wnrzhVMnxEfiBASPLh7EUpYjixCGE2wseHBeBwH5BwXhQ92Ld9856EnoNl



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында көктемгі каникул күндерін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің 2-сынып білім алушылары«Қазақфильм» киностудиясы шығарған 1977 жылы Ригада өткен Бүкілодақтық кинофестивальде «Бала психологиясын жақсы ашқаны үшін» атты ең таңдаулы балалар фильміне берілетін бас жүлдені жеңіп алған режиссёр Абдолла Қарсақбаевтың «Алты жасар Алпамыс» фильмін көріп тамашалады.
https://www.facebook.com/share/p/1CArbc2MiR/



## Сәуір айы

**01.04.2025ж**
САПТЫҚ ЖИЫНСәуір айы:«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Сәуір айының біріншіі аптасының дәйексөзі: «Еңбек- қуаныш, жалқаулық-айырылмас азап»Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев білім алушылардың кешкілік белгіленген уақыттан кейін көшеде жүрмеуін ескертіп, күнделікті рейд жұмыстарының барысы туралы айтты.Келесі кезекте наурыз айында жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/1BCHtVfgB2/

 

**07.04.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН Сәуір айы:«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы.
Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.
Сәуір айының екінші аптасының дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»
Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі. «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде мектебіміздің 11-сынып білім алушысы Р.Қожахметов пен 10-сынып білім алушысы М.Жаңабай жүлделі III орын иеленді. Жеңімпаздарға толағай табыстар тілейміз.Жетекшісі: Раханова Қарлығаш
https://www.facebook.com/share/p/1CSEpBKMDu/

 

**08.04.2025ж**

”Ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталығының жоспарына сәйкес 9-10 сыныптың ата-аналарына мектеп психологы Жубанова Алияның ұйымдастыруымен “Эмоционалдық шаршау” тақырыбында тренинг өткізілді.Мақсаты: Ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш қуат жинау, өзін еркін сезінуге көмектесу. Тренингте ата-аналар арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, жағымды көңіл-күй қалыптастыру.Тренинг барысында эмоционалдық шаршаудан арылу жолдары, оны меңгеру әдістері, “Тепе-теңдік шеңбері”, “Гулдер салу”, “Комплимент” жаттығулары жүргізіліп, ата-аналар белсенді қатысып, өздерінің ойларымен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1689182245141105/

**Видео**

7"Б" сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен ”Ең қажетті мамандықтар” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға қазіргі заманғы сұранысқа ие мамандар туралы түсінік беру. Болашақ мамандықты таңдауға бағыт-бағдар беру.Бейнекөрсетілім “XXI ғасырдағы ең қажетті мамандықтар””Мамандықты тап”Суретке қарап,оқушы белгілі бір мамандықты іс қимыл әрекет арқылы көрсетеді.Шығармашылық жұмыс “2050 жылы менің мамандығым”оқушылар болашақ мамандықтарын сипаттап,сурет салып, шағын эссе жазды.
https://www.facebook.com/share/v/1ADi6kHpzA/

**Видео**

АПҚО-ның кезекті жоспарына сәйкес "Жасөспірімді қалай түсініп, қабылдауға болады?" тақырыбында 5-8 сынып ата -аналарымен тренинг ұйымдастырылды.Мақсаты: ата -аналарға эмпатияны дамытуға жасөспірімдермен өзара түсіністік пен тиімді қарым - қатынас орнатуға көмектесу.Тренинг барысында ата -аналар балаларының хоббиі мен қызығушылықтарын ортаға салып, Кейс түрінде талқыға салды. Тренинг соңында "Сіздің тәрбиелеу стиліңіз" атты сауалнама алынып,қорытындысы ата - аналарға таныстырылды.Белсенді қатысқан ата-аналарға "Біздің үйдің ережелері" атты үнпарақ таратылды.
Ұйымдастырған:әлеуметтік педагог Ж.Темірхан
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/649234391339358/

**Видео**

СЕН ӨЗГЕРСЕҢ, СЕНІҢ ӘЛЕМІҢ ДЕ ӨЗГЕРЕДІ (арнайы мамандар апталығы) Сабақтың тақырыбы: ЕБҚ оқушылардың ойлау қабілетін Нумикон құралы арқылы дамыту.Мақсаты:білім алушылардың математикалық дағдыларын қалыптастыру.1-10 ға дейін сандарды тура және кері санау.«Кім жылдам» Нумикон құралымен әр түрлі пішіндер құрастыру;«Доп лақтыру» әдісімен қорытындылауНейрожаттығулар мен би терапиясы арқылы оқушылар сергіту жаттығуын жасады. Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс жасауын жақсарту мақсатында сергіту сәті үйлестірілді.Ұйымдастырушылар: Г.Избасханова Г.Абибуллаева
https://www.facebook.com/share/v/1GnW9hqZAL/

**Видео**

Сынып жетекшілер Г.Шүкірова, Л.Досаеваның ұйымдастыруымен "Темекі шегу - жеке таңдау ма, әлде қоғамдық мәселе ме? тақырыбында дебат өткізілді.Дебат нәтижесінде жасөспірімдерге зиянды әдеттің алдын алудың маңыздылығы туралы ұтымды ой айтылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02tMGGndtNifjpMfSZSBDsRZEySMhEbuRyVh5JjF7o1v91VZjYMG119B2H5ZBhS9qzl



**09.04.2025ж**
«СЕН ӨЗГЕРСЕҢ, СЕНІҢ ӘЛЕМІҢ ДЕ ӨЗГЕРЕДІ» (психологтар апталығы)
Білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, бастауыш буыннан орта буынға өту кезеңіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпал тигізу мақсатында мектеп психологы Г.Альжанованың ұйымдастыруымен «Біз 5-сыныпқа барамыз» тақырыбында тренинг өткізілді.
Тренинг барысында түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылды:«Көңілді шеңбер» «Додекаэдр» әдісі «Жұмбақтар айдары» «Жылдам тап ойыны»«Зейінді дамыту» жаттығуларыТоптық жұмыс: «Біздің 5-сынып» Тренинг соңында ерекше қабілетімен көзге түскен білім алушыларға «Сенің жүлдең» номинациялары берілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1207654550964076/

**Видео**

**10.04.2025ж**
«СЕН ӨЗГЕРСЕҢ, СЕНІҢ ӘЛЕМІҢ ДЕ ӨЗГЕРЕДІ» (арнайы мамандар апталығынан)
Ата-аналарға арналған «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қалай оқытамыз?» тақырыбында арнайы маман Г.Избасханова, педагог-ассистент А.Ондашова мен Г.Абибуллаеваның ұйымдастыруымен практикум-сабақ өткізілді.ПрактикумдаЖалпы сөйлеу тілінің жетіспеушілігі;Сөйлеу тілінің бұзылу түрлері;Көбейту кестесін жаттаудың тиімді 10 әдісі туралы ата-аналармен жұмыстар ұйымдастырылып, пайдалы кеңестермен бөлісті.«Кім жылдам» ойыны арқылы жылдамдыққа, икемділікке, сабырлыққа баулитын тапсырмалар беріліп, ата-аналармен бірлесіп орындады.Шара соңында педагог-ассистент қызметі, тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, таныстырылым жасады.
https://www.facebook.com/share/v/12J9NrGkRuP/

**Видео**

СЕН ӨЗГЕРСЕҢ, СЕНІҢ ӘЛЕМІҢ ДЕ ӨЗГЕРЕДІ» (арнайы мамандар апталығы) Білім алушыларды ҰБТ-ға психологиялық бейімдеу, өзіне деген сенімділіктерін дамыту мақсатында «СЕНІМДІЛІК КҮШ БЕРЕДІ»тақырыбында мектеп психологы А.Жубанованың ұйымдастыруымен 11-сынып білім алушыларына тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты:білім алушылардың ҰБТ-ға дайындық кезеңіндегі сенімділігін, мінез-құлық және эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда

қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру. Тренинг барысында «Көңілді шеңбер» «Армандар» әдісі «Кім жылдам» ойыны «Қобалжуды қалай жеңуге болады?» «Арт терапия» әдістері арқылы жұмыстар үйлестірілді. Білім алушылар белсене қатысып, алған әсерлерімен бөлісті.
https://www.facebook.com/share/v/19LyEHTiWg/

**Видео**

**11.04.2025ж**

"Саламатты мектеп" жобасы Дене шынықтыру пәні мұғалімдері, үйірме жетекшілері Ә.Өмірбаев пен Е.Сейітқұлдың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында эстафеталық ойын өткізілді. Кім жылдам? Баскетбол элементі бар эстафеталық ойын.Кім епті?
Ойын қызықты әрі тартысты өтті.
https://www.facebook.com/share/p/1CVzvinDjQ/



ҒАЖАЙЫП ҒАРЫШ ӘЛЕМІ 2А сыныбында сынып жетекшісі Э.Альмахекованың ұйымдастыруымен «Ғажайып ғарыш әлемі» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.Сабақтың мақсаты:• XX ғасырдың 2-жартысындағы адам баласының ғарышты игерудегі жетістіктері, оның ғылыми маңызы жайында білім беру.• Жас ұрпақтың патриоттык, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін, сүюге, курметтеуге тәрбиелеу, ғарышкерлерге деген құрмет сезімге баулу.• Ғылыми жаңалықтардың маңызын түсіне білу қабілеттерін дамыту.
https://www.facebook.com/share/p/1Fiu3AfDod/



Темір жол көлігінде құқық бұзушылықтың алдын алу және орын алатын төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында 10 сәуір мен 6 мамыр аралығында өтіп жатқан «Жасөспірім» акциясы аясында білім алушыларға Арал теңізі станциясының темір жол қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесудің негізгі мақсаты балалардың темір жолдағы қауіпсіздікті сақтау, жүріс-тұрыс ережелерін ескерту, жасөспірімдер қылмыстарының алдын-алу, жазатайым оқиғалар туралы түсіндіру. Кездесу барысында Арал теңізі станциясының ЖПб-нің полицейі полиция аға сержанты Н.Иманбаев, Арал теңізі станциясы бастығының орынбасары Н.Жумабаев «Жасөспірім» акциясының мақсаттары мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай ақ, оқушыларға темір жол обьектілерінде құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын, темір жол маңында ойнамау, темір жолға бөгде заттар қоймау, темір жол бойымен жүрген кезде ұялы телефон қарамау, құлаққап тақпау жөнінде ескертіп, жол белгілерімен таныстырды.
https://www.facebook.com/share/p/16MuSRFQQG/

 

"Абайдың қара сөздері-тәрбие көзі" сынып сағаты Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы А.Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай "Абайдың қара сөздері --тәрбие көзі" тақырыбында сынып сағаты өткізілді."Жүректің көзі ашылса..." Абай қара сөздеріне шолу "Қасиетті қара сөз - өмірлік ғибрат" қара сөздеріне талдау жасау Қорытынды: Абайдың қара сөздерін бүгінгі күнмен байланыстырып, күнделікті өмірде қолдану
https://www.facebook.com/share/p/15secsBmkh/

**Видео**

“Абайдың қара сөздері – тәрбие көзі”10”А” сынып жетекшісі О.Құлмановтың ұйымдастыруымен “Абайдың қара сөздері – тәрбие көзі” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Оқушыларды Абай мұрасымен таныстыра отырып, адамгершілікке, еңбекке, білімге және тәртіпке тәрбиелеу.Жүргізілген жұмыстар:Абайдың қара сөздерінен үзінділер оқылып, мағынасы талқыланды.Топтық жұмыс:Оқушылар қара сөздерден алынған ойлар арқылы қазіргі өмірмен байланысты пікірлерін ортаға салды.Шығармашылық тапсырма:Білім алушылар Абайдың қара сөздерінен алған әсерлерін эссе, сурет немесе сахналық көрініс арқылы жеткізді.Қорытынды:Абайдың қара сөздері арқылы білім алушылар адамдық қасиетті қадірлеуге, тәртіп пен білімге құштар болудың маңыздылығына тоқталып өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1325502198659019/

**Видео**

12 сәуір-ҒАРЫШКЕРЛЕР күніне орай «ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ» үйірмесінің мүшелері өз қиялдарынан ғарыш туралы шығармашылық жұмыстарын көрсетіп, «ЖАС ҰЛАН»ұйымының мүшелері көңілді үзілісте батпырауық ұшырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0a3RBrjLSei8u6xcrwkKo5ZNJYYoPPbR9SHBFPmaDWdnpFE6fQnJ58Wbse5ZH7MVTl

**Видео**

**14.04.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН Сәуір айы:«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы.
Кезекті саптық жиын. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.
Сәуір айының екінші аптасының дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар». Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/16HzRWsqij/

 

Балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай 4«А» сыныбында сынып сағаты болып өтті. Сынып жетекшісі: А.ШаненоваМақсаты: оқушылардың әдебиет пен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, ақын-жазушылар шығармаларының маңызын терең түсіндіру.
https://www.facebook.com/share/p/14yUEJmRiWn/



Балаларды дұрыс тамақтануға үйретіп, денсаулықты күтуге қалыптастыру мақсатында 1«А» сыныбының жетекшісі А.Кикимованың ұйымдастыруымен «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.Балалар өздері жақсы көретін жемістердің суретін салып, пайдасы туралы айтып берді.Тәрбие сағатына қатысқан мектеп медбикесі М.Ермағамбетова балаларға дұрыс тамақтанып жүруге, пайдалы дәрумендерге толы ас ішуге, зиянды тағамдарды тұтынбауға кеңес берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/671424295538272/

**Видео**

**15.04.2025ж**

"Саламатты мектеп" жобасы 6-сынып білім алушылары салауатты өмір сүру салтын насихаттау мақсатында денені шынықтыруға арналған жаттығулар жасады. "Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ!" ұранымен жасөспірімдерді спортпен шұғылдануға шақырды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1195665615560202/

**Видео**

Балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаевқа 100 жыл 4«Ә» сыныбында (Сынып жетекшісі: Н.Алдоңғарова) балалар жазушысы С.Сарғасбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай сынып сағаты өтті.Сабақта мектеп кітапханашысы А.Бекмамбетова жазушының өмірі мен шығармаларын таныстырып, адам бойындағы жаман әдеттерден аулақ болып адалдық пен еңбексүйгіштік қасиеттерді бойға сіңіру туралы айтты.
https://www.facebook.com/share/p/14XGkbY5Gn/



Балықшылар музейінің ғылыми қызметкері Тұмар Өмірзаққызы мен 9"А" сыныбының жетекшісі Е.Жалғасбаевтың ұйымдастыруымен "Балық шаруашылығының бапкері" Арал балық өнеркәсібі кәсіпорнының директоры, мектеп түлегі Жалғасбай Сапиевтің туғанына 80 жыл толуына байланысты 9-сынып білім алушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Жалғасбай Сапиев 1944 жылы 10 ақпанда теңіз жағасындағы Жалаңаш ауылында дүниеге келген.1961 жылы Т.Г.Шевченко атындағы орта мектепті бітірген.1962 жылы Астрахан қаласындағы балық өнеркәсібі техникалық институтына оқуға қабылданып,институтта оқуда жүріп, 1966-1968 жылдары Кеңес армиясы қатарында өзінің азаматтық борышын өтеп қайтады. 1971 жылы жоғарыда аталған оқу орнын тәмамдап, балық шаруашылығы өнеркәсібінің инженері мамандығында алып шығады.«Қазақ балық өнеркәсібі» басқармасына қызметке жолдамамен жіберіліп, еңбек жолын қатардағы механик болудан бастаған ол уақыт өте келе кеме флот капитаны, экспедиция басшысының орынбасары, балық бақылау инспекциясының аға инспекторы қызметтерінде абыройлы атқарады. 1973 жылы Қазақ ССР балық министрлігінен шақыру келіп, Шымкент қаласында балық өңдейтін өндіріс орнының директоры қызметіне тағайындалады. 1976 жылы Шымкенттегі балық комбинаты директорының орынбасары қызметіне жіберіліп, 1980 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік облыстық балық инспекциясы басшысы қызметіне тағайындалады.1982 жылы Қазақ ССР балық шаруашылығы министрлігіне қарасты «Қазақ балық колхоз одағы » мекемесінің бас инженері, одан соң балық шаруашылығы және флот басқарма басшысының орынбасары қызметтерін атқарады.1987 жылдан 1990 жылға дейін «Арал балық өнеркәсібі» бірлескен кәсіпорнының директоры болып қызмет

атқарады.1990-1997 жылдары «Қазақ балық шаруашылығы», «Қазақ балық өнеркәсіп өндеу», «Қазақ балық шаруашылығы комитетінде» жауапты кызметтер атқарады. 1999 жылдан бастап, Қазақстан ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты балық шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында қызмет етіп ,еңбек демалысына шықты.Ел-халық алғысын арқалаумен ғұмыр кешіп , ел алдындағы еңбектері еленіп, ондаған еңбек және мерекелік медальдармен марапатталған.2021 жыл 26тамызда дүниеден өтті.Т.Өмірзаққызы білім алушыларға көрме ұйымдастырып, өмір жолын үлгі етіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/1KenKKva6t/




5"Б" сынып жетекшісі Н.Теңізбаеваның ұйымдастыруымен “Өмірге салауатты қадам”тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Білім алушыларға денсаулықтың маңызын түсіндіру;Салауатты өмір салтын ұстану, спортпен шұғылдануДұрыс тамақтанудың маңыздылығын білу, Зиянды әдеттерден аулақ болу.
https://www.facebook.com/share/p/1AmQvXTokv/



**16.04.2025ж**
2025 жылдың 12 сәуір күні Арал қаласындағы «Балықшылар аллеясында» «Қылмыссыз өңір - кемел болашақ кепілі» акциясы аясында «Арал есірткісіз» ұранымен оқушылар арасында кермеге тартылу, белтемірде кеудені көтеру, кермеге екі қолға күшпен шығу жаттығуларын жасау бойынша аудандық турнир өткізілді. Жарыстың негізгі мақсаты: жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттерге әуестіліктің жолын кесу, салауатты өмір салтын ұстану және алдағы уақытта облыстық кезеңге аудан командасын жасақтау. Кермеге тартылу бойынша:I орын - Ақтай Бейбарыс (№13 орта мектеп)Белтемірде кеудені көтеру бойынша:III орын - Серіков Мұхамедәли (№13 орта мектеп)Кермеге екі қолға күшпен шығу бойынша: I орын - Ақтай Бейбарыс (№13 орта мектеп)Жалпы есеп бойынша: I орын - Ақтай Бейбарыс (№13 орта мектеп)Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Арал ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің арнайы дипломдарымен, медальдарымен және Арал спорт клубы КММ-нің спорттық кубогтарымен марапатталды. Жетекшісі: Е.Сейтқұл
https://www.facebook.com/share/p/1FQDUHFKMq/



БҮГІНГІ СӘН - КІТАП ОҚУ «Бүгінгі сән- кітап оқу» апталығы аясында «Суретші оқырман» тақырыбында сурет байқауы болып өтті. Мақсаты: Жанұядағы жылулықты арттырып, кітап оқудың пайдасын ұғындыру. Байқау барысында ата-аналар балаларымен өздері оқыған ертегілер желісі бойынша сурет салды. Белсенділік танытып қатысқан ата-аналар мен білім алушылар мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/19BM5pwg4T/



БҮГІНГІ СӘН - КІТАП ОҚУ «Бүгінгі сән- кітап оқу» апталығы аясында «Ағылшын тілінде оқитын құмарпаз» тақырыбында 8«Ә»сынып білім алушы Н. Ахмет Френсис Бернеттің «Кішкентай ханшайым», Шарль Перроның «Құбыжық пен сұлу», Шарль Бронтннің «Джейн Эйр» шығармаларын,10«А» сынып білім алушысы Ж.Жақсыбекқызы Агата Кристидің «Олар он еді», «Андерсон ертегілер жинағы», Ж.К.Роулин «Хәрри Поттер мен феникс алқасы» шығармаларын, 10«Ә» сынып білім алушысы А.Қожахметова Ракель Паласионың «Ғажайып» шығармаларын ағылшын тілінде оқып, өздерінің тілге, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін насихаттады.
https://www.facebook.com/share/p/1HS1nKUKdf/

**Видео**

КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС5 "А" сынып жетекшісі С.Төлемісовтың ұйымдастыруымен КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС өткізілді. Білім алушылар асық ойнап, ләңгі теуіп, секіртпемен әр түрлі қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасап, үзілісті тиімді пайдалана білді
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/2712642622257262/

**Видео**

**17.04.2025ж**
Сәуір - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айыДәйексөз: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»Қауіпсіздік сабағы: «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар»
3«Б» сынып жетекшісі К.Алжанова мен информатика пәнінің мұғалімі А.Төреахметованың ұйымдастыруымен «Қауіпсіз интернет» тақырыбында сынып сағатын өткізді.Мақсаты: Оқушыларға интернеттің пайдасы мен зияны туралы түсінік беру. Интернеттегі қауіпсіздік ережелерін үйрету. Жауапкершілікпен интернетті пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1865203340966907/

**Видео**

«Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен 7-8-сыныптар арасында «Кітапханаға қамқорлық» акциясы өткізілді.Акция барысында мектебіміздің жасұландықтары «Орталық балалар кітапханасына» барып көп оқылған көне кітаптарды түптеп, қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізді. «Білім мен тәрбиенің бастауы- кітаптан» деп оқуға, ізденуге, армандауға жол ашатын кітапханаға қамқорлық жасау- әрқайсымыздың міндетіміз!
https://www.facebook.com/share/p/1653D7gheN/

**Видео**

**18.04.2025ж**
«ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК - ЖАН РАХАТЫ» челленджі Сәуір - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы «Жасыл мектеп» жобасы аясында «Жасыл желек - жан рахаты» атты жаппай ағаш отырғызу челленджіне 4-сынып білім алушылары мен ата-аналары да өз үлестерін қосып, мектеп ауласын қара тал, терек, үйеңкі ағаштарын отырғызды.Челлендж мақсаты - ағаш отырғызу арқылы болашақ ұрпаққа табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру.
https://www.facebook.com/share/v/1EFCAY2afo/

**Видео**

“Буллинг, кибербуллингтің алдын алу” Білім алушылар арасында кездесетін буллинг, кибербуллинг, зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп психологы Жубанова Алияның ұйымдастыруымен 8-9 сынып білім алушыларына түсіндірме сабағы жүргізілді. Мақсаты: буллинг, кибербуллинг, зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, зорлық-зомбылықтың адам ағзасына тікелей

әсер ететінін ұғындыру, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсулеріне ықпал жасау.Шараға мектеп аяжаны М.Ермағамбетова, тәрбие орынбасары Б.Қалыбекова қатысты. Білім алушылар сұрақтарға жауап беріп, пікірлерімен бөлісті.
https://www.facebook.com/share/v/18xFsg5yvK/

**Видео**

«Бүгінгі сән- кітап оқу» апталығы аясында «Отбасылық оқулар» тақырыбында 3-сынып білім алушылары мен ата-аналары арасында байқау өткізілді. Мақсаты: Жанұядағы жылулықты арттырып, кітап оқудың пайдасын ұғындыру. Байқау барысында ата-аналар балаларымен: Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы;Шығармаларының желісі бойынша сахналық қойылым;Кітаптарын жарнамалау арқылы білімдерін ортаға салды.Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарының артқаны олардың таңдаған тақырыптарынан байқалып тұрды.Белсенділік танытып қатысқан ата-аналар мен білім алушылар мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды.
https://www.facebook.com/share/v/15JLpx2oDF/

**Видео**

**21.04.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН.Сәуір айы:«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Сәуір айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып, өсіп-өнер»Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/161B3J8kuh/




10 - сынып жетекшілері Г.Шүкірова мен О.Құлмановтың ұйымдастыруымен Батыр Ана, Социалистік Еңбек Ері, даңқты күрішші , ауылшаруашылық саласының озаты Сәлима Жұмабекованың 90 жылдығына арналған "Еңбектен бақыт тапқан - ана" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: С.Жұмабекованың өмір жолын, елі үшін жасаған еңбегін үлгі ету, патриоттық сезім мен аналарға құрметті арттыру. Сынып сағаты барысында : С.Жұмабекованың өмір жолымен таныстыру Еңбек жолы - өнеге Марапттары.
https://www.facebook.com/share/p/1DZLr1XVGJ/



НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОҒАМ "Наркобекет" жетекшісі А.Ізмағамбетованың ұйымдастыруымен "Нашақорлыққа қарсы қоғам" атты акция аясында флешмобө өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларды нашақорлықтың зиянды әсерімен таныстырып, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.Қорытынды сөз:Өміріңді бағала, есірткіге жол берме!
https://www.facebook.com/share/p/12KPB56MYCh/

**Видео**

Мектебіміздің психологы Г. Альжанованың ұйымдастыруымен «Балалардың қауіпсіздігі-ересектердің міндеті» тренинг өткізілді.Мақсаты: ақпараттық және іс-қимыл алгоритмдері негізінде балалардың

әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттіліктерін дамыту.Міндеттері:Ата-аналардың баланы қазіргі әлемнің қауіп-қатерлерінен қорғауға деген ұмтылысын ынталандыру;Ата-аналарға іс-қимыл алгоритмдерін үйрету, ықтимал қауіптер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді тәсілдері туралы түсініктерді кеңейту және тереңдету;Баланың тәуелсіздігін дамыту үшін бірлескен іс-әрекет және өзіндік мінез-құлық сызығын талдау дағдыларын дамыту.Тренинг барысында пайдаланылған әдіс-тәсілдер:«Көңілді шеңбер»«Сиқырлы микрофон»«Топтық жұмыс» «Балалардың қауіпсіздігі»«Менің балам қандай» ойыны«Қағаздан адам бейнесін» жасау.«Мен бүгін...» әдісі Тренинг соңында «Мен бүгін...» әдісі арқылы ата- аналардың пікірін тыңдап кері байланыс жүргізілді.
https://www.facebook.com/share/v/16XuPpfU4H/

**Видео**

Байқоңыр ғарыш айлағына 70 жыл толу мерейтойына орай 7 "ә" сынып жетекшісі "Байқоңырым - еңселі елім" атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында білім алушылар Байқоңыр туралы өлеңдерді жатқа айтып, өздері дайындап келген мәліметтермен бөлісті. Байқоңыр қаласындағы "Ғарыш" мұражайымен танысып, ғарышкерлер туралы қызықты ақпараттармен бөлісті.
https://www.facebook.com/share/v/166ntwkCGg/

**Видео**

"Заң және тәртіп" қағидатын іске асыру мақсатында аудандық прокуратурасының аға прокуроры А.Жанесенова, аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы А.Сермағамбетова, Арал аудандық заң консультациясының меңгерушісі Е. Нағашыбаев, полиция бөлімінің ардагері Е.Жүсіпов 8-11 сынып білім алушыларына профилактикалық түсіндірме жұмысын жүргізілді. Мақсаты: Кәмелетке толмағандардың заңды өкілінсіз беймезгіл жүрісінің алдын алу, өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін интернет-ресурстарды анықтау,қылмыстың, бопсалаудың, нашақорлық, лудомания, вандализмнің алдын алу және білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Білім алушылар жол қауіпсіздігіне байланысты сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0sWnNhCR5RvdbPV4fa4XWL6Su8CpXcnYkmvUrr5GPY5RUhKCJ3zz9Sy5PsWYYPVvnl



**«23.04.2025ж»** Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, қазақ халқының мәдениеті мен тарихының ең маңызды өкілдерінің бірі. Оның шығармалары терең философиялық мәнге ие болып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келеді. Осы орайда, мектебіміздің 8 "Б" сынып оқушыларымен ұлы ақын, ағартушы - Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына арналған сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты: қазақ әдебиетінің классигі- Абай Құнанбаевтың шығармашылығын дәріптеу, жас ұрпаққа оның рухани мұрасын таныту және ұлтжандылыққа тәрбиелеу.Іс-шара барысында, оқушылар Абайдың өлеңдерін жатқа айтып, қара сөздерінен үзінділер оқыды, сондай-ақ ақынның сөзіне жазылған әндер орындалып, сынып ішінде көрме ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/share/v/1Br4FXrHAK/

**Видео**

«ШЕКАРАСЫЗ КІТАПХАНА: бүгін біз бірге оқимыз» Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай ұйымдастырылған «Шекарасыз кітапхана: бүгін біз бірге оқимыз» танымдық акциясына жергілікті жердегі танымал ақын - жазушылар, жастар арасындағы қоғам белсенділері, мектеп мұғалімдері кітапхана мамандары қатысты.Толыбай Абылаев - ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Ж.Әбдірашев атындағы республикалық әдеби сыйлықтың иегеріАрал аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы А. Сайлауов Жастар қоғамының белсенді мүшесі Г. Сақтапова. Мектеп директоры А. Сауяев білім алушыларды Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күнімен құттықтап, кітап сүйер қауымға тілектестігін білдірді. Мектеп кітапханашылары білім алушыларды кітапханадағы жаңа көркем әдебиеттермен таныстырып өтті. Қонақтарды топтарға бөліп,

А.Құнанбаев, З.Шүкіров, М.Құттықовтардың шығармаларынан балалармен бірге кітап оқуға тапсырмалар берілді. Қонақтар қонақ кәде жасап, өз шығармаларын оқып, естеліктерімен бөлісті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0XcKiW2kbUQqmsCMb4CsW3FGoiX7G7oAFN41nNsu2xpzFNLTFN2YhuBGqM6V6s3xvl

**Видео**

АПҚО-ның кезекті жоспарына сәйкес «Жасөспірімді қалай түсініп, қабылдауға болады?» тақырыбында 5«А» және 5«Б» сынып ата - аналарымен Ж.Темірхан тренинг ұйымдастырды.Мақсаты: ата -аналарға эмпатияны дамытуға жасөспірімдермен өзара түсіністік пен тиімді қарым - қатынас орнатуға көмектесу.Тренинг барысында ата -аналар балаларының хоббиі мен қызығушылықтарын ортаға салды.Сынып жетекшілері С.Төлемісов пен Н.Теңізбаева ата-аналарға білім алушылардың білім сапасын таныстырды.Тренинг соңында мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова интернет желісінің зияны және ағымдағы мәселелерге тоқталып өтті.
https://www.facebook.com/share/p/16UN4eNaox/

**Видео**

**24.04.2025ж**

24 сәуір күні мектебімізде жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, буллингтің, зорлық – зомбылықтың, ерте жүктіліктің, мопед, көлік жүргізу, интернет қауіпсіздігінің алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысты мектеп директоры А.Сауяев ашып, қазіргі таңдағы белең алып отырған құқық бұзушылықтың түрлері: топтасып төбелесу, жоғары сынып оқушыларының көлік жүргізуі, беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүру, әлеуметтік желідегі қауіпсіздік, бопсалау, әлімжеттік, зорлық-зомбылық және тағы сол секілді құқық бұзушылық әрекеттер туралы жан-жақты айта келе, күн тәртібіндегі мәселелерге кеңінен тоқталды. Жиналыс барысында мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Б.Қалыбекова осы тұрғыда жасалып жатырған жұмыстарға тоқталса, білім алушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары бойынша хабарлама жасаған Ж.Қосымбаева мектеп әкімшілігінен, мұғалімдерден, ата-аналардан құрылған мобильді топ мүшелерінің күшейтілген рейдтік іс-шаралар жүргізіп отырғандығын және ата-аналардың өз балаларының қауіпсіздігіне жауапты екенін естен шығармаулары керектігін айтты. Өз кезегінде сөз алған мектеп ата-аналар комитетінің төрайымы Л.Исаева ата-аналардың бала тәрбиесіне зор жауапкершілікпен қарап, мектеппен тығыз байланыста болу керектігін айтып, мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізіліп жатырған жұмыстарға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02BmFWKLRZuRNe2JUPf9LooPecf8hejeGrysCRGx9m5hrKCpagYPG3AhdAgETNYXwul

 

**28.04.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН.Сәуір айы:«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Сәуір айының төртінші аптасының дәйексөзі: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп»Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0NhYYYtTs9NvEG2SaHdXGmQA9HM6R9zQMfCMrA4R4Hph65BhiMyfDpu7BUvdT3J4Hl

  

**29.04.2025ж**
1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні.3В сыныбында (сынып жетекшісі: С.Сайжанова)«Ынтымағы жарасқан туған өлкем - Қазақстан» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Қазақстан халықтарының ынтымағын, бірлігін насихаттау.Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы - еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.
https://www.facebook.com/share/v/16SJU2pzSs/

**Видео**

**30.04.2025ж**
МҰРАЖАЙ – ТАРИХ АЙНАСЫ Арнайы мамандар ЕБҚ білім алушыларымен жылдық жоспар аясында мұражайға танымдық саяхат ұйымдастырды. Мақсат – жас ұрпақты ұлтжандылыққа, ел тарихын құрметтеуге және мәдени мұраларды бағалауға тәрбиелеу.Оқушылар тарихи жәдігерлермен танысып, өткеннің өнегесін сезініп, ерекше әсер алды.
https://www.facebook.com/share/p/16PqxpzhKs/



1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні1«А» сыныбында (сынып жетекшісі: А.Кикимова) «Бейбітшілік – ел тілегі» атты тәрбие сағаты өтті. Балалар түрлі-түсті бояуларды пайдаланып суреттер салды. Мақсаты: балаларды достыққа, бірлікке, өз Отанын сүюге, тәрбиелеу.Елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі – өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.
https://www.facebook.com/share/v/19NX8r2rqX/

**Видео**

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі, "Барыс" үйірме жетекшісі А.Утегеновтың ұйымдастыруымен мектепішілік "Жас сарбаз" әскерилендірілген эстафета сайысы өткізілді. Сайыс шарттары бойынша үздік нәтиже көрсеткен жас сарбаздар марапаттарға ие болды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/1229725755162302/

**Видео**

«ЖАСӨСПІРІМ», «ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП» ЖПІШМектебімізде 2025 жылдың 10-сәуір - 6-мамыр аралығында өткізіліп жатырған «Жасөспірім», «Құқықтық тәртіп»ЖПІШ-на байланысты кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, оларды болдырмау және темір жол бойында орын алатын келеңсіз төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында білім алушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Кездесу барысында Арал теңізі ст.ЖПб-нің полицейі,полиция аға сержанты Н.Иманбаев Арал теңізі станциясында темір жол бойында орын алатын келеңсіз төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында өткізіліп жатқан профилактикалық іс-шараға байланысты оның мақсаттары мен міндеттері туралы және құқықтық мәдениетті қалыптастырумен қоғамға қарсы мінез-құлықты болдырмау бойынша түсіндірме жүргізілді.Сонымен қатар барлық құқық бұзушылықтарға бей-жай қарамай, оның алдын алу, болдырмау мақсатында полиция қызметкерлеріне хабар беріп, ол фактілер бойынша әкімшілік шаралар көрусіз қалдырмау керектігі туралы айтылды. Сондай-ақ, оқушылардың темір жол арқылы белгіленбеген жер арқылы өтпеуі, темір жол маңына жақын ойнамауы, олардың жолаушылар поездарының терезе әйнектерін

сындырмауы, темір жолға бөгде заттар қоймауы және де темір жол арқылы өту кезінде құлаққап киіп өтуге болмайтындығы тереңінен айтылып сөз болды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02QSZgUqcXyRBpmnYFowPqZk873n9sCN1w76TnbaWVzjuUPToDpH6LnTJB2LiFNwXHl





**01.05.2025ж**
«Т.Г Шевченко атындағы № 13 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бүгін, 1 мамыр - Қазақстан Халықтарынының бірлігі күні. Бірлігіміз бен ынтымағымыз жарасқан еліміз мәңгі жасай берсін! Әрқашан ауызбіршілігіміз мол болып, бейбіт жерімізде аман-есен тыныштықта өмір сүре берейік! Халқымыз аман болсын! Жұртымыз тыныш болсын! Мектепалды даярлық "А" сынып оқушыларының "бірлік" мерекесіне орай салған суреттерін қабыл алыңыздар!
https://www.facebook.com/share/p/1AXMaikJKC/



1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 “А” -5 "Б"сыныбында “Ынтымақ - достық кепілі” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға Қазақстан халықтарының достығы мен бірлігінің маңызын түсіндіру, түрлі ұлт өкілдерінің татулығын насихаттау, ынтымақ пен сыйластыққа тәрбиелеу. Сынып сағаты барысында оқушылар 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні туралы мәліметтермен танысты. Ұлттардың салт-дәстүрлері мен ұлттық киімдері таныстырылып, бейнебаян көрсетілді.
https://www.facebook.com/share/p/15ughoqUfR/




**05.05.2025ж**
САПТЫҚ ЖИЫН.Мамыр айы:«Бірлік пен ынтымақ» айы.Кезекті саптық жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Мамыр айының екінші аптасының дәйексөзі: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп» Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.
https://www.facebook.com/share/p/1BtgPGKBCX/



7 мамыр – Отан қорғаушылар күні.Жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 4«Ә» сыныбында (сынып жетекшісі: Н.Алдоңғарова)«Ер - елінің қорғаны» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.
https://www.facebook.com/share/p/17g4Ep1ZWL/



**06.05.2025ж**
10 "А" сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен "Нашақорлық - адам өмірінің қасіреті" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Білім алушыларға нашақорлықтың адам денсаулығына, психикасына және қоғамға тигізетін зиянын түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, есірткіден аулақ болуға тәрбиелеу және өмірлік дұрыс таңдау жасауға бағыттау.
Тәрбие сағатындағы топтық жұмыстар:Шағын квест: тапсырмаларды орындау "Сәйкестендіру" тұжырымдарды бір-бірімен сәйкестендіру Тәрбие сағатына оқушылар белсене қатысып, зиянды заттарды тұтынбау жайындағы түсініктерін арттырды. Қорытынды сөз: Өмірді таңда! Есірткіден бас тарт!
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/3992766050970395/

**Видео**

7"Б" сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен "Ұлы Жеңіске 80 жыл:естелік, мақтаныш,ерлік" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында:Мұқағали Мақатаевтың "Соғыстың соңғы көктемі" өлеңі Білім алушылар ұлтымыздың қаһармандары:Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова,Мәншүк Мәметова, Мәлік Ғабдуллин, Рахымжан Қошқарбаев батырларымыздың ерліктері туралы айтты Майданнан хат Әлия Молдағұлованың Сапураға жазған хатыннан үзінді Жамбыл Жабаевтың "Ленинградтық өренім"өлеңінен үзінді "Менің атам майдангер". Мектеп түлегі, Ұлы Отан соғысының ардагері Алданов Сауданың қызы Алданова Дина, келіні Айгерім Қарамергенова,шөбересі Саудаева Нұрдина қатысып, атасының елін қорғаудағы ерліктерін әңгімелеп, жыр жолдарын арнады.7 "Б" сынып оқушысы А.Маратов атасының ерліктерін мақтан етті. Қорытынды."Мың тағзым сізге..."
https://www.facebook.com/share/p/16RfAycHPM/



**08.05.2025ж**
9"А" сынып жетекшісі А.Қаржауованың ұйымдастыруымен "Өшпес ерлік - ұрпаққа мұра" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Ыдырыс Қалиевтің 100 жылдығына орай өмір жолын ұрпаққа үлгі ету.
Тәрбие сағаты барысында білім алушыларға ардагердің өмірі мен қызметі туралы таныстырылды.

Ы.Қалиев тек майданда ғана емес, халыққа қалтқысыз қызмет еткен тұлға. Қызылорда өңірінің өркендеуіне қосқан үлесі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0H6S9D1miLqRAFHB5ZLy5CJ4xCNp8cAxniYVtbKD8E7Hzbygj5EeBtB9mrqM3MW9El




9 мамыр - Жеңіс күні 2«Ә» сыныбында (сынып жетекшісі: Э.Альмаханова) жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбындағы тәрбие сағаты болып өтті.
https://www.facebook.com/share/v/16KmSNB45M/

**Видео**

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы карсаңында "Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі" тақырыбында Г.Сағымбаева мен А.Жусупованың ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді.  Тәрбие сағатының мақсаты:Білім алушыларға Жеңістің 80 жылдығы туралы терең мәлімет беру арқылы елдің тарихына, жауынгерлердің ерлігіне құрметпен карауға тәрбиелеу. Ата-бабаларымыздың Отан үшін жасаған жанқияр ерлігін улгі ете отырып, білім алушылардың бейбіт өмірдің құндылығын бағалай білуге баулу.
https://www.facebook.com/share/p/1BYVXJbeu8/




3«Ә» сыныбының жетекшісі Л.Кзаеваның ұйымдастыруым «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.Мақсаты:Білім алушыларға соғыста ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы өжеттік, ержүректілік, отансүйгіштік қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/share/v/12JixndDMtm/

**Видео**

**9.05.2025ж**

Ер есімі -ел есінде.Бүгін жасұландықтар Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық шараға қатысып, ерлікпен қаза тапқан батырларды еске алды. Отан үшін жанын берген қаһармандарға тағзым етіп, патриоттық рухты дәріптеу – әрбір ұрпақтың қасиетті борышы. Біздің жасұландықтардың белсенділігі – елдік пен бірліктің айқын көрінісі.Бүгінгі ұрпақ аталар аманатын қастерлейді.
https://www.facebook.com/share/p/16UcJsa4zB/

**Видео**

Бүгін мектебімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңісті жақындатқан әндер» атты патриоттық әндер кеші өтті. «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері ерлікті дәріптейтін әндер орындап, көрермендерге зор әсер қалдырды.Сондай-ақ, осы айтулы күні болашаққа сеніммен қарайтын жас буын жас ұландар қатарына қабылданды. Білім алушылар еліміздің нағыз патриоты болуға салтанатты түрде ант берді.Бұл шара – батыр бабалар ерлігін ұлықтау, ұрпақтар сабақтастығын жалғау жолындағы маңызды қадам.Ұлы Жеңіс – жүрегімізде, ұрпақ жадында мәңгі сақталады.
https://www.facebook.com/share/p/1AtKK1Y5e6/

**Видео**

**12.05.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН Мамыр айы:«Бірлік пен ынтымақ» айы.Кезекті саптық жиын.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Мамыр айының үшінші аптасының дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі. https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02GZJqe2mnKmmtxZZpB7Q5GLFhEsUjbBLjXoJyY8MUvWZ1hdTnUFaSSDMzWJ8sASPFl





Мектебіміздің психологы Г. Альжанованың ұйымдастыруымен «Бақытты ана болудың құпиялары» тақырыбында тренинг өткізілді.Мақсаты: бақытты ана болудың мәні мен мазмұнын және өз мінез-құлқыңызды түзету мүмкіндіктерін түсінуге көмектесуМіндеттері:ана болуды өмірдің жауапты кезеңі ретінде түсінуге ықпал ету, баланың бақытты болуына көмектесетін әйелдің жаңа қырларын, мүмкіндіктерін, қабілеттерін ашу;ана болуға еніп кеткен әйелді өзіне деген құндылық қатынасына ынталандыру;өзінің физикалық және психикалық жай-күйін реттеу және қалпына келтіру дағдыларын дамыту.Тренинг барысында пайдаланылған әдіс-тәсілдер:«Жүрек жылуы»,«Сезімді тап» ойыны,«Ой қозғау»,«Сұхбат әдісі»,«Айна жаттығуы»,«Сурет арқылы ой бөлісу»,«Ретімен орналастыр» жаттығуы,«Сиқырлы хат» әдісі Тренинг соңында «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы ата- аналардың пікірін тыңдап кері байланыс жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/682676051074898/

**Видео**

Мектебімізде кезектен тыс ата-аналар жиналысы өткізілді.Күн тәртібінде:1. 9-сынып қорытынды бітіру және 11-сыныптың мемлекеттік бітіру емтихандарының өткізілуі2. Су қауіпсіздігінің алдын алу3. Жазғы демалысты тиімді ұйымдастыруКүн тәртібіндегі мәселелерге байланысты мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Сатыбалдиева мектеп бітіру емтихандарының өткізілу барысын айтты.Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова су айдынындағы қауіпсіздік туралы айтса, әлеуметтік педагог Ж.Темірхан балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жұмыстары жөнінде кеңінен тоқталып, түсіндірме жасады.Сонымен қатар, оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыру, бітірушілердің өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытындағы бірлескен шаралар туралы айтылды. https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid027hNAAGzPR6Abr3iMMfo46NAWo3z2RkEAmuinsFYi1FJFXVW52SPBDc4PUvwLdSeKl




**14.05.2025ж**

СУ АЙДЫНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКЖазғы демалыс қарсаңында бастауыш сыныптарда «Судағы қауіпсіздік»тақырыбында сынып сағаттары өтті. Балалар жазда қалай және қайда демалатыны туралы қуана айтып берді. Жазда шомылу маусымының керемет уақыты басталады. Көптеген адамдар күн сәулесінде демалу, қыздырыну, шомылу үшін теңізге, көлге барады. Алайда, егер сіз суда жүзудің қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамасаңыз, демалыстың соңы аянышты аяқталуы мүмкін. Сондықтан судағы қауіпсіздік тақырыбы балаларға өзекті және қызықты болды.Сынып сағатында балалар қауіпсіздік ережелерінің шағын тізімін жасады. Міне, олардың кейбіреулері:Суға құлап кету қаупі бар жерлерде

тұрмаңыз немесе ойнамаңыз.Ешбір жағдайда бейтаныс жерлерге сүңгуге болмайды. Өйткені, оның түбінде не бары белгісіз.Қалқымалардың артында жүзуге тырыспаңыз!Кемелерге жақын жүзуге болмайды. Сізді бұрандалардың астына тартып кетуі мүмкін.Үйде жасалған салдарда немесе басқа жүзу құралдарында жүзуге тырыспаңыз. Олар сіздің салмағыңызды көтере алмауы немесе аударылуы мүмкін.Үрлемелі матрацтар мен камералардан алыс жүзуге болмайды. Егер матрац немесе камераны үрлей бастаса, сіз олармен бірге су түбіне қарай жүзе аласыз.Табиғатта, суда демалу - денені сауықтырудың сиқырлы құралы. Егер, біз бәріміз суда жүріс-тұрыстың қауіпсіздік ережелерін сақтасақ, демалысымыз сәтті әрі көңілді өтеді.Қиындық болмас үшін - судың жанында абай болыңыз!
https://www.facebook.com/share/p/16bb4NkVUb/




ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС Бүгін мектебімізде өндірістік жиналыс өткізілді. Мектеп директоры А.Сауяев күн тәртібінде бірнеше мәселені қарастырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиын барысында педагогтерге қоғамдық орындарда, әлеуметтік желіде педагогикалық әдеп ережесін қатаң сақтауды, жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру және бала қауіпсіздігінің алдын алу шараларына аса жауапкершілікпен қарау керектігін, 4,9,11 сынып ата-аналарынан заңсыз ақша жинауға қатаң тыйым салынатындығын ескертті. Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Сатыбалдиева аралық және қорытынды аттестаттауға дайындығы туралы хабарлама жасады. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Қалыбекова жаз мезгілінде білім алушыларға суға шомылу қауіпсіздік ережелеріне түсіндірме жұмысын өткізу керектігін, әлеуметтік желіні пайдалану тәртібі және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға шақырды. Әлеуметтік педагог Ж.Темірхан жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру бойынша түсіндірме жасады.
https://www.facebook.com/share/p/15wGMX5h65/




**15.05.2025ж**

Отбасы - жан тыныштығы мен жылулық мекені. “Отан отбасынан басталады” демекші , бала бойында ар-ұят, ақыл-ой, адамгершілік пен мәдениеттің қалыптасуында отбасының маңызы зор.
Сынып жетекші А. Сердалиева 5 “ә” сыныбына “Отбасылық дәстүрлер” тақырыбында сынып сағатын өткізді. Сабақ барысында оқушылар өз отбасыларының дәстүрге айналған әдет-салттарын көрсете отырып, отбасындағы ата - аналарынан көрген өнегелерін мақтанышпен айтты. Кітап оқу, газет оқу кейбір отбасылар үшін күнделікті дәстүрге айналған болса, кейбір отбасылардың жылдың бір күнін отбасылық фотосессияға, серуенге арнауды әдетке айналдырғаны көрінді. Сабақ соңында сынып жетекші А.Сердалиева мұндай отбасылық дәстүрлердің бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталып, “Мен отбасыма” тренингімен сынып сағатын түйіндеді.
https://www.facebook.com/share/p/1C1tETfVii/




**16.05.2025ж**

Мектебіміздегі 8 "Б". оқушыларына жазғы демалыс қарсаңында судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру мақсатында сынып жетекші А. Мусаева су қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді. Оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі су айдындарында қауіпсіздік сақтау ережелері туралы жан-жақты ақпарат берілді.Түсіндірме жұмысының негізгі мазмұны:* Суға тек рұқсат етілген, арнайы жабдықталған орындарда түсу;* Қауіпті және тыйым салынған жерлерде шомылмау;* Жүзуді білмеген жағдайда құтқару құралдарын қолдану;* Суға түспес бұрын жаттығу жасау және денені қыздыру;* Қатты ағысқа, белгісіз тереңдікке жақындамау;* Төтенше жағдай кезінде не істеу керектігі жөнінде нұсқаулықтар;* Құтқару қызметінің нөмірлері (112) туралы мәлімет берілді.

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02Ag2hraLstER2ZcEZV6keq876e3NnntrCsnKPDdyp25NJsDPP5FsbpwKb9haimHcSl



**19.05.2025ж**

САПТЫҚ ЖИЫН.Мамыр айы:«Бірлік пен ынтымақ» айы.Кезекті саптық жиын

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды.Мамыр айының төртінші аптасының дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»Саптық жиында мектеп директоры А.Сауяев жетістікке жеткен білім алушылардың марапаттарын тапсырып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.

https://www.facebook.com/share/p/1BRb7iY65k/



**20.05.2025ж**

ӘКЕМ – ТІРЕГІМ, АНАМ – ЖҮРЕГІМ!

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Қазақстан балалары» атты облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес 22 мамыр күні «Мен және менің отбасым» тақырыбында тренинг өткізілді.

https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02vGuRJNfMHWqpQGrKu8qN5KmmwZTF5R7cmd1uNQx2jbGSY14CgFxY4QN79qWX1govl



2025 жылы 23 мамырдағы «Профилактикалық күніне» байланысты кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, оны болдырмау және темір жол бойында орын алатын келеңсіз төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында білім алушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://www.facebook.com/share/p/1919FzWjQV/





**23.05.2025ж**

2025 жылғы 23 мамыр күні мектебімізде «Мектебім, саған мың алғыс!» атты мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты жиын өткізілді.
https://www.facebook.com/share/p/15Hg4KqJTs/



23 мамыр күні бастауыш сыныптарда «Білімім – Отаныма!» тақырыбында сынып сағаттары болып өтті.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02LUFoF7Ya7BBWCYTtYzhXt1pnukBMHo2vgAZuzHswp2zeEufs1c7drGVTwMVbeE7ql

**Видео**

6"Б' сынып жетекшісі С.Қалағаеваның ұйымдастыруымен "Білімім-Отаныма" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
https://www.facebook.com/share/v/177hirXuVm/

**Видео**

"Білімім-Отаныма" бірыңғай тәрбие сағаты
Білім алушылардың жыл бойғы жеткен жетістіктері аталып, белсенді болған оқушыларды марапаттады. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде "Білымым - Отаныма" біріңғай тәрбие сағатында ұйымдастырылған эссе байқауларының үздіктері марапатталды. Топтық жұмыстар жасалып, оқушылардың ой – пікірлері тыңдалды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid06ZxZU3EfPQu2qVuweX3bYFPbuYa3jtiMjE4K4n6wdVpakKX4evzwh7N6H2HSqdx1l

**Видео**

10"А" сынып жетекшісі С.Тоқанованың ұйымдастыруымен білім алушылардың білімге қызығушылығын арттыру, Отанға деген сүйіспеншілікті ояту, білім алудың ел болашағы үшін маңызын түсіндіру, сыныптағы жыл үздіктерін марапаттау мақсатында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/share/p/1Bkuvi5cZV/

**Видео**

«Білімім – Отаныма!» республикалық бірыңғай тәрбие сағаты7«А» сынып жетекшісі А.Кемалова білім алушылардың білімге құштарлығын арттыру, жетістіктеріне талдау жасады оқушылармен Отан алдындағы жауапкершілік, білімнің маңызы, тұлғалық даму және Қазақстанның жарқын болашағына қосар үлес жайлы мазмұнды сұхбат жүргізді.
https://www.facebook.com/share/v/1LhKhNdEJk/

**Видео**

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Қазақстан балалары» атты облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес Аудандық медициналық жедел-жәрдем станциясының мамандары "Алғашқы көмек көрсету алгоритмі" тақырыбы аясында түсіндерме жұмыстарын 4 бағыт бойынша жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/18xFJSaaqM/




Жаз - балалардың асыға күтетін тамаша мезгілі.
Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы ойын лагері ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid0273NMeT8q8oKcFDa8SgNhaszJXVypdEJE3nvLxYNRJwffc6gHFy9wcWNzfwXsuoRAl



Информатика пәнінің мұғалімі А.Төрахметованың ұйымдастыруымен балаларды онлайн-қатерлерден қорғайтын арнайы қосымшалар мен сервистер бойынша тұсаукесер өткізді.
https://www.facebook.com/share/p/1Chg3X83H7/




1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қазақстан балалары» атты облыстық іс-шаралар жоспарының 22 - тармағына сәйкес, информатика пәнінің мұғалімі Ф.Ерешеваның ұйымдастыруымен «Ақпараттық қауіпсіздік ережелері бар ақпараттық» бүктемелер таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/videos/2173221996436868/

**Видео**

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, «Қазақстан балалары» облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес информатика пәнінің мұғалімдері С.Сапарғалиева мен А.Бижанованың ұйымдастыруымен білім алушыларға интернет желісіндегі қауіптер, жеке деректерді сақтау, әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану, онлайн алаяқтардан қорғану және кибербуллингтің алдын алу жөнінде маңызды ақпараттар берді.
https://www.facebook.com/aral13mektep/posts/pfbid02BP6f1boM2dXoWZRC8KhdEngUjD7j23rFJM3wDHqpdqcYkBcpdYzVr8zodCmNNyysl



Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында білім алушылармен бірге аудандық «Балықшылар» мұражайына саяхат ұйымдастырылды.
https://www.facebook.com/share/p/1HPAErF4ka/

